


Ерсыланбек
СМАҒҰЛОВ



ҚОС
шынар





Бұл кітап саналы ғұмырларын оқу – ағарту
ісіне, ұрпақ тәрбиесіне арнаған, жандары
жайсаң, жүректері дархан, рухани ұлағатты
әкем мен шешеме арналады

«Қазына»
Алматы
2025

УДК 821.512.122
ББК 84Қаз-44
Қ 85

Қ 85

СМАҒҰЛОВ Е.Қ.

ҚОС ШЫНАР: әңгімелер мен эсселер.

Алматы: «Қазына» баспасы, 2025. – 160+16 жапсырма бет.

ISBN 978-601-7052-12-6

Бұл кітап саналы ғұмырларын оқу – ағарту ісіне, ұрпақ тәрбиесіне арнаған, артынан өнегелі істер мен із қалдырған, шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген, халқының алғысына, көпшіліктің ризашылығына бөленген, жандары жайсаң, жүректері дархан, рухани ұлағатты әкем мен шешем арналады.

Тарих парақтарында осы ардагер ұстаздар қалдырған білім ордасының бүгінге дейінгі жетістіктері өскелең ұрпаққа шежіре болып қалды.

Әкем өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылығы мен жанына жақын тарта білетін жылулығы, өмірде ұмытылмастай есте қалды.

Өлшеулі өмірлерін өнегелі өткізген әке – шешемнің отбасы, өмірі мен қызметі жайлы жанұясының, бауырлары мен жақын туыстарының, бірге қызмет жасаған әріптестері мен жерлестерінің сағынышқа толы естеліктері кітапта жазылған.

Балаларының ата – анаға деген махаббаты, шексіз сүйіспеншілігі мен сыйластығы, ізеті мен құрметі, үлгі – өнегесі кітаптың мазмұнын байытып, құндылығын арттырып тұр.


УДК 821.512.122
ББК 84Қаз-44

ISBN 978-601-7052-12-6

© СМАҒҰЛОВ Е.Қ., 2025.

СМАҒҰЛОВ

Ерсыланбек Қуанышбекұлы



ҚОС ШЫНАР

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы
Халық даналығы

АЛҒЫ СӨЗ

Ұстаз – ұлағатты есімнің иесі. Адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты. Ұстаз білім бере отырып, өмірдің қиындықтарына төзу керектігін, мойымау қажеттігін үйрететін жан. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейді. Әлемнің сан қилы қыры мен құбылыстарын да мұғалімге қарап танимыз.

Менде әке–шешемнің жолын қуып ұстаз болуды армандадым. Он жылдықты бітірген жылы: «Қай оқу орнына түскін келеді?» деп әкем сұрағанда, Қарағанды қаласындағы мемлекеттік университеттің химия факультетіне барғым келетінін айттым.

– Балам, мен өзінді мақтан тұтам, болашақ мамандығыңды өзің таңдап, жоғары оқу орнына барамын – деп, әке – шешенді қуантып жатсың. «Қолымнан келер көмегімді жасаймын» деген еді.



Шәкірт ұстазға қарап өседі. Ол ұстазының берген тәрбиесін, білімін, кеңесін алады. Дана Абай айтқандай: «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, қай ұстаз болмасын, өзінің шәкіртінің болашағын ойлайды ғой.

Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер де бәрі бір адамға қарыздар. Ол – алғашқы ұстазы. Менің сүйікті алғашқы ұстазым – Тілеукеш апай болатын. Алғаш «Әліппенің» бетін ашып, әріп танытқан, мектеп табалдырығын қорқынышпен аттаған кезімде, өз мейірімділігін көрсетіп, ең алғаш қолыма қалам ұстатқан, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болған, адамгершілікке баулыған ұстаз бейнесі көз алдымда. Ойыма ой қосып, маған бар ықыласымен білім берген ұстаздарыма алғысым шексіз. Мектебімізде сабақ беретін ұстазым Исина Шайза апайдың пәнін, химияны жақсы көрдім. Апайым химияны тандағаныма қуанды. Қарағандыға оқуға түсуге барғанда, әке-шешеммен бірге Шайза апайда барды. Ұстаздарымның тілеуі қабыл болып, жоғары оқу орнына тоғыз балдық жүйемен (емтиханды екі сабақтан ғана тапсырады) оқуға түстім.

Алайда оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, талмас еңбекқорлық, таза ниет керек. Осы орайда біздің мектебімізде дәл осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздарым да жетерлік болды...

Алға қойған мақсатым орындалып, жоғары білімді дипломға қол жеткіздім. Мен «Химик және химия пәнін оқытушы» мамандығын алып шықтым. Алғашқы ұстаздық жолымды өзім оқыған «Айыртас орта мектебінен» бастадым. Менің жолдасым да мұғалім. Әке-шешемізбен бірге бір мектепте «ұстаздар әулеті» болып жұмыс жасадық.



Осы мектепте 25 жасымда директор болдым, интернат меңгерушісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым.

Оқу бітірген жылы жолдасым екеуміз Жамбыл қаласына «Суперфосфат» зауытына жолдама алған едік, ол кезде інім Жеңіс азаматтық борышын өтеуге армия қатарына алынған. Қарындасым Назым медициналық училищеде оқыды. Гаухар қарындасым Қарағандыда жездем Ертай мен Гүлшара апамның үйінде қалада оқыды. Ағам Нұрсыланбек, жеңгем Банумен бірге Қарағандыда тұрды. Әке – шешемнің қолында ешкім болмаған соң мен ойланып қалдым. Өздері әжептәуір жасқа келіп қалды. Үйде мал – жан бар, оған күтім керек. Сырттағы ел – жұрттың сөзіне қалмас үшін, мен жолдасыммен ақылдасып осында қалуды ұйғардық. Ондағы ойым, ата – анам тәрбиеледі, өсірді, жетілдірді, ендігі міндетім көзі тірісінде ардақтыларымды қадірлеу, азаматтық парызымды өтеу, үміттерін ақтау...

Мейрамбек ағам: «Сен қазір қара шаңыраққа ие болып отырсың, бұл үлкен жауапкершілікті қажет етеді» дейтін, содан біз ауылда он бір жылдан астам уақыт әке–шешеміздің жанында болдық.

Қазір мектепте қызмет жасағаныма қырық бір жылдан асты. Жұбайым, Көкшетаудың қызы, есімі Айсұлу. Отасқанымызға биыл қырық бір жылға аяқ басты. Қазір, ұстаз – зейнеткер, ұстаз – әже, ұстаз – ене. Алла берген, үш ұлымыз, келіндеріміз, немерелеріміз бар. Келіндерім өзімізге қызымыздай болды. Оғанда шүкіршілік. Алла бергенін тауыспасын.

Әкем көтерілген биікке жеттім бе, жетпедім бе, білмедім, бірақ арманын орындадым деп есептеймін. Мен қазір әкем жүрген адалдық жолындамын. Мейлі қандай жетістікке жетсем де, әке – шешемнің ниеті деп білемін.

Қолыма қалам алып, ардақты ұстаздар – аяулы әкем мен шешем туралы, ерекше мейірімді жандардың өнегелі өмірі мен берген тәлім–тәрбиесі жайлы, ішкі жан дүниемде, есте қалған балғын ойларымды көпшілікке баяндап, кітап жазуды армандаған тілегім орындалып, менің арқамнан бір жүк түскендей, мақсатыма жеткенім – ақиқат.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз бар. Бар саналы ғұмырын бала болашағына арнаған қос шынардың ұстаздық ұлағаты – осының айқын дәлелі. Олардың ұстаздық жолындағы төккен тері мен атқарған ерен еңбегі мен шәкірттеріне шашқан шуағы ешқашан ұмытылмайды.

Әкеміздің дүниеден өткеніне қанша жыл өтсе де, біздің жүрегімізде, көз алдымызда әкеміз аңқылдаған бала мінезді, жылы жүректі, мейірімді жомарт жан болып қала береді...

Автор

БІРІНШІ БӨЛІМ



Естелік жазу айтуға оңай болғанмен, біге күрделі қиып тарап. Естелік жазу еланышқа әкелді, сағынға келе сары уайым а айшанды, уайым ұлтқа келе...

Мен біртүз ақын, жатушылардың естеліктеріні салғаным бар. Солардан кейін үкіметке «Дүниеден өткен адам туралы тек қана жақсы сөздер айту керек, не ештеңе айтуу керек». Бұл пікірім, дәлелсіздік қисмет етпейтін керек.

Құрметті ақын, жатушылардың естеліктеріні жазуға, біге көп мерзімді қалың біге бермейтініміз өкінішті-ақ. Әмірдің қамшының сабына...

ЕСТЕЛІКТЕР

Жаманның ғұмыры шағым мен арыздан тұрады,
Жаксының ғұмыры қарыз бен парыздан тұрады.

Халық даналығы



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АҒАМ

Жаратқанның сыйы берілген бағыңа бұл,
Сүйе біл, жек көре біл, сағына біл!

Естелік жазу туралы идеяны алғаш рет
інім Ерсыланбек ұсынды. Бірде кешке қарай
телефон шалды да өзін толғантып жүрген
бір тамаша ойын жеткізді «Меке, көп жерден
көріп жүрмін, жұрт ата – бабалары, әке –
шешелері, ағалары, апалары туралы естеліктер
жазып, кішігірім он – он бес баспа табақтай
кітап жазып шығарып, үйлерінің төрінен орын
беріп қойған. Мұндай игі іс келер ұрпаққа үлгі
болатын тамаша шара. Біз жазбасақ, бізден
кейінгі ұрпақ ата бабаларының кім болғанын
білмей кетпей ме? Біздің естелік жазатын
адамымыз жоқ па еді, біздің әке шешелеріміз
ондай құрметке лайық емеспе деген ой мені
жиі мазалайды және қатты толғандырады,
сондықтан менің әкем туралы, сіздің ағаңыз
туралы естелік жазайық. Сол кісіге арналған
естелік біздің жасаған мәңгілік ескерткішіміз
болсын». Мен бірден «келістік» – деп уәдемді
бердім.



Естелік жазу айтуға оңай болғанмен, өте күрделі қиын шаруа. Естелік жазу сағынышқа әкеледі, сағыныш келе сары уайымға айналады, уайым ұлғая келе....

Мен біраз ақын, жазушылардың естеліктерін оқығаным бар. Солардан менің ұққаным «Дүниеден озған адам туралы тек қана жақсы сөздер айту керек, не ештеңе айтпау керек». Бұл аксиома, дәлелдеуді қажет етпейтін нәрсе.

Күнделікті күйбең тірліктің қамымен жүріп, біз көп нәрсенің қадірін біле бермейтініміз өкінішті-ақ. Өмірдің қамшының сабындай қысқа екенін енді ғана сезінгендейміз.

Ағамның көзін көрген, істес болған ел азаматтары барда, оның ешқашан ұмытылмайтынын көңілге медеу етеміз. Бұйырса, Алла жазып ол кісі туралы естелік кітап шығып жатса, ол кісіні бір әулеттің ұрпақтары мәңгілік есінен шығармасына, ұмытпасына мен күмәнсіз кепілдік бере аламын. Әулет ұрпақтарының әр отбасында, үйінің төрінде ол кісінің суреті мен қатар әріптестері, қатарластары, ағайындары, іні қарындастары жазған естелік кітап тұрса, сол үрдіс ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсе, ағамның бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес.

Қазақта «Адам баласы жерленген күні емес, ұмытылған күні өледі» – деген сөз бар. Сондықтан ағамыздың, әкеміздің есімін ұмыттырмай, атын тарихта қалдыру үшін, қанша басылым болса да, осы естелікті жазуға кірісіп кеттік.

Атамыз Смағұлдан үш ұл, екі қыз туады. Үлкені Мүсілімбек екінші дүние жүзілік соғысқа қатысып, одан хабарсыз кеткен. Одан ұрпақ жоқ. Екінші ұлы Мұсылманбектен үш ұл екі қыз. Мен сол Мұсылманбектің ең үлкенімін. Қазақтың ұрпаққа өнеге болатын салт – дәстүрі бойынша, әжем Қадидша марқұм мені алты айлық кезімде бауырына басып, өз қолында тәрбиелеген. Әжем өте ақылды, сөзге шешен кісі болған. Әжемнің қасиетін



байқаған, өсиетін тыңдаған немерелері, ағайын, туыстары, ауыл аймақ ұлы анамды әлі күнге дейін ұмытқан жоқ. Көзін көргендер осы күнге дейін әжемнің қадір – қасиеттерін нәсихаттап отырады. Ол кісі мені өтірік айтпауға, қандай ащы болса да шындықты айтуға, ешкімнің ала жібін аттамауға, жағымпазданып ешкімге жалтақтамауға, қолыңнан келсе елге қамқорлық жасауға үйретіп өтті.

Әжемнің бейнесі менің бойымдағы титтей болса да мейірімнің, ізгіліктің, халыққа деген сүйіспеншіліктің бастауы, қайнар көзі.

Соғыс кезінде өз қолымыз, өз аузымызға жетпей, жоқшылыққа қарамай, жер ауып келген немістің бір баласын (өзі Етке дейтін, дұрысы Эдуард) бір күз, бір қыс бойы асырап, аш қалдырмай, қойдың терісінен жарғақ шалбар, тон тігіп беріп, аман алып қалдым деп отыратын. Сол Эдуард әжем қайтыс болғанда (1964 жыл. 20-шы наурыз) біздің үйге келіп көңіл айтып, жерленген жері Жіңішке бойына дейін барып қабіріне өз қолымен топырақ салып кетіп еді. Мен ол кезде әлі жаспын, оның не ойлап келіп, не ойлап кеткенін мен пайымдай алған жоқпын. Эдуардтың қызы Татьяна Эдуардовна Бирюкова Балқашта учаскелік терапевт болып қызмет істейді. Әкесінің әлгі жағдайын ол да біледі, Балқашқа барған сайын кездесіп қауышып тұрамыз.

Мектеп табалдырығын аттағанша, әжем мені арқасына салып алып, қонаққа да бірге ертіп баратын, жылы жұмсақтың, тәттінің бәрін менің аузыма тыға беретін, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай аялап өсірді. Әжемнің арқасында мен 18 жасыма дейін әкем мен шешемді мойындаған емеспін «Сенің әкең де мен, шешең де мен» - деп отыратын. Паспорт алғанда кім екенімді бірақ білдім. Осы күндерге дейін айтқан сөздері, іс қимылы көз алдымда, мәңгі есімде. Аналарыма жақсы болып



өсемін деген уәде, аналардан қалған сол өсиет, мені үнемі алға жетелеп отырды. Елге деген махаббат, әлемді сүю, сол аналарымызға деген үлкен сүйіспеншіліктен басталады екен, ананы сүю – әлемді сүю екенін түсіндім.

«Рамазан айында дүниеден өткен адамның артынан жыламан­дар, оларға жұмақтың қақпасы әрдайым ашық» – деген пайғамбардың хадисінде сөз бар екен. Ләйім солай болса екен. Менің аяулы әжемнің осы күнге дейін жұмақта екеніне кәміл сенемін.

Ағатайым Қарқаралы педучилищесін бітіріп, Шұбартау совхозының Таң (Қусақ) бөлімшесінде оқу ағартушылық қызметін бастады. Тілім шыққан соң, әжем маған «Мынау ағатайың, мынау кіші ағатайың («Шайза апайым»)» – деп үйретіп қойған болатын. Үйде үшеуіміз ақ тұрамыз, кішігірім екі бөлмелі мектептің бір жақ бұрышы болатын. Ағамның тапқан таянғанына күн көрген едік. Есім кіре келе күндердің күнінде біздің үйге қазаққа ұқсамайтын, қазақша тіл білмейтін, бір орыс қызы келгіштей бастады. Бұл 1954 жылдың күзі еді. Кейін түсінгенімдей Кеңес одағының тың игеру саясатының ықпалымен сонау Мордовиядан арнайы жолдамамен «Таң» орташа мектебіне, орыс тілі маманы ретінде келген Александра Николаевна еді. Артынан бұл қыздың біздің үйге келін болып түсіп, мен үшін анамның орнына ана болған, аяулы, ардақты анама айналатынын мен білмеген едім.

Есім енді кіре бастағанда келесі жылы жазға қарай біз Қусақтан Жіңішкеге түйе арбамен көшіп келе жаттық. Әжемнің үлкен қызы Күләй марқұм, күйеуі Қабыкей Баймағамбетовпен Ақшқолда тұратын. Көш түйе жегілген арба, арба үстінде әжем мен апатайым үшеуіміз. Ағатайым көштің алдында атқа мініп түйені жетектеп келе жатқан. Маған ұшы қиырсыз көрінген дала бігіп, Желтаудан аса бергенде, Жіңішке өзені

көрінген бетте, сағынышын жасыра алмай ата-мекенін көрген ағатайым бір тамаша әнге басты. Әлі күнге дейін әннің алғашқы шумақтары есімде. «Аққұмның бір қызы бар, Іңкәр деген» – деп басталатын өлең даланы күңіретіп жіберді. Әннің әуезі қандай тамаша! Мен әжеме қараймын «кім әндетіп келе жатқан» дегендей, әжем маған: «ағатайың ғой әндетіп келе жатқан» деп маған жымия қарайды. Мен түсіне қоймаған шығармын, әлде әннің ұнағаны ма, әлде ата – жұртын көрген бетте, бүкіл бойын сағыныш кернеген сәт болса керек, әжем көзіне жас алды. Әр жаз шыға бере Жіңішкеге жайлауға көшіп келетінбіз. Бір қыс әзер шыдап ағатайым да әжем де, елге деген, жерге деген сағынышын жасыра алмай, көңілдері босай берді.

Сағыныш – қазақи қоғамда ең ұлы қасиетті түсініктердің бірі. Ағайын – туысқа, елге, ата – жұртқа деген сағыныштан жас – ұрпақтың бойында сәулелі сезімдер туады. Сол көште алғаш естіген ән, сәби жанына қатты әсер еткені соншалықты, осы әннің мәтіні де, сөздері де әлі жадымда. Осы әнді әлде бір жерде ести қалсам, есіме бірден сол көш, түйе арбаны жетектеп келе жатқан атқа мінген ағам түседі, сол сәт әлі күнге көз алдымда. Осы әнді естігенде қазір де толқып кетем, жанарыма жас үйіріледі. Сағыныш!!!

Жаныңа жақын адам туралы естелік жазу өте қиын дүние. Тұлғаның шын бейнесін сомдау үшін, әр сөзді орнымен қолдану өте маңызды. Менің мақсатым осы естелікте ағамды жер көкке сыйғызбай мақтау емес, оған әділ әрі дәл баға беру. Бос мақтаулар сол адамның тірлікте, қадірі болмағандай әсер қалдырады. Өмірде шын бағасын ала алмағандай өткеннен өш алғысы келетіндер болады ғой. Мен мұндайға түбегейлі қарсымын. Мұнымды ағамда қаламас еді. Ағам көзі тірісенде қолдаудан да, қолпаштаудан да кенде болған емес. Төзімділігіне, шыдамдылығына қарамастан ағам өзі



туралы мақтау мен мадақтауға аса сақ қараушы еді. Әйтпесе мақтауға да, мадақтауға да тұрарлық ізгілік істері көп болатын. Алыстағы малшылардың балалары интернат болмағандықтан, мектепте оқу үшін жатын орын іздейтін. Туыстың жақын алыстығына қарамай ақ, солардың көбінің балалары біздің Шылымдағы аядай екі бөлмеде өзімізбен қатар жатып оқитын. Біздің үйде кімнің баласы жатып оқымады. Кейіннен Қазақ ССР Жоғары кеңесінің депутаты болған Зәрубек Ұйқасбаев, Мақсұт ағамыздың балалары Нестай, Изатай, Мәдеш жамағайынның қызы Бақыт, жақын туыстарымыз Зағия, Жақан, Хамит т.б. біздің үйде жатып оқыды ғой. Солардан ешқандай ақы сұрамай ақ, өз балларымен тең ұстап, солардың ел қатарлы білім алуына қол үшін беріп көмектескен ағамның пейілінің кіршіксіз таза, жүрегі кең адамгершілігінің зор екенін айғақтайтын жәйттер еді. Ауылда мектеп бітіргеннен кейін, жоғары оқу орнына түсеміз деген ниетін сезіп, қаншама баланы ағам Қарағандының пединститутына, Сарандағы педучилищеге өз қолымен жетектеп апарып, оқу орнына түсіп кетуіне көмектескен еді. Солардың көбі осы күнге дейін ағамның асқан адамгершілігі туралы жыр қып айтады, аса ризашылығын білдіріп, кездескенде жылы сезіммен сүйсіне отырып есіне алады. Оны тағы өз ауыздарынан естірміз.

Ағам мақтауға масаттанатындардың қатарынан емес еді, бетке мақтауды жаны сүймейтін, ондай кезде кірерге тесік таппай қалар еді ау! Олай болса шындықты бұрмалап ағамның бет бейнесін өзінің қалауынша сомдап шықсаң, оныма ағамның рухы разы болмас еді. Оның бейнесін сомдау үшін ештеңені ойдан құрастырудың қажеті жоқ. Ол өмір бойы ел алдында жүрді. Асқан адамгершілігі, парасаттылығы, кеңпейілділігі, ізгілікке жақын тұратын қарапайымдылығы, өз жұртына көзі тірісінде белгілі еді. Өзі өскен ортасы әділ бағасын тірісінде



беріп үлгерген еді. Халқын өзі қалай сүйсе, халқыда оған содай құрмет көрсетті. Қанша жыл мектеп басқарып жүрсе де, өмірінің соңғы жылдары Ауылдық кеңестің төрағасы болып жүргенде де, өз биігінен көрініп жүрді. Адал еңбегімен, маңдай терімен, терең біліктілігімен, азаматтық парасатымен қоғамда өзіне лайықты орын алды. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды, өзі арамызда болмаса да, көзі қалды. Ең үлкен бақыт сол шығар.

Ағамның табиғаты кең еді. Ешкімді күндемейтін, ештеңені қызғанбайтын, еш уақытта пендешілікке ұрынбайтын. Ішкі мәдениеті өте жоғары болатын. Қысқа күнде қырық құбылуды білмейтін, жағымпаздыққа жаны қас адам еді. Қолында билігі бар адамдарға жайылып жастық, иіліп төсек болатын қасиеттерден ада еді. Бас пайдасы үшін қарым – қатынас жасауға ұмтылмайтын. Әйтпесе біздің үйде небір үлкен аудан басшылары қонақ болып дәм татпады дейсіз. Аудандық оқу бөлімінің жай инспекторынан бастап, облыстық оқу бөлімінің бастықтарына дейін ауылға келсе, біздің үйде қонақ болмай, бір қонбай кетпейтін. Аудан басшылары да ағаммен ақылдасып, кеңесіп, келіп – кетіп жүруші еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамда приватизация (прихватизация) деген кесел пайда болды. Әр ауылдағы кішігірім бастықтар өз мекемесіне қарасты ауылшаруашылық техникаларын, совхоздың тағы басқа мүліктерін қалталарынан бір тиын шығармай тегіннен тегін иемдене бастады. Сол кезеңде бір күзде мен ауылға барып ағамның ауылдық кеңеске берілген автокөлігін өз атыңызға жаздырып неге алмайсыз деп сұрағаным бар. «Жасынан адамның ала жібін аттама» деген принципті өте берік ұстайтын ағам азарда - безер болып, ондай іске мен бармаймын деп өзіме ренжігендей болды. Менің артыңыздан келе жатқан ұрпақ бар, «өзіңіз мінбесеңіз балаларыңыз мінеді ғой» деген сөзіме құлақ

аспады. Артынан сол автокөлікті үкіметке тапсырғанын естідім. Осы бір кішкентай ғана өмірден алынған эпизод ағамның арының таза екенін, бос келген дәулетке қызықпайтын, қарапайым қазақы бейнесін көрсетпей ме?

«Жақсылық жасаған адамның бәрі жақсы адам емес» дейді қазақ. Жақсылықты жақсы адам да, жаман адамда жасай алады. «Жақсы адам» деп, жамандық жасай алмайтын адамды айтады қазақ. Менің ағам біреуге мынадай жамандық жасады деген сөзді өзінің қатарластарынан да, әріптестерінен де естіген емеспін.

Қазақта жақсы әйел жарты бақыт деген сөз бар. Ағамның жары Александра Николаевна (Біз өз арамызда Шукең деп кеткенбіз) сондай жарты бақыт бола білді. Сонау Европадан он тоғыз жасында үкіметтің жолдамасымен келген орыстың қаршадай жас қызы, өркениеттің иісі де сезілмейтін (телевизор, темір жол, автожол, телефон т.б.болмаған) қиыр шеттегі ауыл мектебіне мұғалім болып орналасып, сонда ағамызбен танысып, табысып ақыры 1956 жылы тұрмыс құрды. Алғашында қазақ тілін білмей, ауылдастарымен араласа алмай, үйдегі адуындау енесін, тілін білмесе де бағуға тырысқан жеңгемізге алғаш кезінде қаншалықты қасірет болғаны бәрімізге белгілі жағдай. Әйтседе жеңгеміз мойымады, түңілмеді, соның бәрін көтеріп, қазақ даласына тастай батып судай сіңіп кетті. Жеңгеміз қазақ тіліне үйрене бастаған алғаш кезеңінде, ауыл арасында өз қатарластарымен, қайын ата, қайын ағаларымен болған ауыз екі қатынастары ел арасында анекдот болып кеткен.

Жеңгеміз, үлкендердің үйретуі бойынша, қайнағаларының атын атамауға тырысқан. Қайын ағаларына дәстүр бойынша өзінше ат қойған. Бірақ ауылдағы сегіз жылдық мектептегі балалардың жартысына дейін өз қайнағаларының балалары болғандықтан мұғалім бола тұрып әкесінің атын атағаннан

тағы сан рет ауыл арасында зілсіз күлкіге ұшырағаны бар. Соның бірі: бізге қараған құлықтардың үлкен шаңырағы деп есептелетін атамыз Мұқажан марқұмның ұлы Хамит мектепке сабаққа дайындықсыз келіп, жеңгемізді тыңдамай, қылжақтап, бағынғысы келмей, айтқан ақылға көнбей қойған. Сонда әбден ызаланған, қайын інісін қалай тәртіпке шақырудың амалын таппаған жеңгеміз «Қайын ағам жақсы адам, сен нағыз иттің баласы екенсің» деген екен.

Тағы бірде ағайым үйге телефон шалады да жеңгейге «үйге сыйлы бір қонақ келеді соған ет асып дайындала бер» - депті. Қонақ келген соң столға ас тартылады. Ағамыз табақтағы асқа көз салып, сыйлы қонаққа асатын жамбастың жоқ екенін біле қойып шала бүлінеді. «Мен саған айтып едім ғой, сыйлы қонаққа неге жамбас салмадың» деген екен. Қазақтың кейбір жүйесіз дәстүріне күйінгем жеңгем «Қызылбас қайынаға келгенде бір жамбас астым, ақсақ қайынағаға бір жамбас астым, сонда бір қойда неше жамбас болушы еді, енді өз жамбасымды салмасам басқа жамбасты қайдан табам деп» - жауап қайтарған екен.... Осындай ел арасында жеңгеміз туралы тарап кеткен әңгімелер өте көп, оның бәрін тізіп жаза беруді келешек уақытқа қалдырдық.

Жеңгемді ағамның көлеңкесінде жүрген адам деуге ауыз бармайды. Ол да қырық жылдай ұстаздық етті, талай шәкірттер тәрбиеледі. Шәкірттеріне өзінің салмақтылығымен, сабырлылығымен үлгі бола білді. Өз мамандығын шексіз сүйе білген жеңгеміз өз шәкірттеріне де өнегелі тәрбие бере білді.

Мінезімен, қылықтарымен, үлкенді де, кішіні де сыйлай алатын қасиеттерімен, ел сүйіспеншілігіне бөленген ұлағатты ұстаз. Еңбексүйгіштігін, ұлағатты ұстаз екенін елі танып, құрметке бөленді. Ерен еңбегін үкімет те бағалай білді.



Ағам өз балаларын өте жақсы көретін. Әкелік қамқорлығы да ерекше болатын, қолында өскен мені де, өзінің ұл – қыздарында сүйреп жүріп жоғары оқу орындарына түсіріп білім әперді. Олардың бәрі қазір өз істерінің мамандары, өнегелі ұрпақ өсіруде. Ағам ұл – қыздарының үлгілі, өнегелі от басын құрып жетілгенін, өскенін көзі көріп кетті. Ұл қыздары әкесі туралы естеліктерін өздері жаза жатар.

Алланың жазуы шығар, ағам жарқылдап жүрген шағында кенеттен жаман ауруға шалдықты. Сау кезінде де көп сөйлемейтін адам еді, енді тіпті үнсіз қалды.

1993 жылдың күзгі демалысында бір ай ағам жанында үйде, Айыртаста болдым. Өзім дәрігер болғандықтан, сырқаттың сырын білгендіктен, қолымнан еш шара келмесе де бір күн болса да жанында болайыншы, қолымнан келген көмегімді аямайыншы, жанына медет болайыншы деген ойым еді. Көп қиналды, кейін мен кетер кезде «шаршадым» деген сөзді жиі қайталай бастады. Мен ауылдан қайтқаннан кейін бір айдан соң таңға қарай қаралы хабар маған да жетті.

Өлшеніп берген өмір бар, ажалға ешкімде арашашы болған емес. Еске алған сайын тебіренемін де толғанамын, көзіме жас үйіріледі. Кеше ғана көз алдымызда жүрген менің аяулы ағам мәңгілік бақилық сапарға аттанып, енді бет бейнесі, түр тұлғасы, қадір қасиеті жүрек түкпірінен орын тепті. Тәуба дейтінім ағам қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында өзінің азаматтық тұлғасын сақтай алды. Бұл екінің бірінің қолынан келмейтін қасиет.

Жан ағам сен туралы айтпақ естелігім көп. Шексіз сағынамын. Жүректе мәңгі сақтаулысың. Амал жоқ соның барлығын айтып, іштен тынамызда қоямыз, қолдан келер қайран жоқ. Алладан артыңнан қалған ұрпақтарыңның амандығын сұрап тілегін тілеумен отырамыз.



Жаның жаннатта, тәнің рахатта болсын, көзден кеткенмен жүректен мәңгі кетпейсін, алдың пейіш, артың кеніш болсын. Мәңгілік ұйқың тыныш, иманың жолдас болсын. Нұрын пейіште шалқи берсін.

Бауырым! Тірі болсам зиратыңның басына сан қайтара барармын, Сағынамын! Қош бол Аға!!!

Сен көктесің, мен жердемін

Сен періште, мен пендемін – деген ақынның сөзімен естелікті аяқтағым келеді.

Немере інісі Мейрамбек

Ағам бар менің,
 Арқа сүйеп еркелейтін.
 Ағам бар менің,
 Алға қарай жетелейтін.
 Ағам бар менің,
 Алтындарда тең келмейтін,
 Ағам бар менің,
 Ақылшым маған.
 Қолда барын бөліп берген,
 Ілесіп саған.
 Ізіңнен мен еріп келем,
 Әкемдей болған.
 Қамқоршым қорған,...
 Ардақты ағам!

Сәуіржан Төлеш

АҒАМА ДЕГЕН САҒЫНЫШ

Ағатайым өзінің шешесін, Күләй апасын,
 қарындасы мені және ағаларын, ағайын
 – туыстарын ерекше сезіммен жақсы көрді.
 Мен ес білген кезімнен бастап, ағатайымның
 қасында болдым. Оның біреуге қатты
 ренжігенін, немесе біреу туралы сыртынан
 ғайбат сөз айтқанын, бірде бір рет естімеппін.
 Ол менің жадымда бауырмал, ақылды,
 көрікті де сымбатты, көңілді, шыншыл,
 адал адам ретінде ұялап қалды. Сырласым
 да, мұңдасым да, тірегім де, панам да еді,



өйткені талай қайғы – қасіретті де, қуанышты кезеңдерді де бірге өткіздік.

Шешеміз – Қадиша, ақылды, адуынды, ойы мен сөзі жүйелі, шындықты, іс–әрекеттің ақиқаттығын білдіретін, өмірде өр мінезді, шақпа тілді, абыройлы бәйбіше болғандықтан ол кісіні жұртшылық сыйлайтын. Елдің бәрі сол кісінің сөзін сөйлейтін, ауыл адамдары «Ақ бәйбіше» дейтін. Бірдеңе болса шешеме келіп ақылдасатын, сондай құрметті, сыйлы бәйбіше болды.

1952 жылы ағатайым оқу бітіргеннен кейін Ақтоғай ауданының Таң (Қусақ) бөлімшесіне тарих пәні мұғалімі болып тағайындалғаннан кейін, түйе арбамен көшіп бардық, ол уақытта машина жоқ. Барған уақытта қоржын үйде тұрдық. Біз алғаш келген уақытта ешкімді танымаймыз. Бірінші қыркүйекте мен, Күләй апамның қызы Зәйпан бар, екеуіміз мектепке бардық, Ағатайым мектептің интернат меңгерушісі болды. Ол кезде жоқшылық уақыты, интернаттың балаларына ақ су қайнатып беретін, шай да жоқ, сосын қуырылған бидайды ағатайым қасықпен өлшеп беретін. Зәйпан екеуіміз де интернатқа қуырылған бидай жеуге барамыз, сонан соң ақ суынан ішеміз. Оған тоймайсың. Интернат қыздарына жаным ашығандығы сондай, апамның жаз бойы жинаған құрт, май, ірімшіктерін солардың аузына тосамын. Оны көрген ағатайым «Әй, бала, не бүлдіріп жүрсің? Анау шешен келгенде ұрыспай ма» деп те, айтпайды. Кейіннен біздің осы істеп жүрген кішіпейілдігімізді, жағдайы нашар балаларға жасап жүрген жақсылығымызды сезіп өзі де мектепке барарда үйден құрт–ірімшік ала кетіп, сол интернаттың балаларына таратып беретін. Біз тұрған қоржын үйде, бізге көршілес Баймырза атты мұғалім, Зекен есімді келіншегімен бірге тұрдық. Сол Зекен кейіннен маған қайын ене болатынын білмеп едім. Зекен апам



маған айтушы еді «Әй, Шайза, шешеннің мына май құртын, ірімшігін бітірдің ғой, шешен білсе не айтасың» деп. «Ойбай, менің апам ешқашанда ұрыспайды» деп ақталатынымын. Сол бүкіл интернаттың балаларын біз аш қалмайтындай етіп, бір қыс бойы асырап шықтық. Бұл жағдаят Қусақ бөлімшесінде оқып, ағамыздан тәлім–тәрбие алған азаматтардың бәрінің жадында қалған шығар.

Ағатайым интернаттың ересек балаларын жинап алады да көкпек шабуға барады. Ол алабота тұқымдас өсімдік. Оны тамақ пісіргенде интернатқа отын ретінде пайдаланды. Келесі жылында ағатайым Айша деген апамызды тауып алды. Ол біздің руы құлық Қуанышбаев Тәуіп ағамыздың апасы. Олар қой бағатын. Күлғиза деген қызы біздің үйде жатып оқыды. Содан көкпек жағуды қойдық, жаңағы апамыздың қиы біздікі болды. Қиды мектеп–интернатқа жылу беру үшін пайдаландық. Ағатайым интернаттың балаларын өз баласындай көрді, көмектесіп, қамқорлық жасап жүрді.

Сол Қараталдың өзінде бүкіл ағайын-туысқанның балалары: Қауаз, Жұмабек, Ділдә, Үміт, Зәйпандар біздің үйде жатып оқыды. Осылардың ешқайсысын ренжітпей бетінен қақпай аш қалдырмай өсіріп тәрбиелеген менің шешем мен ағатайымның жанашырлығы, бауырмалдығы, кішіпейілділігі еді. Ағатайым тамақ істеген уақытта жеке ішкенді жек көреді, көпшілікпен ішкенді жақсы көретін. Сыйласымдығы сондай, асқан етті табағымен көтереді де, көрші Баймырзаның үйіне алып баратын. Тамақты сонда ішетінбіз. Өйткені қоржын үй болғандықтан ортада бір қазандық болды.

Келесі жылы «Шура жеңгеміз» келді. Ол уақытта мен жетінші класты бітіргем. Шура далада шабаданның үстінде отыр екен. Дала ыстық. Оны қабылдайтын мектеп директоры бір жаққа қонаққа кетіп қалыпты. Сосын жүгіріп келдім



де «Апа, әне жерде, мектептің алдында бір орыстың қызы отыр, үйге алып келейін» деп едім. «Қой әрі, әкелме, үйде салт еркек бар, әкелуге болмайды» деді. «Жоқ, апа болмайды әкелем, өйткені мен енді жетіні бітіріп отырмын, Ақтоғайдан оқуым керек қой. Менде біреудің үйінде жатамын ғой» дедім. «Келсін» деп Апам рұқсатын берді. Сосын Шураны жетектеп үйге алып келдім. Сонда Мейрамбек ағатайымды қызғанып есік алдында, топырақ үйіп дайындап отыратын. Шукен мектепке сабаққа бара жатқанда, ол үстіне топырақты шашатын. «Ерке» ғой енді, «Ағатайымды алып қояды» деп жақтырмай, сөйтті. Оған ағатайым «Сен сөйттің» деп, ұрыспайды. Сосын Апама келем «Апа ана ұлыңды қара, қыздың үсті басын, топырақ қылды» деп. «Е, бола берсін, ол қызға біз кел дегеміз жоқ» деп қояды шешеміз. Ағатайым екеуі сол жылы қосылды ғой. Қосылғанда енді, сырттай қосылды. Апам оларды үйге кіргізбей қойды. Оның себебі бар, әкелеріміздің бабалары Құлеке және Бабекелер батыр болған ғой. Қазақ жерін отарлау кезінде орыстарға қарсы шыққан. Ол кісілер орыспен қас болған. Көзіне көрінген орысты өлтіре берген. Оларды орыстар сан мәрте түрмеге камасада, түрмеден де қашып шыға берген. Содан кейін аяғына кісен салған. Біреуі кісеннен босап шығу үшін, май өкшесін кесіп тастап, елге қашып келген ғой. Есқожа деген молда есік алдына келгенде, соны еске түсіріп: «Е, Қадиша, бір кездері орыспен қас болып едің, енді дос боласың ғой» деген екен. Сол сөзге ерегісіп, Шукенді үйге кіргізбей қойды. Үш ай бойы, Мәукен ағатайымның шешесі, менің шешемнің сіңілісі Жаңылдың үйінде жатты. Сосын аудан басшылары келіп, апама: «Әй, бәйбіше, балаңызды, келініңізді үйге кіргізіңіз, осы Қараталдың (Ұлы Октябрь колхозы) орталығынан жұмыс береміз» деп жалынып сұраған

екен. Содан шешеміз басшылардың айтқанына көніп, аға – жеңгеміз Қаратал (Ұлы Октябрь колхозы) орталығының жеті сыныптық мектебіне мұғалім болып орналасты.

Шешем шай құйғанда ерінбей екі аққұман алып, біріне үнді, екіншісіне грузин шайын салып шығаратын. Шукене грузин шайын құйып отыратын. Мен сонда айтушы едім: «Апай, құдай үшін жеңгемді кемсітпей, үнді шайынан да құйсаңшы!» деп. Шешем: «Е..., кетсін әрі, оған мен қаңғып кел дедім бе? Осы шайды ішеді!» дейтін, Шура жеңгем оған ренжімей, керек те қылмай, көңіл де аудармайтын. Шукен де кешірімді болды. Ешқашанда «енем маған сөйтті» деп ешкімге айтпайтын, өйткені ағатайымды өзі өте жақсы көрді. Қазақта қыз тұрмысқа шыққанда «Келген жеріне тастай батып, судай сіңсін» деуші еді. Ел – жұртқа, туған – туыстардың арасына Шукен осылай сіңіп кетті.

Айналасына сыйласымды қарым – қатынаста болған әйел адамның ішкі жан дүниесі де әдемі болады. Өзін ортасына сай, мәдениетті, сыпайы ұстаған әйел, киім киісі арқылы да көрінеді. «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген нақыл бар. Адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесіне байланысты туатыны рас.

Шураның киген киімдері де келісті, өзіне қонымды әдемі киімдер: кестелі көйлек, крепдешен және шифон көйлектер киетін. Мен Ақтоғайда сегізінші сыныпты оқығанда, солардың бәрін маған кигізіп жіберді. Ақтоғайда мен оқып жүргенде қыздар ойлайтын, «Ой байдың қызы екен, үстінде шифон көйлегі бар, крепдешен көйлегі бар» деп. Ол сол Шураның жақсылығы ғой. Сол уақытта өзінің пальтосын да маған кигізді, сонда «өзім не киемін?» демейді, киімінің бәрін маған кигізіп, мен Ақтоғайда «байдың қызы» атанып жүрдім. Шукеннің сондай өзінің қылықтарымен көпшілікті

таң қалдыратын. Ағайын – туыстары үйге қонуға келгенде төсек орынды аппақ қып қоятын. Төсекке ақжайма жайып, көрпені ақ қаппен қаптайтын. Ауыл ақсақалы Қабан атамыз айтқан екен дейді: «Қуанышбектің үйіне келіп жатсам, ауруханаға келіп жатқандай боламын...» деп, өйткені төсек орынның бәрі аппақ қой.

Ағайын - туысқанның бәріне Шукең қадірлі, сыйлы болды, Күләй апам тіпті жақсы көрді: «Шура келін болып түскеннен кейін Елубай туды» деп қуанған, себебі үш қыздан соң ұлдардың ішінде тұңғышы болды, одан кейін Қаламбай туды.

Бүкіл ағайын туысқанның балаларын, Мұқажанның қыздары Зағияны, Нағияны, Қабанның қызы Мәкенді, Алтынбектің қызы Сәулені Қарағандыға барып жоғары оқу орнына түсуіне көмектескен... осы ағатайым, өйткені жақындардың ішінде оқыған, білімді азамат Қуанышбек болды. Әлі есімде, мені қалаға оқуға әкелгенде, ағатайым Қазбек деген жолдасын, оның інісі Мұқсиынды Қарағандыдағы апамыздың үйіне қоса алып келген. «Жиені Құдайберген қалада тұрады ау, ұят – ау, ренжиді – ау» деп ойламайды, онда шаруасы жоқ. Өз үйінде жүргендей, елдің бәрін сөйтіп жинап жүретін. Олар оқуға түсе алмай қалды, мен оқуға түсіп кеттім...

Шешем әр балаға босанған сайын Шукеңді ауруханаға жібермейді, өзі босандыратын, баланың кіндігін өзі кесіп пышақты тастайды да көршілерді шақыратын «кіндік шеше» болындар деп. Кіндік шеше баланың екінші анасы болып саналады. Шураның айтып жүргені сол ғой: «Кіндік шешесі үйден қалаған бір затын алатын. Қазақтың ырымы солай. Біреуі іс машинаны алады, біреуі шифонерді алады, біреуі биік столды алады, мебельден мебель қалмады» деп.



Оның бәріне, не істеседе көнді ғой.

Ақтоғай ауданынан шалғай ауыл Айыртасқа көшіп келгенде ауданнан келген басшылар парторогтің және совхоз директорының үйіне бармай ағатайымның үйіне келетін. Сабақтан шыққан соң көмекке мені шақыратын. Приозерный ауданының бірінші секретары Талмазовты орыс болған соң, бір қызығы «қайнаға» қылып алған. Ол кезде келген қонаққа ащы судан құяды ғой. Дастарқан басында сыйлы қонаққа сый – сыйапатын көрсетіп, еттің алдында бір алдырып, еттен кейін тағы алдырып «под сорпой» деп тағы ішкізеді. Талмазып ырза болып, айтқан екен: «Бәрін айтып ішкіздің ғой, енді под көрпен қайда?» деп. Орысты қайнаға қылып алғаны ол ағатайымның кішіпейілділігі, сыйласымдығы, кеңдігі ғой.

Айыртас таулы жерде орналасқан. Қысы қатты болады. Жолдар жабылады. Екі – үш күн қалың қарды Ка – 700 тракторымен тазалап, қыстақтарға жол ашады. Қыстың тіршілігі осылай басталады. Сол күні ауданнан 2–3 басшы фермаларды аралауға келген. Қыстақтарды аралап, қайтып келе жатқан да төбелесіп жатқан екі трактористі көрген ғой, Үйде дастархан басында әңгімелесіп отырғанда басшының бірі айтқан ғой: «Бәрі жақсы болды, тек қана екі әтештің төбелескені ғана, жаман болды» деп. Ағатайымның үйінде қорада екі әтеш болған, төбелесе берген соң, Шукен баласына айтқан ғой: «екі әтештің бірін соя сал» деп. Ол үлгермеген. Шай құйып отырған Шукен бұл сөзді ести сала: «Ой қу шешек, ұят болды ғой, біздің әтештердің төбелескенін көрген екенсіздер ғой» деп, кешірім сұраған. Қонақтар аң – таң. Әңгіменің түп – төркінін түсінген олар күліп жатыр. Шукеннің сондай аңқаулығы да бар еді.

Қазірге дейін шопандардың әйелдері айтады ғой «Қаншама мектеп директорын көрдік, бірақ Қуанышбектей



жайдары жұмсақ директорды көргеміз жоқ» деп. Маған айтады ғой: «Сенің ағаң жақсы болып еді» деп. Шукен ертемен тұрып, үй шаруасын бітіріп, таңертеңнен кешке дейін мектепте жүреді. Әлгі ағатайымның: «Сен өлсең осы мектептің подвалына жерлеймін, маңайыңа кабинеттегі гүлдеріңді қоямын» деп.

Жазымышта озмыш болмайды. Енді Алланың жазуы ғой, жеңгемнен бұрын өзі қайтты. Ағатайымнан жазымышта айрылған, жеңгеміз қалай табар жан емін... Жан едің ғой дара туған жалғанда, Амал таппай қала бердік арманда. Жаратқанның бұйрығына көндік... Ағатайымның жатқан жері жайлы болсын, топырағы торқа болсын. Пейіште нұры шалқысын. Көре алмай кеткен қызығын артында қалған ұрпағының көруіне Аллах нәсіп етсін!

Қарындасы: Шайза, зейнеткер.



«Нағашың сыйлы болса, жиенің ұялмас»

Мақал-мәтел

ҚАМҚОР БОЛҒАН НАҒАШЫМ

Менің марқұм бауырым Құдайберген Мекеуміз Смағұловтар әулетіне жиен боламыз. Біздің анамыз Мырзамағанбет қызы Айша Смағұл нағашымның туған қарындасы, тағы Күләнда деген қарындасы болған. Смағұл нағашымның мен білетін бес баласы болды. Үлкен қызы Күләй, ұлдары – Мүсілімбек, Мұсылманбек, Қуанышбек, кіші қызы Шайза. Нағашым қайтыс болғанда іште қалыпты. Мүсілім 10 сыныпты Жамбыл атындағы №7 мектепті бітірген жылы, яғни 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталып, сол жылы желтоқсанда соғысқа аттанады. Сол соғыста Мүсілімбек нағашым ерлікпен қаза тауып, елге оралмады. Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін Қуанышбек нағашым Қарқаралыдағы педучилищені бітіріп, өз ауылында ұстаздық қызмет атқарады. Кейін жоғары білімді мұғалім болу үшін Қарағандыдағы Педагогикалық

институтқа сырттай нағашым өзі, жұбайы – Шура, жеңгесі – Шакен және қарындасы Шайза жолдасы Қалиямен бәрі бірдей сырттай оқуға түседі. Жылда бір ай оқып, біздің үйде жатып, жоғарғы білімді ұстаз болып, бітіріп шығады.

Нағашыларым бәрі үлгілі – өнегелі, көп – балалы отбасы, еліне елеулі, халқына қадырлы азаматтар болды. Нағашыларым Күләй, Мұсылманбек, Қуанышбек бәрі о дүниелік. Шайза бар, бала – шаға, немерелерінің ортасында ел қатарлы өмір сүріп жатқан жайы бар.

Менің әке – шешем сонау 1895 жылы патша заманында дүниеге келіпті. Патша заманында мектеп жоқ, сондықтан олар сауатсыз болды. Октябрь революциясы басталғанда олар үйленген, балалы – шағалы болыпты. Әкем Омарұлы Сәкен ата – мекені Қарқаралының бержағындағы Бесоба, Қамқор ауылының маңындағы 9–шы ауылда туып, өсіпті. Әкемнің руы Арғын. Арғынның үлкен баласы Қуандықтан тарайды. Бабастан біздің аталарымыз туады. Октябрь революциясы жеңіп, елімізде Совет үкіметі орнайды. Совет үкіметі Комунистік партия елімізде өзінің заңын, тәртібін орната бастайды. Жерде, малда бәрі мемлекет меншігі деп, халықтың малын айдап бір ортаға әкетеді. Күн көріп отырған, малынан айырылған халық аш – жалаңаш, қайғы – қасірет, өлім – жұтымға ұшырайды. Бастарына қара бұлт үйіріледі. Осындай жағдайға ұшыраған халық күн көру үшін жан – жаққа, басқа мемлекеттерге жер ауа бастайды. Солардың ішінде менің әке – шешем, басқа ағайындарымен бірге жаяу – жалшылап Қарағанды қаласына 1931 жылы келеді.

Сол жылдары ең алғашқы ашылған №1 шахтаға жұмысқа орналасады. Ол кезде шахтада техника жоқ, көмірді қайламен шауып, қол арбамен сыртқа шығарады екен. Сол шахтада әкем атакты адамдармен, Социалистік еңбек ері Т.Күзембаевпен бірге істейді. Жұмыс істеп жағдайлары түзеле бастағанда



Ұлы Отан Соғысы басталады. Төрт жыл соғыс халыққа өте ауыр болды, ішсе асқа, кесе киімге жарымады. Нанның өзін граммдап карточкамен берді. Сөйтіп 9-шы мамыр 1945 жылы Совет үкіметі жеңіске жетті. Соғыс біткеннен кейін халықтың тұрмысы жақсара бастады. Завод, фабрикалар, магазиндер жұмыс істей бастады. Азық – түлік, тұрмыстық заттар көбейе бастады. Әкем шахтада 20 жыл істеп 1952 жылы зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін денсаулығы нашарлап, көп ауырды да 1956 жылы қайтыс болды.

Шешем 1970 жылы қайтыс болды. Құдайберген бауырым соғыс біткен жылы, яғни 1945 жылы 1-ші сыныпқа барып, 1952 жылы 7 сыныпты бітіріп Қарағанды «Горный» техникумына түседі. 1956 жылы Техникумды бітіріп, әкесі істеген №1 шахтаға «Горный мастер» болып жұмысқа орналасады. 1957 жылы Құдайберген Торғайға үйленіп алты балалы болады. Екі баласы Нұржан мен Айжан қайтыс болды. Үлкен баласы Бақытжан атасы мен әкесінің жолын қуып, техникумды бітіріп, қазір Киров шахтасында «Горный энергетик» болып істеп келеді. Құдайбергеннің үш қызы балалы – шағалы, әр салада қызмет істеп, ел қатарлы жүріп жатқан жайлары бар...

Дәстүрлі қазақ қоғамында нағашы – жиен, бір - біріне өте сыйлы болған. Нағашым Қуанышбек әрдайым тілекші, қамқоршы боп жүретін. «Жұрт жиенді ешуақытта ренжітпейді, керісінше, қыздан туғанның қиығы жоқ» деп бауырына жақын тартты. Бауырым Құдайбергенмен өзара сыйласып, әзілдесіп, қалжыңдасып, жүздері жарасушы еді. Нағашының жолы үлкен. Жиені Құдайбергеннің азаматтығы мен ізгі істеріне сүйініп, мақтанып, мақтап отыратын... Бұл өмірге біз бәріміз де, қонақпыз. Өмірден озған жандар, мәңгі жадымызда қалады. Алланың шапағатына бөленсін, иман байлығын бұйыртсын!

Жиені Мейрам апай



Адамның жан жолдасы - сүйген жары.

Жанақ Сағындықұлы

БАЛАЛАРЫНА АСҚАР ТАУ БОЛҒАН АСЫЛ ЖАРЫМ...

Мен, жазушы болмасам да, көп ойланып, көп толғанып, қолыма қалам алып, мен Қазақстанда құрған отбасым жайлы және өткен өмірім туралы жазуды ұйғардым.

Мен Қазақстанға 1953 жылдары келдім. Білімім орташа болды. Ичалковск педагогикалық училищесін бітіргем. Алғашқы еңбек жолымды шалғай ауылда, тілі бөтен елде, Қазақстанның, Қарағанды облысының, Ақтоғай ауданының, жеті жылдық «Таң» мектебінде бастадым, қазіргі Шұбартау кеншары. Осы мектепте жұмыс істеп жүрген кезімде, тарих пен дене шынықтыру мұғалімі Қуанышбекпен таныстым. Ол маған тұрмысқа шығуды ұсынды. Ол кезде қазақтың орыс қызына үйленуі сирек кездесетін жағдай еді. Мен қарсы болмадым, өйткені бірлескен жұмыс барысында біз бір-бірімізді жақсы білдік.

Мен Мордовияға бардым, анама айтып, анамның рұқсатын алдым. Міне, біз үйленуді шештік, бірақ оның туыстары – күйеуімнің үлкен әпкесі Күлай біздің үйленуімізге қарсы болды, өйткені ол бауырына қазақ қызын дайындап жүрген екен. Қазірдің өзінде қазақ қызымен келісіп, үйлену көйлегін дайындап отырғанын білдім. Қуанышбек екеуімізге оның бөле ағасы Маукен және жолдасы Нұржамалмен бірге тұруға тура келді. Маукен аға енемнің сiңлісі Жаңылдың баласы еді. Бұл үйде екі ай тұрдық.

Қуанышбектің туған анасы бізге үлкен ағасы Мұсылманбекті жіберді, ол кездегі көлік түйе тартқан арба болатын. Сонымен біз Тоқырауынға келдік, ол жерде Қуанышбектің анасы тұрған. Жаз бойы олар киіз үйде тұрады. Бізге шымылдық төсек дайындаған екен. Олар мені шымылдық төсекке отырғызды, мен перде артында отырамын, көршілері құттықтауға келіп, мен жаққа жүз грамм салмақты құрт лақтыратын, өйткені бұл қазақтардың әдет – ғұрпы бойынша шашу еді. Қонақтар көрпе төселген еденге, дөңгелек үстелдерге отырды. Осындай үйлену тойынан кейін менің отбасылық өмірім басталды.

Бөтен жер, бөтен жұрт. Мұндай өмірге үйрену қиын болды, бірақ шыдамдылықпен пен төзімділіктің арқасында мен қазақтардың әдет – ғұрыптарын тез меңгеріп, күйеуімнің туыстары арасында беделге ие бола бастадым. Қазақ ауылының дәстүрі мен өмір салты қандай болса да, мен оларды Мордовиядан келген қыз, сөзсіз қабылдадым. Әрі енемнің қабілетті келіні атандым. Маған енем бауырсақ, шелпек пісіруді, сиыр саууды, үйде шамамен бес сиыр болатын және құлын байлап, бие саууды үйретті.

Күйеуімнің жақын – алыс туысқан ағалары баршылық. Олар маған қайнаға болады екен. Қазақтың салты бойынша



келінге қайнағаларының атын атауға рұқсат етілмейді. Сондықтан мен оларды сыртқы белгілері бойынша атап есте сақтайтынмын: «ақсақ аға, қызыл мұрын аға, қисық көз аға, кішкентай аға» деп. Күйеуім мен қайын енем сонда біздің үйге қай туысқаны келгенін түсінетін. Мен оларға қою сүтпен шай беріп, бар болса етін асып үйден шығарып салатынмын. Бірақ қайнағалар ғана емес, сонымен бірге ауданнан келген басшылар да үйде болатын, себебі ол кезде ауылда қонақ үйлер болған жоқ. Мен барлық жерге де үлгеретінмін – мектепке де, қонақтарды қарсы алуға да үйге келетінмін, өйткені менің күйеуімнің отбасы қонақжай еді.

1956 жылдан бастап, биік «Ақсораң» шыңы тауының бауырындағы, Амангелді ауылдық кеңесінің Қаратал (бұрынғы «Ұлы Октябрь» колхозы) кеншарында тұра бастады. Тау беткейлері қарағай орман, қызыл қоңыр топырағында қайың, көктерек, тал, арша, қараған ағаштар мен әр түрлі шөп шалғындар өседі. Арқарлар мекендеген таудың табиғи көркі ерекше көрініс беретін, табиғаты бай жерде орналасқан.

Сол жылдары №7-ші мектеп жеті жылдық мектеп болды, алғашқы директоры болып Ленин орденді, Қазақ ССР–не еңбегі сіңген мұғалім Жаббас Кеңесбаев жұмыс жасады. Мектепте біздермен бірге Смағұлова Мариға, Құсыманов Сейітмұрат, Смағұлов Қожахмет, Исатаев Серік, Дүйсебеков Біләл, Оразалин Махмет, Аяпбергенова Мәмен, Әлімханова Рухия, Әлжанов Мұқсиын, Смағұлова Галя, Нығметова Жаңыл, Өмірбеков Қазыбек, Нұржігітов Мұқсиын, Жүнісов Амантай, Молдыбаев Кәрібай, Ағаділов Қасжан, Ағаділов Қалқаман, Халиолин Масқұт, Мұсаханова Макпуза ұстаздық етті.



Кейіндері №7-ші жеті жылдық мектеп сегіз жылдыққа ауысты. Ол кездері мектеп директоры Смағұлова Мариға болды.

Қуанышбек оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді, мектепте тарих пәнінен сабақ берді, ал мен жоғары сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бердім.

№7-ші сегіз жылдық мектеп Қазақ ССР министрлер кеңесінің 19 маусым 1963 жылғы №438 Қаулысына байланысты халық депутаттары Ақтоғай аудандық атқару комитетінің 28.02.1967 жылғы №33 шешіміне сәйкес 1967 – 68 оқу жылынан бастап он жылдық мектеп болып, «Қаратал орта мектебіне» айналды.

Қуанышбек екеуіміздің балаларымыз, олардың жетеуі де Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының «Қаратал» ауылында дүниеге келген. Олармен бірге қайнағамның үлкен ұлы Мейрамбекте ер жетіп есейді, оны алты айлық жасынан бастап енем тәрбиеледі, ол уақытта анасы сырттай жоғары білім алу үшін Қарағанды пединститутында оқыды. Енем қайтыс болғаннан кейін Мейрамбек ағасы Қуанышбектің қолында болды. Мен Мейрамбекті сегізінші балам деп санадым. Қуанышбек екеуіміз үлкендерден үлгі ала отырып, балаларымыздың да тәрбиесіне көп көңіл бөлдік. Балаларымыз бір – біріне қамқоршы бола білді, еңбекқор болып өсті,



жалқаулықты білмеді. Олар Қуанышбек екеумізге немере мен жиендерді сыйлады, ал немере және жиендер, шөберелер мен жиеншарлар сыйлап жатыр. Олардың барлығы білім алып, өз кәсібін тауып, жұмыс жасауда. Мейрамбек хирург, Гүлшара санитарлық дәрігер, эпидимиолог. Нұрсыланбек педиатрлықты оқыды, бірақ кеңседе шыны тазалаушы болып жұмыс істеді. Ерсыланбек ата – анасының жолын қуып мұғалім болды. Қарағанды қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінде химия пәнінен сабақ береді. Айман, Назым Балқаш қаласында облыс орталығының емдеу мекемелерінде, ал Гаухар Қарағанды қаласында қан құю орталығында медбике болып жұмыс істейді. Жеңіс денсаулығына байланысты жұмыс істемейді. Көп баласы бар аналарға берілетін марапатты “Алтын алқа” белгісін алдым.

2011 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы атап өтілді. Тәуелсіз ел өзінің жетістіктері мен табыстарын ең алдымен аналарға қарыз етеді. Өйткені, халық даналығы бесікті тербететін қол әлемді басқарады деп бекер айтпайды. Мықты әйелдер өмір сыйлап қана қоймай, тұтас ұрпақтардың мінездерін, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырады, ел мен халық болашағының негізін қалайды.

1973 жылы отбасымызбен «Айыртас» совхозына көшіп келдік, Қуанышбекті Айыртас орта мектебіне мектеп директоры етіп тағайындады. Ол кезде Жезқазған облысы, Приозерный ауданы болатын. Мектепте екі ауысымда жұмыс істедім. Мектептен кеш қайтатынмын. Сонда жолдасым Қуанышбек мектеп директоры болып істесе де жиі айтатын: «Мүмкін сен осы мектепте түнейтін шығарсың? Өзіңе раскладушка әкеп қояйын» деп қалжыңдайтын. Өзі де басшы



болса да уақытпен санаспай мектептің қыруар жұмысын атқаратын. Мұғалімдік қызмет біздің отбасымыздың шын жүректен беріліп істейтін сүйікті ісіміз болды.

Мектепте орыс тілі мен әдебиетінің жеке кабинеті болды. Кабинетте ұлым Ерсыланбектің өз қолымен жасаған стенділер ілінген. (балам отбасынан шыққан әуекой суретші болды).

Кабинетте гүлдер көп болды. Стендтер гүлдерге көмілген. Менің кабинетім ауданнан келген инспекторлар үшін дайын кабинет болды. Олар кабинетіме кіргенде жылыжайға кірген сияқты көрінетін. Бұл кездері Айыртаста жаңа мектеп салынған болатын. Жолдасым Қуанышбек директорлықтан ауысып, Айыртас совхозының селолық кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Аудан орталығынан ауылға келген басшылар біздің үйде жиі қонақ болатын. Мен жұмыстан кейде кешігетінмін. Ол сол кездері жиі айтатын: «Сен өлгенде мен сені осы мектептің жертөлесіне жерлеймін, айналаңа кабинеттегі гүлдерді қоямын» – деп. Мен оған былай жауап беретінмін: «Сен гүлдерді суаруға келгенде, мені есіңе аларсың» – деп, бірақ балаларына асқар тау болған асыл жарым, құдай қосқан қосағым, жұбайым Қуанышбек өмірі өлмейтіндей көрініп еді-ау. Өз ортасына сыйлы, құрметті, әділ де адал, қадірменді ұстаз еді. Ақыры сұм ажал алып тынды. Ұзаққа созылған қатерлі ісік ауруына шалдығып 1993 жылы желтоқсаның 24-і күні 61 жасында дүниеден озды. Шаңырақ көтеріп, бірге тұрғанымызға 37 жыл болған екен. Қыз – ұлдарынан немере – жиендерін көрді. Шөберелерін көре алмады. Мен оны алдымен жерлеуге тура келді. Асыл жарымды Қаратал совхозына ата – бабаларының зиратына апарып жерледік. Қара граниттен ескерткіш қойылды. Оның жанында менің орным бар.

Мен балаларыма ризамын. Барлығы татулықта өмір сүрді, бір – біріне көмектесе білді. Олардың өмірі қалыпты болды: Қуанышбек екеуіміз ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырдық. Олардың жанұяларымен таныстыра кетейін. Қазір отбасыларында білімі мен еңбекқорлығымен ерекшеленетін балалар өсіп, жұмыс істейді.

Үлкен қызым Гүлшара, күйеуі авиациялық училищені бітіріп, әуежай директоры болып жұмыс істейді. Ұлы Ерлан ҰҚК – де жұмыс істейді, қазір Астанада тұрады.

Қызы Дана магистратураны бітіріп, Қарағанды университетінде жұмыс істейді. Екеуі де ата – аналарына алты немере сыйлады.

Нұрсыланбектің жары Бану, Қарағанды қаласында бала бақшада тәрбиеші болып істеді. Бану оған ұлы Артур мен қызы Гүлмираны сыйлады. Ұлым Нұрсыланбек 59 жасында 2018 жылдың қазан айында кенеттен қайтыс болды. Жүректен инфаркт болды. Гүлмира ағылшын тілінің оқытушысы, магистратура бітірген, ал ұлы отбасымен Ақтау қаласында тұрады. Әйелі мұғалім, ал өзі Ақтауда келісімшарт бойынша әскери қызмет етеді.

Ерсыланбектің жары Айсұлу Қалыққызы – мұғалім, оның екі дипломы бар – химик және тіл маманы. Олардың үш ұлы бар: Руслан, Рүстем және Алпамыс. Олар ата – аналарына жеті немере сыйлады. Үшеуі де жоғары білімді. Руслан-фармацевт, жеке кәсіпкер. Рүстем – информатик, Астана қаласында Қорғаныс министрлігінде, БАҚ–та жұмыс істейді, “Подполковник” атағын алды. Алпамыс политехникалық институтты материалтану мамандығы бойынша қызыл диплом алып бітірді. Оқуды бітіргеннен кейін Мәскеу болат және қорытпалар институтына түсіп, магистратураны бітірді. Металлург мамандығы бар.



Мәскеуде әйелімен бірге бір жыл магистратураны оқып, екі қызыл диплом әкелді. Қазір Ерсұлтанбек Айсұлмен бірге Астана қаласында, ұлдарының жанында тұрады.

Қызым Айманның жолдасы Қуаныш киномеханик. Олардың үш баласы бар. Олардың үшеуі ата – аналарына жеті немере сыйлады. Үлкен ұлы Азамат электрик. Қанағат әскери қызметте, екі баласы бар, қызы Жазира тұрмыста.

Жеңіс науқастанып қанның қоюлануына байланысты оның оң аяғы тізеден жоғары алынды, қазір бірінші группа инвалиді. Үш баласы бар: Ұлы Мейрам екі қызы Мейрамгүл және Гүлсая. Оның бес немересі бар.

Қызым Назым да 46 жасында қатерлі ісік ауруына шалдығып қалды. Бұл дертке ем жоқ екенін білесіздер. Ақыры 2016 жылдың наурыз айының 15–сі күні дүниеден өтті. Оның өмірі қиын болды. Оның үш баласы болды: ұлы Ербол, Еркебұлан және қызы Нәсіпгүл. Күйеуі екінші рет басқа әйелге үйленді. Ұлы Ербол алтыншы сыныпта оқып жүрген кезінде апаттан қайтыс болды. Еркебұлан үйленіп, кейін ажырасқан. Оның ұлы Ерболат өсіп келеді. Өмірдегі осы ауыртпалықтардан Назым күйзеліске түсіп, онкологияда болды, химияны қабылдады, ота жасады, бірақ мұның бәрі көмектеспеді. Назымның өмірі қиын болса да, ол мұңаймады, мейірімді, көңілді медбике болды. Ол ауруханада және одан тыс жерде жұмыс істеді, науқастарға үйде көмектесті.

Кіші қызым Гаухар ата – анасы Астрахань облысының Баскунчакта тұратын қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан. Қарағандыда тұрады. Олардың екі балалары бар: ұлы Нұрбол колледжде бағдарламашы болып оқыды, қазір информатика мамандығы бойынша Қарағандыда жоғары оқу орнында оқиды. Қызы Илона – экономист, Астанада

жұмыс істеді. Тұрмыста, жолдасының аты Әбуталип, Алматы қаласында тұрады. Гаухар-медбике, әлеуметтік қан бөлімінде жұмыс істейді. Жолдасы Руслан ЖІПС—да жұмыс істейді, басшылық тарапынан құрметке ие.

Осылайша, мен ең бай әжемін: Менің ұлдардан туған 8 немерем қыздардан 10 жиенім бар. Олардан Аллаға шүкір 15 шөбере, 18 жиеншары көріп отырмын. Аллаға шүкіршілік, көбейе берсін. Балаларым, немерелерім, жиендерім, шөберелерім, жиеншарларым аман болсын. Қуанышбек тірі болса, Алланың берген нәсібесін, бірге көрген болар едік, қазір 92 жаста болар еді. «Артында қалған бала — шағаларына бас көз бол» деп, маған аманат қып тапсырып кетті ғой... Жатқан жері жайлы болсын!

Жұбайы:

Драгунова Александра Николаевна

Ата – ананың қадірін,
балалы болғанда білерсін...

Шал ақын

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ЕМЕН ҰЗАҚ ЖАСАЙДЫ

Қазақта «Ата–ананың қадірін балалы болғанда білерсін» деген аталы сөз бар. Шынында да, әр ұрпақтың өсіп–жетілуіне, азамат қатарына қосылуына, тіпті оның болашақ тіршілігіне дейін отбасында, ұшқан ұясында көрген тәлім–тәрбиесінің ықпалы өте зор болмақ. Әкем мен анам өз әулетіне ғана емес, көпшілікке қамқорлығымен, қайырымдылығымен танылған жандар еді.

– Көпті көрген көнекөз қариялар «Дүние – серуен, адам – бір көшкен керуен» деген сөздерді жиі айтушы еді. Осының ақиқат – шындығына жасымыз ұлғайып, өзіміз де ұл–қыз өсіріп, ұрпақтарымыздың қызығы мен қуанышын көрген сайын көзіміз жете түскендей, – деп бастады әңгімесін Гүлшара қызы.

– Бізді бала кезден бағып–қағып, әлпештеп өсірген әжем, әкем мен анамның айтқан сөздері, өнегелі істері, берген тәлім–тәрбиесі үнемі есімізде, ешқашан ұмытылмайды, – деп есіне алды.

Біз осы әкеміз бен анамыздың арқасында өз өмір жолымызды таптық, барлығымыз жоғары білім алдық. Бүгінде олардан он сегіз ұрпақ тарап отыр. Әкемнің мейірімділігі мен қамқорлығы бір басына жетіп–артылатын. Ағайын – туыстарынан, достарынан және қарапайым жұртшылықтан қолынан келген көмегін аямайтын. Біз мұны қадірлі әкеміз бен аяулы анамыздың ауыл–аймаққа сыйлы жандар болғанының арқасы деп білеміз. Біздер әкеміз бен анамыздан өз өмірлерімізге жетерлік тәлім–тәрбие алғанымызды мақтан тұтамыз. Барлығы кешегі күнгідей көз алдымызда.

Қазақ «Бұлақ көрсең көзін аш» деп босқа айтпайды. Әкемнің ағалық қамқорлығы және ұстаздық қызметке деген шексіз құштарлығының арқасында талай бозбалалар мен бойжеткендер өмірден өз орындарын тапқан. Аяулы әкемнің тағы бір басқалардан дараланып тұратын қасиеттері – еңбекқорлығы, қарапайымдылығы және ешкімді бөліп–жармайтын адамгершілігі мол жан болғандығы. Қай жұмыста болсын, ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, талапшыл және әділ қасиеттерімен үлкен абырой–беделге ие болды. Сондықтан әкемнің маңына үлкен–кіші жиылып, ақыл–кеңес сұрап жататын.

– Біз 37 жыл бірге өмір сүрдік, ешкімге жақсылықтан басқа қиянат жасамадық. Дүние–мүлкіміз мол болмаса да, балаларына тәлім–тәрбие берген біздерді ел–жұрт сыйлады – деп анам айтып отырады.

– Айналасына мейірін төгіп, шуағын шашқан – Ана – қасиетті ұғым. Ол – өмірдегі сүйеніштің әрі тірегің. Ананың



ыстық алақанына тең келер ешнәрсе жоқ, – деп жалғастырды әңгімесін Гүлшара қызы.

– Анамды мен «Шура» деп атаушы едім. Оның мәнісі мынада: – Үйдің үлкені болғандықтан және әжем мені бауырына салғандықтан, анам Александраны, Шура деп атаушы едім. Әкем мен шешемнің тұңғышы болғандықтан, қазақтың салты бойынша мен әжемнің баласы болып есептелемін. Ес білгенге дейін өзімді әжемнің қызы деп жүрдім.

– Әжесінің баласы ғой, – деп әкемнің бауырына басқаны көз алдыма жиі оралады.

– Әкем көре алмай кеткен қызықты көзі тірісінде анам көріп отыр. Соған шүкіршілік етеміз. Сол кездері біздің үлкен үйіміз Қараталда еді. Келімді–кетімді кісілер, аудан басшылары, ауылға келген ағайын – туыстар бір үзілмейтін. Анамыз соларды күтемін деп ас үйден шықпайтын. Барлығына дастарқан жайып, шайын беріп, жағдайларын сұрап, зыр жүгіріп жүретін. Мектепте бала оқытып жүрседе, қалай үлгеретініне қайран қалатынмын. Осыны жиірек көріп жүріп «Бұл үй ауылымыздың қонақ үйі ма?» деп те ойлап қаласың. Ардақты әкеміз адамдарға жақсылық жасау, қамқорлық көрсету парыз деп есептеді. Осы қағиданы өмірден озғанша берік ұстанды. Адамның бабын табуға келгенде алдына жан салмаушы еді. Қонақжайлығы мен көпшілдігі, дастарқаны менмұдалап тұратын дархандығы ерекше еді–ау, әкемнің–деп өткенді еске түсірген Гүлшара қызы.

– Әкеміздің сол асыл қасиеттері бірге туған бауырларым мен сіңлілерімнің, сондай-ақ, келіндерімнің бойынан кездесетініне тәубе етемін, – деді.

– Әлі есімде әкемнің қонағасына келген бір құрдасы: «Әкелерің ерекше жаратылған, көңілі даладай кең, баладай риясыз, аңқылдаған ақкөңіл жан болатын. Оны

өзгелерден айрықша даралап тұратын тамаша қасиеті: пендені бөлектеу дегенді білмейтін, адамға қамқорлық пен қайырымнан өзге қылаудай қиянаты жоқ ғажап кісі еді», – деп айтқан болатын.

– Әкем менің асқар тауым, асыл адамым, өйткені менің әкеме жететін бұл дүниеде жан жоқ. Ата-анам мені тұла бойы тұңғышы болғаннан соң ба, әлде «қыздың жолы жінішке» деп қазақ атам айтқандай ма білмедім, мені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қатарымнан қалдырмай өсірді. Ешқашан алдымнан шығып қатты сөз айтпаушы еді. Мектеп босағасында жүргенде ешқашанда мені басқа оқушылардан жоғары ұстамайтын. Он жылдықты бітірген жылы, облыста ауыл шаруашылық жағдайын көтеру мәселесін қолдап, оныншы сынып бітірген түлектер «қой бағады» деген ұсыныс қабылданды. Әкем мектептің директоры не дейді, маған: «балам ештеңе етпейді екі жыл екі күндей өте шығады, әлі жассың бәрі алда» дегендей ақылын айтты. Біздің Айыртас совхозы Ақтоғай ауданы Жезқазған облысына қарағанбыз, содан жылдың аяқ кезінде Жезқазғанда В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толған күніне концерт қоймақшы болдық. Сол концертте мен жерлесіміз Дәртай Садуақасовтың «Екінші тың ерлері» өлеңін айтып оқуға жолдама алдым. Жолдама берген Жезқазған облыстық атқару комитетінің бастығы: «Мына бала мал бақпайды, оның орны консерватория» дегенде, менің әкемнің қуанғанын көрсеңіздер ғой. Ол кісіге мың да бір алғыс. Жоқ балам консерваторияға бармайсың, мен сені медицина институтына түсіремін, «дәрігер боласың» деді. 1975 жылы Қарағанды медицина институтының санитариялық, эпидемиологиялық бөліміне оқуға түстім. 1980 жылы оқуымды бітіріп, еңбек жолымды осы уақытқа дейін Қарағанды қаласының санитарлық – эпидемиологиялық



ұжымында қызмет көрсетіп келемін. Тұрмыс құрдым, жолдасым Салимбеков Иртай авиация саласында 50 жылдай жұмыс істеп, 2023 жылы дүниеден озды. Екі бала өсіріп, алты немере сүйіп отырмын. Балаларыма, немерелеріме тілейтінім атасы мен әкесінің жолын берсін. Осындай күнге жеткеніме мен өте ризамын, біріншіден аяулы әкеме екіншіден сүйген жарыма. «Менің әкем өте кішіпейіл, адамгершілігі мол адам, кішіні де үлкендіде ренжіткісі келмейтін асыл жан, әр уақытта көмек көрсетуден аянбайды» деп сөзін аяқтады Гүлшара Қуанышбекқызы.

Әкем тамырын терең жайған емен болса, әкеміздің қанынан тараған ұл – қыздары еменнің бұтағы едік. Әрбір бұтақ бүршік жарды. Сол бүршіктеріміз өркен жайып, жайқалып өсіп келеді.

Бүршік жарды жеті гүлі жүрегімнің,

Гүлдеріммен құлпырып, түледім мың.

Жар бола гөр, Жаратқан, ұл қызыма,

Қанаттарын талдырма ұрпағымның, – деп Аллаға құлшылық жасап, тағдыры на шүкіршілік ететін әкем бізге, «менің бар байлығым сендерсіңдер» дейтін.

*Смагулова Гүлшара Қуанышбекқызы
«ҚР Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі
үшін» төсбелгісінің иегері.*

«Өмір бір рет беріледі. Және ол мақсатты өмір сүрген жылдар үшін, шыдамсыз азап болмайтындай етіп өмір сүру керек».

Н.Островский

ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ЕКІНШІ ОТАНЫМ

Мен 1954 жылдан бастап Қазақстанда тұрамын. Мен 45 жылдық тәжірибесі бар, жоғары санатты педагогпын. «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақ ССР-інің Халық ағарту ісінің құрметті мұғалімі» атақтарым бар. «Ленин», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және “Ерен еңбегі үшін” төсбелгісімен және «Аға мұғалім» атағымен марапатталғанмын. ҚР дербес зейнеткері және тыл ардагерімін.

Мен 1935 жылы 1–қаңтарда Мордва АССР–і, Ичалковск ауданы Ташкино деревнясында колхозшы отбасында дүниеге келдім. Әкем Николай Михайлович Драгунов темір ұстасы болып жұмыс істеген, анам

Елена Андреевна фермада жұмыс істеген, мал бағатын. Марфа әжем тоқта күзетші болып, астықты күзетіп жұмыс істеді.

Сегіз жасымнан бастап мектепке бардым. Сол жылдардың өзінде мен еңбектің не екенін түсіндім. Анаммен бірге шөп шабуға баратынмын. Анам шөпті қолмен шабатын, мен шабылған шөпті үйінділерге жинадым, содан кейін ол шабындыққа жиналды. Күзде сыныптастарыммен бірге картоп жинап, аттарға жегілген арбаларға тиеуші едік.

1941 жылы әкем майданға алынып, науқас болып оралды, өкпесі қабынып ауырды. Бесінші сыныпта оқып жүргенде, әкем қайтыс болды. Тірі кезінде ол маған келешекте дәрігер бол, дәрігердің оқуын оқы деп айтушы еді, бірақ менің өмір жолым басқаша болды. Жеті жылдық мектепті өте жақсы бітіріп, Ичалковск педагогикалық училищесіне оқуға түстім, біздің ауылдан он шақырым жерде еді.

Төрт жыл оқып педагогикалық училищені бітіргеннен кейін мен болашағым туралы ойладым. Мұнда бізге пионервожатой болып жұмыс істеуді ұсынды, бірақ мен мұғалім болып жұмыс істегім келді. 1953 жылдардың басында Кеңес Одағында Қазақстанда тың игеру мәселесі көтерілді. Осыған байланысты педучилищеге әр республикалардан Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан жолдамалар келіп түсті. Мен Қазақстанға жолдама алып, сонда баруды шештім. Жиырма адам Қазақстанға бардық: он адам бастауыш сыныптарға, ал он адам қазақ сыныптарына орыс тілі мен әдебиетін оқытуға жеті жылдық мектептерге аттанды. Тың игерушілермен бірге Қарағандыға келдік, мұнда бізді аудандарға бөлді.

Аудандық білім бөлімінің меңгерушісі мені жылы қарсы алып, менімен сөйлесіп, маған еңбек жолыма жақсы тілектер тіледі. Бұл менің еңбекке алғаш қадам басқан сәтім еді.



Мен жеті жылдық «Таң» мектебіне орналастым. Менің жолым болды, мен өз ара тату және ұйымшыл, тамаша дәстүрлері бар педагогикалық ұжымға түстім. Маған бір сыныптың сынып жетекшілігін берді. Шәкірттерім туралы барлығын білетінмін: олар жанұяларында қалай тұрады, ата-анасы мен оқушылар арасындағы қарым–қатынастары туралы қандай проблемалары бар, мектептен тыс уақытта кім немен айналысады, не істейді? Менің қамқорлығымдағы шәкірттердің үйірмелерге, спорт секцияларына баруына жеткілікті уақыттары болды.

Бұл мекен мал шаруашылығымен айналысады екен. Ауыл бес үйден тұрды. Балалар – оқушылар, интернатта жатып оқыды. Олар алыс шалғай ауылдардан келген, орыс тілінде сөйлей алмайды, тек өз ана тілінде сөйлейтін.

Қазақстанға мен бастауыш сынып мұғалімі дипломымен келдім, бірнеше жылдан кейін сырттай жоғары білім алдым. Осылайша, мектепте жұмыс істеген жылдары мен балаларға да, жоғары сынып оқушыларына да сабақ бердім. Маған әр сыныптағы қазақ балалары ұнады. Олар орыс тілін үйренгісі келді, мен үйретуге талпындым.

Мен әрдайым ауыл мектебінде сабақ бердім, оқушыларым орыс тілін үйренуді басынан бастады. Өзім де қазақ тілін үйрендім. Екі жылдан кейін мен қазақ балаларымен ана тілінде еркін сөйлестім және олардан өз пәнімді жақсы білуді талап еттім. Мен сараланған оқыту әдісін жетік меңгердім. Орыс тілі сабақтарында сөздік жұмысын қолдандым, сөздердің этимологиясын талдадым, бес минуттық каллиграфиялық жұмыс және сөздер мен сөйлемдерді талдаудың әртүрлі түрлерін жүргіздім, көрнекілікті қолдандым. Осы арқылы мен әр оқушыға орыс тілін терең меңгертуге тырыстым.

Менің Қазақстанда өмір сүргеніме 70 жыл болды, бірақ мен «Таң» мектебінде жұмыс істеген алғашқы жылдарымды ұмыта алмаймын. Өзімді оқушылар арасында жиі еске аламын - мені қоршап алып, қайдан келгенімді, онда қандай жағдай болғанын сұраған қазақтар. Мен олардың сұрақтарына жауап беремін, ал олар мені ұйып тындайды, тіпті шошымайды да. Мен бұл жерде де ләззат аламын. Шабындық уақыты. Мектептен алыста «Қызыл бұрыш» деп аталатын киіз үй тұрған. Онда мен түрлі-түсті қарындаштармен ұрандар, хабарландырулар мен шабындықтардың жұмыс кестелерін жаздым. Бояулар мен щеткалар болған жоқ, өйткені мал айдау учаскесі аудан орталығынан алыс және дүкендер жоқ еді. Қазақтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне үйрену қиын болды, бірақ батылдығым мен ептілігімнің арқасында қазақтар арасында болашақ өмір үшін қажеттінің бәрін меңгере білудің арқасында мен мұның бәрін тез игердім.

«Мұғалім! Сіздің алдыңызда иіліп, тағызым етуге дайынбыз...» Ақын Николай Некрасовтың бұл дана сөздері біздің осы заманымызда да өзекті.

Мұғалім оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауына қамқорлық жасай біледі, абыржу сәттерінде оларға көмекке келе біледі. Бүгінгі күнде ризашылық білдірген түлектер, мұғалімдерге білімге деген қажеттілікті қалыптастырғаны үшін шын жүректен рахметін айтады және ұстаздарын еске алады.

Ақын Роберт Рождественский дұрыс айтқан: «Мұғалім – бұл жер бетіндегі ең басты мамандық!».

Менің ойымша, мұғалім – бұл ең танымал және бейбіт мамандық...





Мен 45 жыл бойы бастауыш және жоғары сыныптарда сабақ бердім. Осы жылдар ішінде мені тәжірибе алмасу мақсатында облыстық және республикалық конференцияларға жиі шақыратын.

1987 жылы Алматыда Қазақстан мұғалімдерінің VI съезіне қатыстым. Мен осы съезде 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығы құрметіне, «Жеңіске 70 жыл» төсбелгісін алдым.

Мен Қазақстандағы өміріме өте ризамын. Педагог саласында 45 жыл жұмыс істеп, жоғары атақтар мен наградалар алдым. Міне, бүгін де 2020 жылдың 7 мамырында Қазақстанның әр жерінен балаларым, күйеубалалар, келіндер мені Ресей Федерациясының 2019 жылғы 13 маусымдағы Жарлығымен бекітілген «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл» (№0001340) мерейтойлық төсбелгісін алғаным үшін құттықтады. Тыл еңбеккері ретінде маған 50 мың теңге төленді.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін мен Балқашқа келдім. Қалалық ардагерлер кеңесінде маған Балқашқа ауылдық жерлерден келген зейнеткерлердің бастауыш ұйымын басқаруды ұсынды. Осы уақытқа дейін ауылды жерлерден келген зейнеткерлер мені «біздің мұғалім»деп атайды, себебі олар менің кезінде өзім оқытқан оқушыларым еді. Мемлекеттік тілді жетік білу, зейнеткерлермен тіл табыса білуге және шынайылық пен қамқорлық маған бұрын бір-бірін білмеген және облыстың әр түкпірінен келген адамдар арасында жылы қарым-қатынас орнатуға көмектесті. Мен өзімнің қажырлы еңбегімнің арқасында қаладағы зейнеткерлерді ұмыттырып қалдырмау үшін, әрқайсысына назар аударып, түрлі іс-шараларға қатыстыруға және қалалық ардагерлер кеңесінің мәжілісінде барлық ұсыныстары мен өтініштеріне әрдайым уақытында жауап беруге қол жеткіздім. Сонымен мен он жыл бойы алғысқа бөлене отырып жұмысымды ойдағыдай атқардым.

Алғыс хаттардың бірі мынау: «Балқаш қалалық ардагерлер кеңесі сізді, осындай маңызды да атаулы дата – 85 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды! Осы уақытқа дейін өмір сүрген жылдарыңызда, сыйлы, құрметті және абыройлы атақтарға ие болдыңыз.



Ардагерлер қозғалысына белсенді қатысқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Сіз ұзақ жылдар бойы тұрғылықты жеріңіздегі Бастауыш ардагерлер ұйымын үздіксіз басқарып, зейнеткерлеріңізге ерекше ілтипат пен қамқорлық көрсетіп келесіз, бұл үшін ардагерлер сізді құрметтейді және бағалайды. Сізге тек бақытты өмір және зор денсаулық тілейміз».

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы: Т. Жұманов 15 наурыз 2017 жыл.

Қазақстанның ардагерлер қозғалысына 30 жыл. Міне, 30 жылдан бері қалалық ардагерлер ұйымы ең ірі қоғамдық бірлестік болып табылады. Кеңестің әлеуметтік маңызы орасан зор. Ардагерлер ұйымының мерейтойына күшейіп, еңбек тәжірибесімен толыға түскенін қуана атап өтуге болады. Мемлекет басшысы, Ұлт Көшбасшысы «Соғыс және еңбек ардагерлерін қолдауға мемлекет әрқашан көңіл бөлетінін» бірнеше рет атап өтті.

2018 жылдың 8 наурызында Қарағандыда қала әкімі Ерлан Қошановпен кездескеніме қуаныштымын. Мен оның ата-анасын бұрын білетінмін. Олар Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында тұрған. Балқаштан мен жалғыз болдым. Міне, осындай құрметке мен өз еңбегімнің арқасында ие болдым. Ал мұғалімдер күні маған «Үздік мұғалім» дипломын табыс етті.....

«Уважаемая Александра Николаевна, Вы с нами рядом много лет. И от души делились всем, что знали сами, открыли знаний силу, красоту и свет и целый мир с его большими чудесами!

Спасибо Вам за чуткость сердца, доброту, за блеск улыбки и душевный жар огня, Вы научили верить нас в свою мечту – Ваш благородный труд потрачен был не зря!

Спасибо Вам за годы, месяцы и дни, часы, минуты и прекрасные мгновения, что вместе с нами Вы с любовью провели, даря заботу, теплоту и вдохновение!

Спасибо Вам за то, что словом, делом, взглядом всегда готовы были поддержать Вы нас. За все спасибо, самый лучший наш Учитель, благодарим от всей души мы Вас!»

«Үздік мұғалім» дипломын алып, мазмұнымен танысқаннан кейін В. В. Маяковскийдің сөзімен мұғалім мамандығын бағалау туралы қорытынды жасағым келді:

«На третьем фронте,
вставая горою,
На фронте учебы,
На фронте книг, -
Учитель равен
солдату – герою –
тот же буденовец
и фронтовик!»

«Біз жас ұрпақ тәрбиесінің қандай аспектілері туралы айтсақ та, олардың барлығы да мектептің жүрегінде, оның жан дүниесі – кеңестік мұғаліммен ұштасады»

Халық даналығында былай делінген: «Шебер өз шеберлігінің шыңына жетеді, бірақ шәкірттеріне осы шыңға көтерілуге көмектескен адам үш рет даңқты». Бұл, бәлкім, мен мектепке келген алғашқы күннен бастап ұжымның өмірімен өмір сүріп, өзім үшін жаңа тілді – қазақ тілін үйренгенім шығар, мен келген ортаның өзі осыны талап етті. Жергілікті тұрғындардың тілін білмей, маған өз оқушыларыма орыс тілін үйрету қиын болар еді. Жас мұғалімдердің тәлімгері бола отырып, оларға үнемі педагогикалық шеберлікті үйреттім.

Менің есімім отбасымның, әріптестерім мен шәкірттерімнің, мені танитын, бағалаған әр адамның жүрегінде сақталады.



Учителя не умирают,
Их души продолжают жить!
Так свечка плавится и тает,
Но не перестает светить.
А если свет вот – вот погаснет,
И, кажется, не уберечь.
Учеников зажгутся свечи
От той одной. Десятки свеч!
Учителя не умирают...
Их души вечно будут жить!
Их звезды, в темноте мерца
За нами тихо наблюдают
И продолжают...Любить...

Драгунова Александра Николаевна
«Қазақ ССР–інің еңбек сіңірген мұғалімі»,
«Ленин» және «Құрмет белгісі» ордендерінің
иегері, ҚР дербес зейнеткері.

Әке – ұрпақтың қамқоршысы,
үйдің тірегі, үйдің басшысы.

Халық даналығы

ЖҰЛДЫЗЫ БИІК АСҚАР ТАУЫМ

Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, Екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты, тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Әке жақсылығы, қырық жыл азық болады» деген сөз тегін айтылмаса керек. Адам өмірінің мәні – әке жолымен жүру. Олай болса, әкем мен шешем жайлы, жүрегімде ұялаған қызықты, қуанышты сәттерімді, баласына деген жанашырлығын, бауырмалдығын еске аламын.

Әке–шешем Қараталда тұрып жатқан кез, мен әлі мектепке бармаған кезім. Ауылда бірлі жарым орыстар тұратын. Ауыл ортасынан Қаратал өзені ағып жататын. Ауылдың өзі сол өзен арқылы ұсақ ауылдарға бөлінген. Олар



Шылым, Атамбай, Орыс, Сазды, Стандарт деп аталатын. Біздер Шылымда тұрдық. Көктем кезінде осы өзен қатты таситын. Апам Гүлшар, ағам Нұрсыланбек, қарындасым Айман және мен өзеннің тасқынын көріп қызықтайтынбыз. Тасып жатқан өзеннен қолында бір - екі алмасы бар бір адамның, суға бір батып, бір шығып судан әзер шыққанын көрдік. Бұл орыс ауылында тұратын Жадан деген орыс еді. Бет алысы біздің үй жақ. Біз шулап, «орыс келе жатыр» деп, үйге тығылдық. Сонда үйде отырған шешеміз: «Үйде бір орыс отыр, меннен неге сендер қорықпайсындар осы» деп, бізді бір күлдіргені бар. Үйге келген Жаданның алмасын бізге бөліп беріп, бізді бір тойдырған еді. Шешем ауылда әкеме тұрмысқа шыққан орыс ұлтынан еді. Сондықтан орыстар біздің үйге қарындасын іздеп жиі келетін.

Кезінде Қараталда ағаштан түйін түйетін Самойл дейтін орыс, ағаш шебері болатын. Орыстар әкемнің қайын жұрты болғандықтан әкемізді сыйлап біздің үйге сандық, қол жуғыш, ағаш бесік, оқтау сияқты заттарды тегін жасап беретін. Сол кездері көк түске боялған оқтау әлі есімнен кетпейді. Кейде шешеме еркелеп айтатынмын «осы көк оқтаудан көбірек таяқ жеген мен ғана сияқтымын, мені адам қылған, тәрбиелеген осы көк оқтау ғой» деп. Сол оқтау үйде елу жылдан аса сақталды.

Мен бала кезімде Мейрамбек ағамнан ғана қорқатынмын. Шешем «біздің тілді алмасаң, ағаң Мейрамбекке айтамын» деуші еді. Әрине, мен Мейрамбек ағамды сыйлайтынмын. Қазір ел ағасы жасы жетпіс төрттен асты, немерелері бар, ұлы Арман өзінің қолында тұрады.

Бала кезім 4–5 жастамын. Мекең мектепте жоғары сыныпта оқиды. Мектеп біздің үйдің алдында өте жақын болатын. Әке – шешем мектепте мұғалім. Мекең ағам мектептің алдында меннен 1–2 жас үлкен баллалармен мені күрестіретін.

«Қорықпа, жеңіліп бара жатсаң өзім көмектесемін» деуші еді. Мен бар күшімді салып, жеңілмеуге тырысып күресетінмін. Сол кездері елдің балаларына жайдан-жай тиісіп жылатып қоюшы едім. Шешем ренжісе де, әкем ренжімеуші еді.

Мен әкемді өте жақсы көрдім, балалық шағымда, мені еркелетіп, құшағына алып, бауырына қысып, бетімнен сүйіп отыратын кездері әлі есімде. Мен әке-шешемнің еркесі болдым, бір жағынан сотқарлау да болдым. Бала кезімдегі мына бір оқиға әлі есімде, Ауылымызда өзеннің жанында, ел таза су алатын жақын маңда бұлақ болатын. Мен сол маңда ойнап жүргем. Маңайға қарасам көршіміздің қызы екі шелекті іліп, мойын ағашпен, суға келе жатқанын көрдім. Көршінің қызы сымбатты қыз болатын. Мен ол кезде тоғыз жастамын. Көршінің қызы шелектерін жерге қойып, ожаумен шелектерін суға толтырып, енді көтеріле бергенде, мен суға қоқыс аралас топырақ шашып жібермесім бар ма, ол суды төгіп тастап, шелектерді қайта толтыра бастады. Мен тағы қоқыс аралас топырақ шашып жібердім. Көршінің қызы жылап жіберді, шелектерін тастап үйіне кетті. Мен балалық жасағанымды түсіндім. Шелектерді қайта суға толтырып үйінің алдына дейін апарып, үйге кірсем көрші қыздың шешесі отыр, шешемнің бет-әлпетіне қарасам қабағы қатулы, менің келгенімді көрген бетте оқтауды қолына ұстай сала, маған ұмтылды, мен үйден атып шықтым, оқтаудың тиген тимегенін және шешемнің қандай сөздер айтқанын білмедім, есімде жоқ. Үйдің шатырына сатымен шығып, сатыны құлата салдым да, айкай-шу басылғанша шатырдың ішінде болдым, Мен шатырда ұйықтап қалыппын, үй-іші мені іздеген болуы керек. Мені біреу оятқан сияқты болды. Түсімде рахатқа батып тамақ ішіп отырған сияқтымын. Көзімді ашсам қасымда әкем отыр: «Айналайын балам,



шешеннің ашуы басылды, жүр енді үйге барайық, өзіңнің қарныңда ашты ғой» деді. Мен болсам әкемнің жылы сөзін естіп, болған жағдайды ұмытып кеттім.

Жалпы адам бойына тектілік қасиет оның ата-анасынан жұғады деседі. Бұның растығына ешқандай шүбә келтірмеймін. Әкесі Мырзамағанбетұлы Смағұл әкемнің екі жасында бақилық болған. Отбасындағы бес баланы асырау анасы Қадишаның иығына түседі. Барлық ауыртпалық пен бейнетті жалғыз анасы көреді, бірақ осы киелі шаңырақтың бақытын тасытып, ырыс-берекесін келтірген аяулы Қадиша әжеміз дархан мінезді, ұлтымызға тән бүкіл игі қасиеттердің бәрін де тал бойына сіңірген, жылы жүзді, жомарт жүректі жан еді. Үйдегі ғұмырын жалғастырар бес баланың тәлім-тәрбиесіне жете көңіл бөлген. Мырзамағанбеттен Бәйеш, Смағұл, Айша, екі қыз, бір ұл дүниеге келген. Мен Айша әжемізден туған Мейрам апамды, Құдайберген ағамды және жолдасы Торғай жеңгемді жақсы білемін. Қарағанды қаласында тұрды. Әке – шешем айтып отыратын: «Біздер және Шайза, Шәкен апайлар институтты сырттай оқығанда сессия кезінде Құдайберген жиенімнің үйінде айлап жататынбыз» – деп. Құдайберген аға, әйелі Торғай екеуі қайтыс болған. Смағұлдан Мүсілімбек, Мұсылманбек, Күләй, Қуанышбек, Шайза үш ұл, екі қыз дүниеге келген. Мүсілімбек ағамыз 1942 жылы Ұлы отан соғысына аттанып хабарсыз кеткен.

Әкемнің туған апасы Күлай, жездесі Қабыкей, Қараталдың орыс ауылында тұрды. Әке–шешеммен, арасы бір үй, көрші болды. Орталықта сыйлы, құрметті және қадірлі адамдар болды. Қонақжайлылығы тағы бар. Келім–кетім адамдары көп болатын. Қабыкей ағам Ұлы Отан соғысына қатысқан, Оқу ағарту саласында ұзақ жылдар қызмет еткен. Күлай апам жаз айлары көрші–қоланды жинап, арқан иіп, киіз, текемет

басушы еді. Бала кезімде есімде, Қаламбай, Төлеген бәріміз киіз басуды ойын көруші едік, бір жағынан үлкендерге берген көмегіміз екен. Күләй апамның он саусағынан өнер тамған «сегіз қырлы бір сырлы» болатын. Түлкі тымақ, пұшпақ бөрік, қасқыр ішігін тігу, сырмақ сыру, тұс киіз тігу бәрі келетін. Әлі есімде менің әке-шешеме үстінде ою өрнегі бар, аппақ сырмақ тарту еткені. Сол сырмақты шешем Айман тұрмысқа шыққанда жасауына берген еді.

Әкемнің ағасы Мұсылманбек ағатайым, зайыбы Шахира (Шәкен), Сарытерек ауылында тұрды. Бала кезімде жазғы уақыттары ағам Нұрсыланбекпен бірге демалысқа барып тұратынбыз. Мұсылманбек ағатайым құрылысшы болып еңбек жасады. Ауылында көп үйлер салатын. Саналы ғұмырында тек еңбекті ғана өмірінің мәні, тұрмысының сәні деп білген адам. Әкемнің жеңгесі Шәкен апамыз өмір бойы бала оқытып, тәрбиелеген, білім беру саласына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз. Зейнеткерлікке шыққан соң Балқаш қаласына көшіп келді. Осы шаңырақтан қалғаны Шайза апай, жұбайы Ғалия ағатайым екеуіде ұлағатты ұстаздар, біздер «Кіші ағатай» деп атадық, көп балалы отбасы, он бала тәрбиелеп өсірген, қазір 86 жаста, және өзіміздің шешеміз 90 жаста.

Қадиша әжем, мен екі жасқа толғанда қайтыс болған екен. Шешем айтып отыратын, біздер жұмысқа кеткенде Ерсұлтанбек кішкентай әжесімен үйде қалатын, ол кісі қарт адам болған соң, бір жағынан (көксау) қатты жөтелетін болған соң көп жүре алмайды, немересінің аяғына жіп байлап, бір басын өз аяғына байлап қоятын деп, сонда мен аса алысқа еңбектеп кете алмайды екем. Сол жасымда жас баламын ғой, басымды жерге көп соғады екем, шекем іседі, ол кезде ағаш еден жоқ, қара қағаз төселген жер. Сонда әжем табаққа ұн салып жерге төсей қояды екен. Мен ұн салынған табақты шекеммен ұрып

беті басым аппақ болып, шашалып қалады екем. Әжем бұл әдетімді солай қойдырған екен дейді.

Ағам Мейрамбек және апам Гүлшара кішкентай кезінен әжеміздің бауырында өскен, оны қазірде айтып отырады. Менің ағам Нұрсыланбектің бойы менен аласа болатын. Бала кезімізде үйде ойнап жүріп, кейде жұдырықтасып, бір-бірімізбен шекісіп қалған кездеріміз болған. Біздерді апамыз Гүлшара қойдыра алмай, ақырында біреуіміз шешемізден таяқ жейтінбіз. Шешем мектепке барғанда әріптестеріне айтады екен «үйдегі екі баламнан көрдім көрешекті, екеуі де теке» деп. Сонда әріптестері күліп «теке емес, тете» деп айтыңыз, тете өскен балалар «сондай сотқар болады» деп шешемнің сөзін түзеткен.

Әкем Айыртас совхозында мектеп директоры болып істеп жүрген кезі. Мен сегізінші сыныпта оқимын. Қыркүйек айы. Оқудың басталғанына біраз болды. Шешем мектепте орыс тілі және әдебиеті пәнінен, ал әкем география, тарих пәндерінен сабақ берді. Маған географиядан сабақ берді. Әкем директор, шешем мұғалім, сондықтан директордың баласы қалай сабақ оқымай мектепке барады. Әрине сабаққа дайындаласың, алдын ала жазба жұмыстарын орындап, соңынан ауызша оқимын. Бір қызығы мен химия, физика және басқа пән болсын оқығанда берілген тақырыпты жаттап алатынымын. Мен сабақ айтқанда кластасым Шынар оқулыққа қарап отырады екен. Сабақ айтып болғанда ол «үтір, сызықша және нүктеден басқасын жатқа айттың» деп, күлдіретін еді.

Мектепте оқып жүргенде замандастарыңның арасында күліп-ойнап жүрген қызық қой. Кейде тығылып киноға барушы едік. Туған күн болса оған да білдірмей баратынбыз. Сенбі күндері анда-санда мектепте би билейтінбіз. Ол кезде тәрбие ісінің меңгерушісі Гулжамал апай болатын. Мереке



кездері сыныптан тыс шараларды ұйымдастыратын. Біраз ұл–қыздар хорға қатысып, өлең айтатынбыз. Рая апай біздерді дайындаушы еді. Оқушылар Гүлжамал апайдан қорқатын, өйткені дүйсенбі күні мектепте жиналыс ашқанда талай тәртіп бұзған, түнгі киноға барған оқушыларды көпшіліктің алдына шығаратын. Сондай бір жиналыста: «оқушылар кешкі уақытта туған күнге барады», «туған күнге директордың да баласы барады» деп айтпасы барма. Жиналысты ашып тұрған әкем: «баламның кешкі уақытта үйден шыққанын көргенім жоқ, сабағына дайындалып, өз бөлмесіне барып ұйықтайды, оған өзім куә» деп, басталған сөзді тиып тастаған еді...

Әдеттегідей, кешкі тамақтан соң, таза ауада демалып, қонақ үйде сабаққа дайындалуға кірістім. Өзім қонақтар демалатын түпкі бөлмеде жататынмын. Әке–шешем ұйықтады–ау деген кезде, түпкі бөлменің терезесі қағылды. Бұлар– келіскен уақыт бойынша келген достарым Есентай, Жомарт және Қайырбек еді. Мен терезеден оларға киімдерімді беріп, сыртта киініп форточканы жай жаба салдым. Сол күні кластасымыз Бағдат туған күніне шақырған болатын. Сонда бардық. Барған үйге кірсек, терезелерін сыртқа жарық түспес үшін қымтап жауып тастаған. Стол басында келген қонақтар отыр. Біздер де уақытында барған екенбіз. Туған күн басталып кетті. Би биледік, стол басында өлеңдер айтылды. Арамызда гитара тартатын Шынар да бар. Бағдаттың өзі де өлеңді жақсы айтатын және арамызда әншіміз Сәбира да бар еді. Кеш өте көңілді болды. Ол уақытта ішімдік атаулы дастарқан басында болмайтын, ешкім де әуестенбейтін. Қайтатын уақытта болды. Үйден екі–үш баладан, елдің көзіне түспес үшін, ұрланып шығып, тарай бастадық...

Дала қараңғы. Біздер бір жерде жиналып, ешкімге ауыз ашып айтпайтын болып келісіп, үй–үйге тарадық. Мен үйге

жатар бөлмемнің терезесі жақтан келіп, форточканы ашып ішке сыртқы киімдерімді тастауға ыңғайлана бергенім сол еді, іштен: – Балам, киімдеріңді маған бере бер – деген әкемнің сөзін естіп, шошып кеттім. Менде, аузыма құм құйылғандай, үн жоқ. Үн – түнсіз әкемнің айтқанына көніп, форточкадан ішке түстім. Ішкі жан дүнием ұяттан өртеніп кеткендей болды. Мен ойладым, «енді әкемнен таяқ жейтін шығармын» деп, бірақ олай болмады, бар айтқаны: – Ал енді жатып демал, ертең сабағыңнан қалма – деді. Мен әкемнің шыдамдылығына қайран қалдым.

«Әке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» дегендей «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңші!. Менің өмірдегі қымбат, ең қымбат адамым ол – менің сүйікті әкешім мен анам. Әкем менің кішкентайдан ақылшым, камқоршым, қорғанышым болды. «Әкең барда орындалар арманың» дегендей, өмірдегі керегіңді алдымен бір Алла, екінші әкең берері анық.

Автор

Ата-ананың тәрбиесі –
бала мінезінің іргетасы.

Антон Макаренко

БАУЫР ЕТІ БАЛАСЫНА ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫНЫҢ – ЖАНҒАНЫ

Әлі есімде, әкем мен шешемнің баласына деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығы есімнен кетпейді. Мен сегізінші сыныпты оқып жүрген кезім, қаңтар айының басы. Төсекте жатқам, оң аяқтағы тіземнің асты сыздап шыдатпай барады. Шешем ыстығымның көтерілгенін байқап, ауылдың дәрігерін шақыртты. Ауылда бас дәрігер Майраш апай болатын. Ыстығымды өлшеп, укол салды, сол мезетте аяғымның ауырғаны шыдатпай, есім ауған адам сияқты айқайлай бастадым. Қанша уақыт жатқанымды білмеймін. Көзімді ашсам, қасымда шешем отыр, іні-қарындастарым бар. Маған аянышты көздерімен қарайды. Әдетте оңай көтерілетін аяғымды көтере



алмадым, салмағы ауыр. Оң аяқтың саны күп боп ісіп кетіпті, аяғымды бүге алмаймын, бірақ ауырғаны басылған. Температура 390С. Шешем: – Папаң, совхоз директорынан машина сұрауға кетті – деді. Сені Балқашқа ем алуға емханаға жеткізу керек – деді. Майраш апай медбикемен үйге келді. Аяғыма бір сасық дәрі (вишневская) жағып бинтпен орап тастады. Мені Балқашқа апаратын болды. Дала боран. Совхоз директоры Аманбаев Жақсылық май таситын бензовоз машина берген екен. Әкем мені апаратын болды. Жол ашатын КА-700 тракторын да беріпті. Мен кабинаға жалғыз өзім отырдым, өткені оң аяғым ауырлап кеткен бүгілмейді, екі адамның орнын алып отырдым. Әкем, баласына жаны ашып, кабинада кең отырсын – деп, бензовоздың бүйіріндегі жүк салатын орынға 5-6 қойдың терісінен тігілген тұлыпты киіп отырды. Біз сол жүргеннен Балқаш жанындағы Қоңыратқа жеттік. Жол бойы әкемді ойладым ауырып қалып жүре ме? – деп.

Әкем сұрастыра отырып, мені Қоңырат руднигі емханасына орналастырды. Дәрігері әкеме таныс адам болып шықты. Балқаш пен Қоңырат арасы бораннан жабылып қалған. Жол ашқанша мен Қоңырат ауруханасында болдым. Әкем: жол ашылған соң мені қаладағы емханадан орын тауып, орналастырамын – деп Балқаш қаласына кеткен. Әкем келгенше, ертеңінде дәрігер маған – Ештемеден қорықпа, қазір ауырмас үшін укол саламын да, оң аяғыңның санын үш жерден тесемін – деді. Ота столына жатқызып, оң санымды бір жерден тілген кезде жан-жаққа ірің атқылады. Менің ауырлаған оң аяғым жеңілденіп рахаттанып қалдым. Санымды тағы екі жерден тіліп, үш жерден резина трупка салып, дәрігер: – Енді жазыласың, оң саның іріңге толып кеткен – деді. Әкем Балқаштан орын дайындап алып кетуге келгенде, дәрігер: – Уайымдамаңыз енді балаңыз жазылады, өзім емдеп шығамын

– деді. Әкем дәрігерге сеніп, ауылға кетті. Шешем де мені уайымдап, емханаға екі үш рет келді. Шешем келгенде қатты қуандым, менің сүйікті анам, түн ұйқысын төрт бөліп, аймалап, сүйіп өсірген баласын сағынып келген анам, дәм татсын деп, үйдің тамағын жасап әкелген және оқитын әдеби кітаптарды қоса ала келген.

Емханада жататын адамдардың көпшілігі орыстар. Қазақтар аз, көбінесе солдаттар көп жатады. Қоңыратқа әскери бөлім жақын орналасқан еді. Мен солдаттармен шахмат ойнайтынмын. Ішім пысса әдеби кітап оқимын. Балқаш қаласынан папамның жиені Зәйкүл апайдың қызы Айжан да қал-жағдайымды сұрап келді. Мен сол жатқаннан екі жарым ай жаттым. Қар еріп, көктем шықты. Анда–санда есік алдына шығатын болдық. Емханаға Балқаштан сол кездері ұлты армян, хирург – травматолог Огенесян деген аты көпшілікке белгілі дәрігер келіп, обход жасаған еді. Сол кезде әкемде ауылдан келген болатын. Мені хирургтің шешімі бойынша жедел Балқаштың хирургиясына жеткізу керек болды. Мен жатқан Қоңырат руднигіндегі емханада іш–құрылысымен ауыратын адамдар ғана емделеді екен. Естуімше, ауру аяғымды ренгенге түсіргенде, ортан жіліктің сүйегі фото пленкадан көрінбеген, яғни ірің қалың етті жей отырып, сүйекке шапқан. Сүйек шіріген. Балқашта іріңді тазартатын болған. Мен сол уақытта балдақпен жүретінмін.

Сол күні Балқаштың хирургиясына келіп орналастым. Бір айдың ішінде іріңді тазалап, оң аяққа тұтас гипсті белге дейін салып, мамыр айының аяғында ауылға жіберді. Бес ай достарымнан қол үзіп, үйде болмаған мен, сондай үлкен сағынышпен ауылға верталетпен ұшып келдім. Менің келгеніме қуанған әке–шешем, көздеріне жас алды. Мен ойладым, әке–шешем қуанғаннан жылады ма, әлде мен осылай өмір бойы



инвалид болып қаламын ба? – деді ме, кім білсін? Баласына деген әке–шешемнің сағынышы мен махаббаты шексіз болды.

Сол жылы мен сегізінші сыныптың мемлекеттік емтиханын дәрігерлердің қойған диагнозы бойынша, тапсыра алмадым.

1977 жылдың жазы. Айыртас ауылы таулы алқаптың ортасында орналасқан. Табиғаты жасыл, маңайда өскен өсімдіктердің жұпар иісі мұрынды жарады. Далада күннің көзі төбеден тік түсіп, маңайды ысытып тұр.

Осы ыстықта, белден оң аяққа тұтас салынған гипс ішінде біткен жараның аузы ашылып, ірің ағып гипс сасыды және ыстықта биті шығып қышытып есімді шығарған соң, үйдегі әкемнің ағасының кенже ұлы Аманбекке, «гипсті ала аласың ба?» деп сұрадым. Ол менің қиналғанымды түсініп, кешке қарай оңашада алуға келісті. Сол күні әке - шешем үйде болмады, қонаққа кеткен. Аманбек керекті құралдарды дайындап, іске кірісті. Бір қызығы, сырт жағынан гипсті әртүрлі құралдармен ұрғылап, тілгілеп, кескен еді, бірақ гипс ашылмады. Енді қарама – қарсы жағынан тіле бастады, әрине, ол шабыма жақын жер еді. Мен қорқыныштан қара терге түстім... Аманбек, аман–есен, аяғымның ешқай жерін кесіп алмай гипсті алды–ау, әйтеуір. Кескен жер ашылып, іріңмен суланған. Мен қандай рахатқа бөленді десеңізші, ауыр салмақтан құтылған денем жеңілдеп, құтты бір аспанға ұшар құс сияқты өзімді сезіндім. Қонақтан келген әке–шешем, менің жағдайымды көріп, «баламызды Қарағандыға апарамыз, сонда емдетеміз» деп шешті. Ол кезде Айыртас совхозы, Приозерный ауданы, Жезқазған облысына қарайтын. Қарағанды қаласы, Қарағанды облысына жататын. Қарағанды облысы басқа облыстың адамдарын қабылдамайтын. Оған Әкем: «уайымдама, менің бір мықты танысым бар, сол адам қайтсе де көмектеседі»

деді. Ертеңінде Әкем екеуміз (ол кезде АН–2 самолеты ұшатын) үш сағатта Қарағандыға жеттік.

Мені Михайловка шағын ауданындағы емхананың хирургия бөліміне орналастырды. Палатада орын болмай коридорға раскладушкаға жатқызды. Мені қараған дәрігер Абдулла Пушпакович, 40 жас шамасындағы қазақ екен, соған қуандым. Менен қалай ауырғанымды, не болғанын, қалай емдегені туралы және «оң аяғыңды көтер, бақайларыңды қозғалт» деп сұрап, басын шайқады да, маған ренгенге түсірген пленкада «оң аяқтың ортан жілігі қап–қара көрінбейді, сүйегің шіріген сияқты» деді. «Мұндай жағдайда сырқаттың аяғы кесіледі» деді. Дәрігердің аузынан «аяғың кесіледі» деген сөзді естіген мен шошып кеттім. Уайымға беріліп оңашада жылап алдым. Әкем емханаға жатқызып ауылға кеткен еді, болса жұбатар еді. 2-3 күннен кейін палатаға ауыстырды.

Сол күні түнде температура көтеріліп 400С–қа дейін жетті. Кезекші дәрігердің айтуына қарағанда түсінгенім, наркозбен ота жасайтын болды. Мен бала кезімде «ота жасапты, наркозды көтере алмай өліп кетіпті» деген сөздерді естуші едім. Өзім уайымшыл, өлім жайлы ойлағанда, өне бойымды тоқ соққандай селк ете қалдым да, ал еңкілдеп жыла. Қасымда жұбатар ешкім болмады... Медбике келіп укол салып кетті, уколдан соң көзімнің жасы да тиылды, батылданып, бойымдағы қорқыныш та жоғалды. 10–15 минуттан соң мені ота жасауға алып кетті.

Оянсам, палатада жатырмын, аяғым сыздап ауыртып барады, су ішкім келеді. Медбике келіп ауырғанды тыныштандыратын, уколды мезгілінде салып отырды. Ертеңінде қасыма Абдулла Пушпакович келді. Айтуы бойынша: «Бізге уақытында келгенсің, енді бір ай кешіккенде аяғыңнан айырылады екенсің. Ортан жілігіңнің сырты 1–2 мм шіріген, сондықтан ренгенге түсіргенде көрінбеген. Енді келесі операцияда шіріген сүйекті



(секвестрді) тазалаймыз. Оған бір ай шамасында дайындаймыз» деді. Маған қойылған диагноз да остеомелит болды.

Қияметтің—кереметі перевязка жасағанда болды. Перевязкаға төрт дөңгелегі бар арбаға отырғызып аарады. Абдулла Пушпакович палатасындағы адамдарға перевязканы өзі жасайды. Отадан соң бинт аузы ашық жараға жабысып қалады, оны тартып қалғанда жаның мұрныңның ұшына келеді, жараның аузы 12 см кесілген және де іріңі бар жараның аузын тікпейді екен, қайта оған бинттен жасалған тампонды пинцетпен тыққылап жаныңды шығара, тазалайды. Мен шыдай алмай айқайлап та жіберетінмін. Үш төрт күн солай қиналасың, одан кейін жара аузында, ішінде нерв талшықтары өліп қалған соң, не істесе де ештеме сезбейтін боласың.

Біраз күннен кейін шешем де ауылдан келді, аяғыма қарап «жаның қиналды ғой балам» деп көзіне жас алды. Мен де білдірмей жылап алдым. Шешем мен жатқан хирургия бөлімінде емделгенін есіне түсірді. Шешем жиі келіп тұрды: «емхананың тамағы тамақ болмайды» деп, жаны қалмай ыстық тамақ, алма—мандаринімен, мен жақсы көретін қарақаттың варениясын әкелген екен.

Жатқан палатамда 12 төсек бар, бәрі де сырқат адамдарға толы, арасында бір қазақ бар екен әйтеуір, аты Қабдел танысып алдым, 30—35 жас шамасында, 4 жастағы қызы бар екен. Әйелі кетіп қалған, оны өзі айтты. Орысшаға тілі жетік. Медбикелермен қалжыңдасады да ойнайды. Өзі жайлы немесе жатқан адамдар жайлы әңгіме айтса, өтірікті жылмай соғады. Оны кейіндері біліп жататынымын, бірақ сондығымен көңілді азамат. Мен үшін қасымда, сырласатын, ойыңды бөлісетін бір қазақтың болғаны өте жақсы болды. Өзінің айтуы бойынша, ол заводта биік мұнараны жөндеу кезінде құлаған. Денесінде сынық көп болғандықтан, екі ай гипсте болған,



жатып тамақтанған. Гипсті шешкен кезде оң аяғындағы сынған орган жілікгің сүйегі іріндеп кеткен.«Остеомелит» деп диагноз қойған.

Гүлшара апам мединституттың үшінші курсында оқитын, бауырының жағдайын көріп, дәрігерлермен сөйлесіп: «бәрі жақсы болады, уайымдама, әлі де жазыласың достарыңның қатарына қосыласың» деп, көңілімді жұбатады. Осы емханада қаншама ота жасады, сонда апайым жанымнан табылатын. Өзі жоғары оқу орнында оқып жүрсе де, таңертең бір келіп тамағын әкелетін, емші дәрігермен сөйлесіп, мән жайды біліп, кешке қарай ыстық тамағын дайындап бір келіп кететін. Ол кезде общежитияда тұрды. Маған отаны наркозбен жасағанда апам уайымдаушы еді: «наркоз өмір жасыңды қысқартады ғой» деп. Сүйекке ота жасаған кезде міндетті түрде кейде ауызға маскамен немесе тамырдан уколмен наркоз береді. Біраз уақытқа дейін наркоз тарқамай, ота жасаған адам сандырақтап сөйлейді екен. Менің қасымда жатқан Қабдел сондай бір уақытты пайдаланып отадан келгенде маған сұрақты жаудырған ғой «сен кімді жақсы көресің?», «сүйген қызың бар ма?» деп, ал мен айтқан екем «туған апам Гүлшараны жақсы көремін» деп. Мен оянғанда, Қабдел апама айтып отыр «сізді бауырыңыз өте жақсы көреді екен» деп.

Кейінгі жылдары Абдулла Пушпакович Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөліміне қызметке ауысты да, басқа хирургтарда емделдім. Кеңес үкіметі кезінде Қарағанды облысында медицина жақсы дамыды. Дәрігерлердің бәрі тәжірибелі, медбикелері өз жұмыстарын адал атқарды. Екі қарындасым Назым және Гаухар Қарағанды қаласының медучилищесін оқып бітірді. Маған уколды және системаны тамырдан қарындастарым салатын, көп көмектері тиді. Назым әке–шешемнің жанында ауылда емханада медбике болып



қызметке орналасты, ал Гаухар Қарағандыда родильный домда медбике болып жұмыс жасады. Гаухар жолдасы Юрамен бірге екеуі де мен емханада жатқанда қал-жағдайымды біліп, ыстық тамақтарын, сусындары мен жемістерін әкеліп «әл жинаңыз, витамин толтырыңыз» деп қал жағдайымды сұрап жиі келіп тұрды.

Ағам Нұрсыланбек мединститутта педиатр факультетінде оқыды. Жеңгем Бану екеуі Қарағандыда тұрды. Екеуі де емханаға келіп, қал жағдайымды сұрап, витаминдері мен ыстық тамағын әкеліп, көңілімді бір көтеріп қайтатын. Бану жеңгем ауыл жаңалықтарын жақсы айтатын.

Осы емханада менің бір жездем Құрал шаруашылық меңгерушісі болып істеді. Жездемнің пейілі кең, қолы ашық азамат. Мен жатқан палатаға қазы, қарта, жалы бар, бір табак ет әкеліп, қасымдағы сырқат адамдарды разы қылды. Бір тойып ырза болғаным бар. Жолдасы Нағия менің апам, бізге жақын туыс. Маған жиі келіп тұратын. Бірде келгенде апам Нағия маған: «шахмат ойнау білесің бе?» деді. Мен ойнау білетінімді айттым, бірақ ойын басталып кетті де тез аяқталды, Нағия апам маған «детский мат» қойды. Мен сасып қалдым ұяттау болды, ол кез тоғызыншы сыныпта оқитын кезім еді.

Емханаға бір келіп емделгенде ағам Хамит, Нағия апамның ағасы, бірінші этажда лор бөлімінде құлағы естімей бір айдай жатты. Мен екінші этажда хирургия бөлімінде болдым. Жақын туысқаныңмен бірге болғаның қандай жақсы, әңгімелесесің, уақытың өтеді, бірге тамақтанасың, далада бірге серуендейсің, ауылдың жаңалықтарын естисің.

Михайловкадағы емханада оқу корпустары да орналасқан, лекционный залдары да бар. Бірнеше емхана бір бірімен жалғаса салынған. Сыртқа шықпай ақ емханаларға, оқу корпустарына ішімен қатынасуға болады. Кітап алу үшін



кітапханаға біраз емхана мен оқу корпустарынан өтіп әзер тапқаным бар. Қазақша әдеби кітаптарды сол жерден алып оқыдым. Қыркүйек айынан студенттер келе бастады. Олар әр сырқат адамдардың «ауру тарихымен» танысады. Ауру қалай басталды? Неден болды? Қай жерде емделдің? Неше рет ота жасады? – деген сияқты сұрақтарды жаудырады. Обход жасағанда және перевязкаға барғанда студенттер жанында болады және перевязка жасайды. Бірде маған хирург лектор келіп «сіздің диагноз бойынша сабақ өтуші едім, келісетін болсаңыз сізді студенттер ортасына апарып сырқатыңызбен таныстырсам ба?» деп едім, «Арбамен апарып, орныңызға арбамен алып келеміз» деп қоймай қойды. Қасында екі студенті бар. Мен келісе алмай азар да, безер болдым, әйтеуір көндірді. Мен ойлағам «жиырма шақты студенттер болатын шығар» деп. Мені бір есіктен кіргізді. Лекция оқитын зал, төменде 200-ге тарта апшақ халат пен кепка киген студенттер отыр, құтты бір егіздер сияқты. Мен жоғарыда плафкимен алдарында стол үстінде түрегеліп тұрмын. Ұялғаннан қып-қызыл болып кеткен шығармын. Аяғымды көрсетіп жатыр, лекция орыс тілінде баяндалуда. Оң аяқтың саны үш жерден тілінген, сол жерлерге бірнеше операция жасағандықтан еті желініп жұқарған. Екі аяғымды линейкамен өлшеп, бір аяғымның 1,5 см кем екенін анықтады. Сөйтсем аяқтың ортан жілігіне пышақ тисе, ол ішке қарай өседі екен. Мен соны білдім. Сылтып басатыным да содан екен. Ол жерде 15 минут шамасында болып орныма жеткізді ғой, әйтеуір.

Палатада жатқам, бір кезде ақ халат киген үш–төрт қыз мен жатқан төсекке қарай беттеп кіріп келмесі бар ма? Алғашында тани алмадым, ақ халат киген соң бір–бірінен айыра алмайсың, бойлары да бірдей. Қарасам, бірі – Ақтанова Ләззат. Біздің ауылдың қызы, меннен кейін мединституттың педиатр

факультетіне түскен, әрі туысқан шешесі жалаңтөс құлықтың қызы, мен таңат құлық, жалаңтөс пен таңат – ағайындылар. Достарымен келген «жаңа лекцияда отырғанбыз» деді. – Өзінді көрген соң қал жағдайынды білейік – деп келдік. «Палатамды қалай білдіңдер» дедім. «Ол біз үшін қиын болмады» деді. «Жаңа мені жалаңаш көрдіңдер ғой» деп күлдім, бірақ аржағы ұялып та барамын. Ләззат «біздің мамандығымыздың өзі сол ғой» деді және қыздарымен таныстырды. Мен қыздарға рахметімді айттым.

Мақажанов клиникасы Сараннан Қарағандының Михайловка шағынауданына ауысқан кезі. Хирургияға келіп, ота жасатып бір шіріген сүйек (секвестр) алдырдым. Емханада бір ай жатқан болатынмын. Бұл 1994 жылдың қыркүйек айы болатын, мен ол кезде Балқашта тұрамын, жанұям сонда. Бұрынғы білікті хирургтар жоқ, біршамасы Ресейге көшіп кеткен. Мақажанов клиникасындағы хирургияда басқа мамандар, ота жасаса жаңа тәсілдер қолданады, мақсаттары эксперимент жасау.

2004 жылдың жазында тағы бір ота жасағанда менің оң аяғымның ортан жілігін тесті, себебі күн бұлтты күндері, климат ауысқанда аяғым қақсайтын. Содан аяғымның қақсауы қойды, бірақ жараның аузы жабылмай ірің ағатын болды. Сол уақытта маған «жіліктің жартысын кесіп, жартысына пластик саламыз да болтпен бір–біріне бекітеміз, себебі жарты жілігін шіріген, сондықтан жара аузы жабылмай жүр» деп ұсыныс жасады. Біздерге ақыл–кеңес беретін асқар таудай сүйікті әкеміз бұл кездері ортамызда жоқ еді. 1993 жылдың желтоқсан айында қатерлі ісікпен ауырып бұл дүниеден өткен. Апам Гүлшара «қайта–қайта емханаға жата бергенше айтқандарына келісіп осы отаны жасатқаның дұрыс қой» деді. Шешем де «қайдан білейін, мүмкін жақсы болар» деді. Дәрігерлер «бір ай отаға дайындаймыз» деді. Ота жасауға уақыт та жақын

қалды. Дүйсенбі күні хирургияда білікті мамандар палаталарды аралап, жалпы ауырған адамдардың сырқаттарын тексеріп, қандай ем қолданатынын айтатын және жазылған адамдарды шығаратын. Мен сол уақытты күтіп жатқам, бір кезде палата есігі ашылып, әкем кіріп келе жатқандай елес болды, бет жүзі, тіпті киген халаты да ұқсап кетті, түймелерін салмаушы еді. Сасқанымнан басымды көтеріп, төсегіме отырдым. Анықтап қарасам, профессор Мадыкенов, осы хирургияда ертеден істеп келе жатқан білімді, білікті маман адам, талай сырқат адамдарға көмек беріп қатарға қосқан, Шет ауданының азаматы. Қасында осы палатаның дәрігері. Бірден менің жаныма келіп «Смагулов, сен ота жасауға өзің келістің бе? Әлде мыналар ма? Сенің диагнозың – остеомелит, жіліктің шіріген сүйегі қырылып тазартылған, өте жұқа. Суық тигізбей аяғыңды жылы ұтасаң, болады деді. Бұлар, – деп қасындағы дәрігерді нұсқап, саған нақты кепілдік бере алмайды. Өмір бойы мүгедек болып қаласың» демесі бар ма? Мен де «жоқ отаға келіскен емеспін» деп айттым. Сонда мен ойладым «әкемді көрген елес, ол аруағы ғой, ортамызда болмаса да, ауру баласын қатерден сақтаған, мені қорғаштап аяғыма саулық тілеп тұрған». Сол жақсылықты профессор Мадыкеновтың аузына түсіріп сөйлетіп тұрған бұл бір құдыретті күш қой, деп ойладым. Профессор Мадыкеновтың тапсырмасы бойынша мені түстен кейін емханадан шығарды. Міне, содан бері емханаға барған емеспін. Қазір «Аллаға шүкір» бала–шағамның ортасында, туған–туысқандарымның жанында және аман–есен жұмысымды жасап жүрген жайым бар.... Әрине бұның бәрі әке-шешемнің мейірімі мен тілеуі ғой деп ойлаймын.

Автор

БІР ШЫНАР, БІР БӘЙТЕРЕК

Халқымыз «Ел мен жұрт азаматымен ажалды, мақтан тұтар асылдарымен еңселі» – деп бекер айтпаған. Бұл атадан балаға жалғасып, қанымызға сіңіп кеткен қалыпты жайт. Арқаның Ақтоғай өңірінде де жарқырата көрсетіп, парасат – пайымын алға тартуға болатын, кезінде өздерінің қажырлы еңбектерімен талай – талай биіктерді бағындырған тұлғалар аз болмаған.



Біздің естеліктерімізге арқау болып отырған баршамыздың құрметтіміз, сыйлымыз – Қуанышбек ағамыз болмақ. Ағатайымыз Орталық Қазақстанның Қарқаралы қаласында шоғырланған байырғы педагогикалық училищесін 1952 жылы үздік бітіріп, өзі туып – өскен Ақтоғай ауданы «Таң» колхозындағы жеті жылдық мектепке ұстаз болып келді. Сәлден соң 1954 жылы тың игерушілер сапында сонау Мордва АССР-інің Ичалковск ауданынан Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына жолдамамен келген жас мұғалім – Драгунова Александра Николайқызымен көңіл қосып шаңырақ көтерді. Өмірге үш ұл, төрт қыз келді, Жапырақтарын жайған мәуелі бәйтеректей бақытты отбасы болды.

Мен Қуанышбек ағатайымның немере қарындасымын. Бала кезімізде біздің үйіміз қыстақта болды да, біздер мектепте оқу үшін осы орталықта тұратын Қуанышбек ағамыздың үйінде жаттық. Екеуі де жас – мектепте мұғалім. Бұл үйде бірнеше туыстың балалары жатады. Ол кезде түсінбейміз ғой, кейін есейгенде ойласам, басқа ұлт болса да Шура жеңгеміз қалай шыдаған. Шура жеңгеміз ағамыздың айтқанынан шықпайтын. Сонда ағамыз өте мықты азамат болғаны ғой. Кішкентай бөпелерін ағамыздың шешесі, Қадиша апамыз бағатын. Үлкен шешеміз Шура жеңгеме ұрсып тастаса, үндемейтін, қарсы келмейтін. Жатын бала көп, нанда шақ келмейтін. Есімде пешке отта жағып, тамақ істеп, нан пісіріп, мектепке сабаққа да барып үлгеретін.

Шура жеңгеміз қазақтың салты мен дәстүрін, тілін де меңгеріп алды. Сабақ өткізгенде түрлі әдіс-тәсілді пайдаланып, оқушының санасына жеткізуге бар күшін салатын және керемет сурет салатын. Біз таңқалушы едік. Екеуі де өте мықты. Беделді ұстаздар болды.



Қуанышбек ағатайым өте салмақты, ақылды, білімді, туған–туысқа қамқор азамат еді. Қуанышбек ағамыздың Шура жеңгеммен ренжіскенін көрген емеспіз. Туған–туыстың, анасының қарсылығына қарамастан Шура жеңгеме үйленіп, өмірінің соңына дейін құрметтеп өтті. Шура жеңгеміз ағайын – туыстың көңілінен шығып, қазаққа бергісіз келін болып шықты.

Біздер өсіп, еңбек етіп Жезқазғанда тұрғанымызда екеуі түрлі білім арттыру курстарына, кездесулерге келгенде үнемі біздің үйімізде болатын, бізде ол кісілерге барымызша құрмет көрсетуші едік.

«Өмір уақытымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді» деген қағида сөз бар. Қуанышбек ағамыз–адалдық пен татулықтың, бірлік пен ынтымақтың ұйытқысы, ағайын туыстың, дос жаранның қадірлісі болды. Екеуі де бірнеше атак, марапаттардың иегерлері.

Қуанышбек аға, жатқан жерің мамық болсын, Алла иман байлығын берсін!!!

*Әкбар қажы Қазыбек Қасабекұлы, мемлекеттік
қызметтің ардагері.*

*Мұхажанова Зағия–«Қазақстан Республикасы
білім беру ісінің үздігі», «Аға мұғалім»*



АЛҒАШҚЫ ТАНЫСУЫМ

1978 жылдың жаз айы үйленген болатынмын. Жұбайым Нағия екеуіміз бас қосқан соң, Қарағанды қаласына Әнтай (Адамбеков Ануарбек) ағайдың бір бөлмелі пәтерінде тұрып жатқанбыз. Жексенбі күні, түске таяу уақыт, үйде телевизор көріп, демалып отырғанбыз. Бір кезде есікке қоңырау шалынды. Мен барып есікті аштым. Алдымда орташа бойлы, біздің ұлтқа ұқсамайтын, ақ – құба, көзі көкшіл, орта жастағы орыстың бір келіншегі тұр. Мен ойладым: «көршілердің біріне келген болар, пәтер нөмірін ұмытып, бізден сұрамақшы болған ғой» деп. «Вы кому?» деп сұрап едім, ол кісі бірден: «Нағытай осы үйде тұрады ма?» деп қазақша сөйлегенде, өзімде сасып қалдым. Не дерімді білмей, ыңғайсызданып амандастым. «Иә, осы үйде тұрады. Үйге кіріңіз апай» деп, есікті кеңірек аша бердім. Бұл жағдай қаспен – көздің арасындай уақытта болды. Сөйтсем қасында бойшаң, кара торы ер адам бар екен. Апайдың

соңынан амандасып кіріп келе жатты. Ол кісілер үйге кіріп, Нағияны құшақтап сүйіп жатыр. Төрге шығарып, отырғызып таныса бастадық. «Айналайын Құрал, сен маған күйеу бала боласың, Нағия екеуің үбірлі-шүбірлі болыңдар... Мен Нағытайдың немере ағасы боламын, атым Қуанышбек. Ал мына қасымда отырған жеңгеннің аты Шура. Менің әкем Смағұл мен Мұқажан ағайынды адамдар. Сенің атаң Кенжеағаның жақын туысымыз» деп өзін таныстырды. «Сендерге амандасып кетейік» деп келдік. Сөз төркініне қарағанда бұл кісі білері көп, көпті көрген сыйлы, құрметті адам екені байқалады. Нағия шай қойып, қазан көтергелі жатқан. Ағай отырып: «Нағытай еш нәрсеге әуре болма?» деді. «Біз мына жерде жиеннің үйіне барамыз» деді. Оған дейін Нағияның шайы да дайын болды. Шай үстінде ағай әңгімесін айтты. «Құрал жана осы үйге келе жатқанда жеңген мені жаман ұялтты» деді. Мен: «қалай ұятқа қалдырды» деппін. Осы үйдің адресін өзі орыс болса да, бір орыстың қызынан: «Гоголя 46/2 қай жерде» деп қазақша сұрамасы бар ма? «Әлгі орыстың қызы көзі жыпылықтап ештеңе түсінбей қалды. Содан барып орысша сұрады. Ол үйді көрсетіп жіберді» деді. Нағия: «Шуке неге олай сұрадыңыз» деп еді. «Қайдан білейін орысшасы құрғыр аузыма түспей қалды» деді. Оған бәрімізде күлдік. Ұлты орыс болса да, қаншама жыл қазақ ауылында ағайдың қасында бірге тұрып, қазақшаны жетік сөйлеп үйренген Шура жеңгеміз де, өз тілінде кейде ұмытып, қазақша сөйлеп кетеді екен.

Бізге үйі жақын тұратын жиені Құдайберген мен жұбайы Торғайды да, менімен таныстырған еді. Сол жылдары Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарында Гүлшара, Көкенай, Елубай, Алтын тағы басқа да студенттер оқитын.



Бір келгенде Ағай мен Шура жеңгеміз өздерімен бірге кенже қызы Гаухарды ала келген еді. Мен баланы еркелеткенді жақсы көруші едім. Ол кезде 3–4 жастың шамасында болатын.

Бала деген тәттіні жақсы көреді ғой. Гаухарға дүкеннен көңілін аулап, әр түрлі тәттілерді әкеп беруші едім. Ол кәмпиттерді жеп алып, мені жатырқап, маған қабағын түйіп «сен бұл үйден кет, бұл сенің үйің емес» деуші еді. Мүмкін мен ашуландырып алдым ба? Сол еркелігіне қарап мен оған «көкқыз» деп ат қойған едім. Әрине қазір өсті. Жанұясы бар. Кейде айтқан кезде ұялатын. Сөйтсем ағай Гаухар қызын сол кездері «ақ қоян» деп, ал екінші қызы Назымды «қара қоян» еркелетеді екен. Үйде бір – екі күн болып кетті.

1980 жыл болатын, Ағай мен Шура жеңгеміз Қарағандыға келіп, бізді алдын ала тойға шақыра кетті. Тұңғыш қызы Гүлшар Қарағандының медицина институтының санитарлық бөлімін бітіріп, тұрмысқа шыққалы жатыр екен. Ағайдың айтуы бойынша күйеу баласы Ресейдің қазағы. Құдалары Астраханның жанындағы «Басқұншак» деген жерден келген. Тойды қаланың орталығындағы «Орбита» ресторанында өткізуге тапсырыс беріпті. Мен, Нағия, Гауезхан, Мәкен, Шура жеңгеміз және Ағай, жиені Құдайберген тағы басқалары тойға жиналып бара жаттық. Жолда Шукең жеңгеміз: «Құдай сақтап мына қызымыз әйтеуір қазаққа тұрмысқа шықты ғой, соған қуаныштымын, жақсы болды, мен қорқып едім Ресейдің бір орысына тиеме екен» деп айтпасы барма. Сол жерде тұрған бәріміз көзімізден жас шыққанша күлдік.

Тойда Ертай бажамен таныстым. Қазақтың Қарапайым жігіті. Әкесі ерте қайтқан, туған шешесі бар. Біздерді тойға келген туыстарымен таныстырды. Ленинградтан Ермек ағасы, ауылдан тағы бір ағасы Қалау, жеңгесімен, туған апасы Әния



және Джема қарындасы болды. Той жақсы өтті. Кейін жақсы араласып кеттік...

Ағайдың бір қасиеті ауылдан келгенде қаладағы бар туыстарына барып амандасып шығатын. «Ет асайын» дегенде өз уақытын айтатын, «қазір шай ішіп кетемін» дейтін. Қай үйде тамақ дайындатса, сол үйге бәрімізді шақыртып алып, сол дәмді бізбен бірге ішетін.

Ағай келгенде аса бір жақын туысым келгендей қуанатынмын. Той – думанда, бізді өзінің қасына отырғызып, алындар – ішіндер деп сый көрсететін. Бір – бірімізге құрметпен қарайтынбыз. Мен «үлкенмін» деп жатырқамай, «қайнағамын» деп шіренбей, бәрімізді бір–бірімізбен жақындастырып, араластырып, туыстығымыз жарасымды болды. Бәрімізді бауырына тартып, өзінің бала – шағасын таныстырып, білістіріп кетті.

Соңында айтарым: Ағайдың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артындағы ұрпағына бақ – дәулет, құт – береке, зор денсаулық берсін, ынтымақ, бірлікте өсіп – өне берсін.

Саналы ғұмырында әділдікті, шыншылдықты, тазалықты бойына сіңірген, кеудесі шежіре, Қуанышбек ағайдың есімі ұрпақтарының жадында мәңгі өшпей, елмен бірге жасай берсін!

*Естелік жазған:
Рахимбеков Құрал.*

НАҒАШЫ

Қуанышбек нағашым 1932 жылы туған. Қоңырат кенішіне жұмысқа түсу үшін 3 жасты қосып жаздым, паспорттағы жасым бойынша 1929 жылғым деп айтатын.

Нағашым өте ақкөңіл, жомарт адам болатын. Біз жас кезімізде нағашы деген сөзді білмедік. Қуанышбек нағашымды туған ағамыз деп білдік. Оның себебі, Мәукен, Қуанышбек ағаларымыздың үйлері, біздің үй соғыс пен ашаршылық жылдары бірге тұрған. Бізге нағашың мына кісі деп айтқан және ол кісімен ойнауды үйреткен емес. Қуанышбек ағамыз да бізді өте жақсы көрді. Міне, бұның себебі осы ма деймін. Мен ол кісінің ашуланғанын, біреуге реніш білдіріп отырғанын көргенім жоқ. Ол кісінің жақсылығын кейінде бірге жүрген азаматтардан да көп естідім. Бір сөзбен айтқанда, аузын ашса, жүрегі көрінетін кісі еді. Ағамыздың әкесі Смағұл ерте қайтыс болып, Қадиша шешеміз бес баланы жалғыз асыраған.

Әкем Қабыкей соғыстан келген соң, 1947 жылы ауданда техникумға бала жинап жүрген өкілдерге кездесіп, ауылдағы 3 балаға Қарқаралы педучилищесіне жолдама алып беріпті. Олар Қуанышбек нағашым және өзіміздің ағайын-туыстардың балалары екен. Сол оқуды бітіргеннен кейін ағамыз Қусақта («Шұбартау» совхозы) мұғалім болып қызмет істепті. 1954-1955 жылдары тың игеру науқаны кезінде ауылға мұғалім болып келген Шура жеңгемізбен танысып үйленген екен. Бұл жерде Шура жеңгеміз туралы бірер әңгімені айтқанды жөн көрдім.

Кейінде Қуанышбек ағамыз 20 жылдай Приозерный ауданындағы «Айыртас» совхозында еңбек етті. Мектеп директоры, Айыртас селолық кеңесінің төрағасы болды. Приозерный ауданы орыс тілді аудан болғаннан кейін, бірде аудандық пленум жиналысында аудандық атқару комитетінің төрағасы Көпбаев Қуанышбек ағамызға сөз сөйлейсіз депті. Сонда ағамыз: «Аужеке, мен орысшаға шорқақпын ғой» деп, сөйлеуден ат-тонын ала қашыпты. Сонда Көпбаев: «Қуке, үйдегі жеңгеймен қалай танысып, қалай сөйлестіңіз?» десе, ағамыз: «Ол махаббат қой, оған орышшаның керегі жоқ» деген екен.

Бірде ауданнан өкілдер келіп, ағамыз жеңгемізге «ауданнан келген кісілер кешке үйге қонаққа келеді, соған дайындал», дейді. Өзі үйге бір қойды ауылдың жігіттерін жібертіп сойғызады. Бірақ қой сойған адам басын ұйтпей кетеді. Шукен жеңгеміз сабақтан үйге келсе, бас ұйтілмеген екен. Оны жақын маңда үйте қоятын адам да жоқ. Қонақ келетін уақыт болса жақындап қалды. Содан үйдегі баласы Нұрсыланбекке бастың терісін сыпырып таста дейді. Өйткені Шукен сыйлы қонаққа бас тартпаса ұят болатынын біледі.

Кешкісін қонақтар келеді. Ас мәзірі – ет тартылады. Сөйтсе, етпен бірге терісі сыпырылған, екі көзі ғана бақырайған бас келеді. Сонда Қуанышбек ағатайым: «Астапыралла, мынау не, Шура?» – дейді.

Шуре жеңгеміз саспастан: «бұл қойдың басы, бағанағы адамың қойдың басын үйітпей кетіпті, енді не істейін,

Нұрсыланбек балама терісін сыпырып таста», дедім деп қарап тұр дейді. Сонда қонаққа келген кісілер: «Қуке, ештеңе етпейді, Шукендікі дұрыс, бас келді, бәрі дұрыс, енді миынан ауыз тиеміз», деген екен.

Шура, Александра Николаевна Драгунова 1954 жылы тың игерушілер қатарында Мордва АССР–нан Қарағанды облысының Қоңырат ауданына мұғалім болып келіпті. Ұлағатты ұстаз «Қазақ ССР–нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағының, Ленин және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Жеті бала өсіріп тәрбиелеген ардақты ана, немерелер мен шөберелер сүйген асыл әже.

Шура жеңгеміздің қазақшасы орысшадан аударылған болған соң, естіген құлаққа қызық болып келеді, бірақ айтылған сөздері ұтымды шығады. Оны құрдастары, қайындары әр жерде айтып, елді қыран–топан күлкіге батырады.

Тағы бірде ағамыз Шураға «қайынағаң келеді, ет ас, кәдеге жамбас сал» депті.

Кешке қонақ үйге келіп, дастарханға ас тартылып, ағамыз табаққа қараса, жамбас жоқ екен, сонда: «Шура, неге жамбас салмағансың?» – деп сұрайды. Сонда Шура жеңгеміз айтыпты:

– Әй, Қуанышбек, қызылбас қайынаға келді, бір жамбас астым. Ақсақ қайынаға келді, екінші жамбасты алдына қойдым. Қисық ауыз қайынаға келді, үшінші жамбасты салдым. Соқыр қайынаға келді, төртінші жамбасты астым. Қуанышбек, сенде неше жамбас бар еді? – депті.



Сол жердегі дастархан басындағы кісілер қыран-топан күлкіге кенеліпті.

Сонда ағамыз:

– Ойбай, қу Шура, құрттың, жап аузыңды, болды, – деген екен.

Осындай үлкен жүректі, қарапайым, адами, рухани да терең білімді, мінезі майда, рухы шуақты, еліне сыйлы, өмір тәжірибесі мол, халқының қадірлісі Қуанышбек ағамыз балаларын жақсы тәрбиелеп, жеті баласына жақсы білім алып беріп, түрлі мамандық иесі болуына қамқорлық жасады. Ұстаздық еңбегінде шәкірттері ғылым жолында, шаруашылық салаларында еңбек жасап, білікті мамандар бола білді. Бір өкініштісі, ағамыз өмірден ерте кетті, 1993 жылы 61 жасында. Жатқан жері жайлы, жаны рахатта болсын. Алла иман байлығын нәсіп етсін, артындағы елінің іргесі аман, ұрпақтары тек бақытты болсын!

Жиені: Елубай Баймаганбетов.
«ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі»

ҚАЙЫНАҒА БАТАСЫ

Мен бұл азаматтың атын Алматыда студент болып жүргенде, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында естіп қанық болған едім. Оған себеп, менің үлкен ағам Нығыжан болатын. Бірде, жазғы каникулға елге келгенімде Нығыжан ағам Көкшетаудың Бурабайындағы санаторилерінің бірінде болып ем-шара алып дем алып келген беті екен. Аmandық саулық сұраса кіріп шыққан ауыл адамдарына кімдермен қай жерде дем алғанын айтып, әсерлерін бөлісіп отыр екен. Көрікті жерде дем алған соң оның қызықты, әсем жерлерін аралағанда қасында әңгімең мен ой жүйең сәйкес келетін адамдармен бөлісе жүргенге не жетсін. Ағам, бір азаматты келісіне келтіріп, азаматтығы мен көңіл көкжиегінің бүкпесі жоқтығын, әрі өзі де педагог болған соң осы реттегі сол азаматтың терең білімі мен мінез байлығын ерекше дәріптеп отыр. Өмір баспалдақтарын өз еркіммен жаңадан аттап басып, жан-жағымда қандай жақсы

құбылыстар мен еліктейтін үлгі алатын қандай жақсы адамдар бар деп өмір мектебінің берер сабағына құлақ түріп, көз суара бастаған уақытымыз, әңгіменің барысы мені де қызықтырды.

Ағам, халыққа білім беру саласында көп жылдан бері бірге қызмет етіп келе жатса да, ескі танысының сыйластыққа берік, адамдармен қатынастағы соны қырларын жетесіне жеткізе айтып отырды. Ол азамат мен бүгін естелігіме арқау етпекші болып отырған Смағұлов Қуанышбек ағамыз еді.

Біз, Қуең екеуміз, бір салада еңбек еткеніміз жоқ. Мен ауылшаруашылығы саласында. Ол кісі болса халыққа білім беру саласында. Сондықтанда бір аудан аумағында тұрсақ та жақын танысудың реті келмей жүрді. Мен ол жылдары аудандық ауылшаруашылығы басқармасындағы қаржы–есеп бөлімінің басшысы болып қызмет етумен қатар, аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі



Суретте солдан оңға қарай: Ағам-Нығызжан, Қуеңнің жиені–Құдайберген және Қуанышбек ағамыз.

ретінде, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып жүргендіктен қай саланың болмасын келелі жиындарына қатысатын едім. Сондай келелі жиынның бірі, халыққа білім беру саласының жылына бір рет болатын тамыз маслихаты болатын. Жастықтың елең–пелең шағында өзіме үлгі тұтқан ағам Нығыжанның айтқан әсерлі әңгімесінің әсері болар, тамыз маслихатында, Қукеңді көре қалғанымда ағамның сол бір әсерлі пікірі қылаң бере қалып, өз тарапымнан ол кісіге құрметпен қарап сәлемдесіп жүрдім. Осыдан, адамдар туралы жақсы пікірді жан жағыңа айта жүрсең танымайтын адамдар арасында да дәнекер болуға болатынына ой түйдім.

Қызмет бабымен, аудан кеңшарларында болып сан азаматтармен бір мақсатта еңбек етіп, танысып жүрген шақтардың бірінде Айыртас кеңшарына жолым түсті. Айыртаста менің әкеммен жолы теңдес Мұхамметжан қажының қызы Батима апамыз тұратын. Сол апамыз бен Ақтан жездемізден туған жиеніміз Бекболат Айыртас ауылындағы менің бірден бір түсетін үйім. Олармен де, мен, ат жалын тартып мінген жылдардың басында ғана табысып, бір–бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымыз ерекше болып қалыптасып кеткен болатын. Бекболаттың қосағы Орал жеңгеміздің руы құлық атаңнан болған соң, Бекен мен Қукеңнің арасында бірі күйеу бірі қайынаға болған жарасымды сыйластық бар екен. Сол кеңшарда жүрген күндердің бірінде Бекен:

– Сені бүгін осы кеңшардағы бір жақсы қайынағаммен таныстырам, жұмыс аяғында үйге кешікпей кел, кешкі асқа шақырып қойдым – деді. Атын айтқан жоқ.

Кеште үйге кіріп келсем, өзім сыртынан атына қанық, көргенде игі көңілмен кездесіп жүрген Қуанышбек ағам отыр. Қасында, таза да өзіне жарасымды тықыдай киінген

шағын денелі басқа ұлттан қосағы Шура шешеміз отыр. Таныстық. Білістік. Ондайға ат салдыратын Бекең бе, барлық жайды айтып менің Қукеңнің жақын қарындасы Сәулемен жарасып жанұя болғанымызды айтып жатыр. Қукең де біздің отбасы құрғанымыздан хабары бар екенін, ағам Нығыжанмен арасындағы сыйласымдық туралы жақсы пікірлер айтып, орнынан тұрып қолымды алып құшақтап «Бақытты болыңдар!»- деген ыстық лебізін білдірді. Мен, Қукең мен Шура шешемізбен осылай танысып едім. Қуанышбек ағамыз бен Сәуленің ағайындық қатынасын мен жазып шежірелейтін жол емес. Осы күннен бастап, Қуанышбек ағамен арадағы бұрында жалғасуға сеп таба алмай жүрген сыйласымдылықтың алтын жібі ширатылып жүре берді.

Төлеужан Ахметбеков

БАЛАДАЙ АДАЛ, ДАЛАДАЙ ДАРХАН, АЙНЫМАС АДАЛ ДОС ЕДІК

1976 жылдың жазында жұмыс бабымен Сарытерек аулынан көшіп келіп, Айыртас совхозына қоныстандық, мамандығымыз бойынша Айыртас орта мектебіне мұғалім болып орналастық. Ең алғаш бізді қарсы алған Қуанышекеңнің зайыбы Драгунова Александра Николаевна еді (Шура тәтеміз).

Біздер ол кісімен орыс тілінде амандасып, көші-қон туралы орыс тілінде айта бастап едік, тілдерінді бұрамай қазақша сөйлей беріңдер, мен қазақтың әйелі емеспін бе? – деді.

Өмірінде өрісіңді көбейтетін де, тіршілігіңді көл бетіндей шалқытатын да достарың. Ол кезде Отан, еңбек дегенде жұрт ұйысып тұратын. Сол топқа Қуанышекеңдермен бірге қосылып, достығымыз, әріптестігіміз жарасып жақын туыстай болып кеттік. Біздер құдай қосқан



көрші болдық. Бір шәугім шайды бөліп ішіп, балаларымыз араласып, достығымызды ары қарай жалғастырды да сырбаз сыйластықта болдық.

Ол өзін өте кішіпейіл, көпшіл, жақын–жуыққа адалдығымен таныта білді. Есігі жабылмайтын, дастарханы жиылмайтын, төрінен қонақ үзілмейтін, жақсы адамдар орын алған үлкен әулеттің отағасы болды.

Бәріміз де пендеміз. Бірге жүрген адамның қадір – қасиетін тірі кезінде терең пайымдап оған тиісті құрмет көрсете бермейміз. Одан мәңгі бақи айырылғанда ғана орны үңірейіп қалады. Қуанышбек аға досқа адал, парасатты, кең қолтық азамат еді. Қазақтың азаматына тән бауырмалдық қасиеті бар, туған жері «Қараталды» жақсы көріп, туған-туысқа, достарына деген сүйіспеншілікті бойына жинаған. Адалдығымен Аллаға да, адамға да жаққан, елдің шексіз құрметіне бөленген мақтаныш, көлгірсуді жаны қаламайтын қарапайым жан. Ешкімді алаламайтын өте әділ адам еді. Мен Жеңіс Шайкенұлы Қуанышбек ағаның мектебінде мұғалім болғанымды әрдайым мақтан тұтамын. Қуанышбек ағамыз менің қызметкер болуыма себепші болған жанның бірі емес, бірегейі.



Мен Қуанышекеңнің шапағаты мен қамқорлығын көп көрдім. Ағамыз мені жассынбай, терезесі тең адамдай сөйлесіп, арасында қалжыңдарын қыстырып, ақыл–кеңесін аямай айтатын. Ешкімнің көңіліне тимейтін, қатты сөз айтпайтын, жібек мінез биязы жан еді. Отбасында адал, жанашыр, балаларына, немерелеріне мейірімі төгіліп тұратын. Дауыс көтеріп сөйлеген адам емес. Өте қарапайым кішіпейіл адам еді. Айыртаста басшылық қызметтер атқарып, елдің шексіз құрметіне бөленген жан. Аллаға да, адамға да жаққан, ел тізгінін ұстаған еңселі азамат. Адамның өмір сүруінің мәні артында із қалдыру. Оған үлкен жүрек, кең пейіл, асқан ақыл керек. Жеке бастың емес, ұлттың, елдің, жанұяның қамын ойлаған адам ғана ел жүрегінен орын алады.

Бүгінде 90 жастың төріне шыққан Қуанышекеңнің жары Александра Драгунова тәтеміз саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз. Ұзақ жылғы ұстаздық қызметі үшін КСРО жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен «Ленин» орденімен марапатталған. Ақтоғай өңірінде мұғалімдік жолы қалыптасып, ауыл балаларының білім алуына өзіндік үлес қосқан еңбегі бағаланып, бірнеше марапатқа ие болған. Тылдағы еңбегі үшін түрлі мерекелік медальдармен марапатталған. Бірнеше дүркін ауылдық Кеңесінің депутаты болды.

Қуанышекең мен Шура тәтей өмірге үш ұл, төрт қыз әкелген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Әрқайсысы жоғары оқу орнын тәмәмдады. Өз салалары бойынша еңбектенуде. Берекесі мен бірлігі жарасқан отбасының шаңырағынан шаттық кетпесін деп ойлаймын.

Шура апайдың Қуанышбек ағамен айта жүрер естеліктері әлі де жадымызда. Бірде аға сіз орыс тілге шорқаксыз, апаймен қалай тіл табысып, үйлендіңіздер дедім. Сонда Қуанышекең:



Әй, сенде қызық екенсің, оған орысша-қазақша тілдің қажеті не «махаббат – үнсіз тіл емес пе» дегені бар.

Бір жылы совхоздан жылқы сатып алып, көп жылқысынан соғым сойыпты, ол жылқы кәрі болса керек, сондағы Шура апайдың айтқаны «мына Қуанышбек кәрі кемпірді әкеліп сойып тастады» деп. Біздің үйге ауданнан, облыстан келген адамдар үйге түседі. Қалай ана етті асып берем дейді.

Қуанышкеңмен мен Шура апайдың үйленген кезі болса керек, Шура апай достарынан сұраған ғой, үйге кіріп келе жатқан адамға жоғары шығыңыз, төрлетіңіз дегенді қазақша қалай айтамын деп сұраса, достары «өлтiремiн» деп бiрнеше рет қайталай бер дептi.

Бiрде адуын мiнездi ана ашуланып айқайға басып мектепке кiрiп келе жатқанда, Шура апай алдынан шығып, «ей асау қыз берi келшi бетiңнен сүйiп, құшақтайын» деп, ашуын басып керi қайтарған екен.

Бейiттiң тұсынан өтiп бара жатқанда бет сипап, құран бағыштаймыз ғой, соны байқап жүрген апай, мал қораның жанынан өткенде де бетiн сипап «Аллаху акбар» дейдi екен.

Мiне жақсы адамдармен жақсы күндерiмiз осындай қызықтарға толы болды.

Жеңiс Шайкeнұлы, жолдасы: Исина Шайза

БІЛІКТІ БАСШЫ – МЕКТЕП МЕРЕЙІ

Алматы қаласындағы қазіргі Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін 1976 жылы бітірдім. Қолға диплом алғаннан кейін жұмысқа орналасудың кезеңі басталды. Қазіргі кездегідей емес, ол жылдары қазақ тіліне сұраныс өте төмен болатын. Қалада саусақпен санарлық бір – екі қазақ мектебіне орналасу мүмкін болмайтын. Өзімнің де қалада қалу ойымда болмапты. Бітірген оқу орным Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас совхозына баруға қолыма жолдаманы ұстатып жіберді. Ол кезде жолдаманың сұрауы болатын, жіберген жеріне барғанға дейін сені бақылауда ұстайтын. Егер бармасаң заңмен іздеп шара қолданатын.

Айыртас совхозы Жезқазған облысының шалғай ауылында орналасқан. Ақтоғайдан 400 шақырым, Балхаш қаласынан 500 шақырымда орналасқан. Жол жоқ салынбаған, автобус та жүрмейтін. Айыртасқа бару үшін жеке көліктер іздейсің. Сол Айыртаста бұрын болмағандықтан алдын – ала көріп қайтпақ болдым.

Мені мектеп директоры Смагулов Қуанышбек жылы шыраймен қарсы алды. Совхоз, мектеп жайында біраз ақпарат беріп таныстырды. Мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалімі болып 1976 жылы қазан айында орналастым.

Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын басты міндеттердің бірі – бала тәрбиесі. Ал осындай істе бойында ұлттық санасы мен кісілік келбеті қалыптасқан саналы ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздардың міндеті.

Білімді оқушылармен білікті ұстаздардың ортақ үйі – мектеп. Осы ұжымды жоғары деңгейде басқаратын мектеп директоры. Соның бірі мен 26 жыл жұмыс жасаған мектептің, ұстаздық еңбек жолымдағы алғашқы директор Смагулов Қуанышбек. Қуанышбек ағай ұжымның ақылшысы бола білді, туындаған мәселені дер кезінде шешетін. Ұстаздардың іскерлігін айыра білетін, дер кезінде көмек беретін, тіпті мектеп оқушыларының қабілетін, мінез құлқын, олардың ата-анасы жайлы, олардың тұрмыс – тіршілігін жетік білуші еді.

Мектепте жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға, еңбек тәрбиесіне үлкен мән берді. Мұғалім – оқушыны еңбекке ұйымдастырып, баланың бойына отансүйгіштік қасиетті, туған ауылын, оқыған мектебін сүйуге тәрбиелеуге аса назар аударды. Совхоздың науқандық (күздік – қыстық – көктемдік) жұмыстарына ұжымды белсенді ұйымдастырады. Мұғалім мен оқушының ара – қатынасын жақсы жолға қойып, өзара түсінісуге таптырмас орта екеніне назар аударды. Еңбектің тәрбие саласындағы алатын орны мен нәтижесі оқушыларды кәсіби еңбекке баулып болашақ ауылшаруашылық мамандарын, трактористерді дайындады. Ауыл баланы еңбекке икемді жасайды, сол арқылы баланың өмірге бейімделетінін назарында ұстайтын. Жас ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мектептен басталады. Ағай мектептің

алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі совхозға ауысуына байланысты мені мектептің әскери жетекшілігіне тағайындады. Себебі университет қабырғасында әскери кафедрада әскери дайындықтан өткен лейтенант шенім болатын.

Оқушылар Отан қорғау жөніндегі құқықтарды игеріп, Қарулы күштердің қызметін, әскери қызметпен азаматтық қорғаныс негіздерін дұрыс түсініп, болашақ жас жауынгерлерге қажет болатын білім мен практикалық дағдыларды және психологиялық бейімдеушілікті меңгеруі тиіс.

Қуанышбек ағай әскери – патриоттық тәрбиені дамытуға қажетті материалдық–техникалық базаны жасақтау кезінде көп материалдық көмек көрсетті, оны практикада қолдануда мүмкіндіктер туғызды. Дер кезінде аудандық әдістемелік мәжілістерге, аудандық әскери комиссариат жанындағы әдістемелік шараларына қатысуға, далалық әскери оқу жиынға оқушыларды апарғанда өмір қауіпсіздігін сақтау ережелеріне қажетті талаптарды шешуде өз міндетін орындаған шебер басшы болды.

Ағай адамгершілігі мол, ақ көңіл ешкімді қатты ренжітпейтін еді. Жұмыс бабында талап қоятын және орындалысын қадағалап отыратын.

Ағаймен «Құдай қосқан көрші болдық». Өмірімізде күнбе – күн кездесіп, амандық – саулық сұрасып, балаларымен араластық. Мектеп аясында бірге еңбек етіп жүрген әріптестеріне дұрыс бағыт – бағдар беруден жалыққан емес.

Ағайдың бойынан кемел адамдық қасиеттің иесі екенін көрдік. Өзіне, өмір сүрген ортасына ұрпақ тәрбиесіне мұқият қарап, соңына із қалдырған білікті басшы болды.

АҒАТАЙЫМ ЖАДЫМДАСЫҢ

Ардағымсың, әкетайым, асқарым,

Қанатымсың, бар байлығым, аспаным.

Сенің арқаң бүгінгі күн көргенім,

Жадымдасың керегі жоқ басқаның –

дегендей еске алатын асқар таудай биік, абыройлы, отбасына ұйтқы болатын әкелеріміз көбейе берсін. Мына дүниеге аяқ басқан әрбір перзент үшін ата–анасының бар болуы үлкен нығмет. Расында, бала үшін ананың орны маңызды болғандай, әкенің де рөлі жоғары тұрады.

Әке – асқар тау, бұл отбасы деген кішігірім мемлекеттің қамқоршысы, сол шаңырақтың бар ауыртпашылығын көтеретін, асырап бағатын, тәлім тәрбие беретін асыл тұлға.

Қазақ халқымыз ежелден ата–анаға деген сыйластық пен құрметті баланың бойына сіңдіре білген. Ал қазіргі таңда балаға бұл тәрбиені бере алатын жандар санаулы деу себебім кейбір жас ата–аналардың өздерін қайта тәрбиелеу қажет деп есептеймін. «Бала көңілдің гүлі көздің нұры» деп еркелетіп, қалай өскенімізді байқамай кетеміз.





Әкем мен шешемнің жастық шағы



Нұрсыланбек, Қадиша әжем, Мейрамбек



Аяулы анам, ардақты әкем



Апасы Күләй, жездесі Қабыкей



Женгесі Шахира (Шәкен), Ағасы Мұсылманбек



Қарындасы Шайза, күйеубаласы Галиямен бірге



Жиені Құдайберген



Жиені Мейраммен бірге



Гүлшара, Бакыт, Нұрсыланбек, Ерсұлтанбек,
шешем, әкем, Мейрамбек немере ағам



Балалары: Нұрсыланбек, Ерсұлтанбек



Тілеутай, шешем, Шайза, Нұрланбек, Мейрамбек



Әкеміздің он жылдығына «Ас берген» кез



Әкеміздің басында құда және анамызбен болдық



Кіші ағатай жеңгесімен бірге бауырларының ортасында



Апам, жездем, Ерлан мен Мадина, Дана мен Рүстем



Апам, жездем немерелери: Зарина, Алихан, Малика



Апам, Жездем, ұлы Ерлан, кызы Данамен бірге



Ернұр, Алихан, Айзере әжесімен бірге



Дана мен Рүстем балалары: Зарина, Малика, Айлин



Ағам Нұрсыланбек шешесімен бірге



Ағамның ұлы Артур, келіні Гүлмира, немересі Мансұр



Ағам, жеңгем, кызы Гүлмира, күйеубаласы Талғат



Гүлмира, Талғат, кызы Диляра, ұлы Сұлтан



Руслан, Галия, балалары:
Лилиана, Марлен



Алпамыс, Мадина, балалары:
Расул, Рамина әжесімен бірге



Рүстем, Айжан, балалары: Арлан, Амир, Айлана



Шешеміз немерелері мен шөберелерінің ортасында



Гүлжазира, Айдын, балалары: Ерасыл, Шұғыла, Сұлтан, Айхан



Шешеміз, қызы Айман, жиендері, жиеншарлардың ортасында



Азамат, Мадина, балалары:
Айсара, Арнұр



Қанағат, Диана, балалары:
Мансұр, Аяла



Жеңіс, қыздары мен жиенінің ортасында



Гүлсая, жолдасы Атабай, балалары:
Өмірхан, Жанболат



Жеңістің күйеубаласы Айдын, қызы Мейрамкүл



Назым
шешесімен бірге



Нәсіпкүл, Алмас,
баласы Алима



Шешеміз Назымның ұлы Еркебұланның үйлену тойында
балаларының, жақын туыстарының ортасында



Гаухар шешесімен бірге



Юра, Гаухар, балалары:
Илона, Нұрбол



Абуталип және Илона



Нұрбол, Гаухар, Абуталип, Илона, Юра

Әке–шеше өмірдің мәнін де, дәмін де келтірген Алланың бізге берген ұлы сыйы деп түсінем.

Осыған орай, айтайын дегенім әкемнің туған інісі, менің кіші әкем Смағұлов Қуанышбек ағатайым туралы естелік ретінде көргенімді және білетінімді айтқым келіп отыр.

Смағұлов Қуанышбек ағатайым 1929 жылы оныншы наурыз айында дүниеге келген. Туған жері Қоңырат ауданы «Ұлы Октябрь» колхозында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Мырзамағанбетұлы Смағұл ағатайымның екі жасында қайтыс болған. Отбасында бес баланы асырау үлкен әжеміздің (Қадиша) иығына түскен. Осы кезде отбасындағы барлық ауыртпалық жалғыз анасының иығына түскендіктен ағатайым он жеті жасқа толысымен Қоңырат кенішінде бұрғылау станогына жұмысқа орналасқан. 1952 жылы Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищені (қазіргі Абай атындағы Сарань гуманитарлы–техникалық колледжді) бітіріп, жолдамамен Ақтоғай ауданына келген. Аудандық оқу бөлімі жас маманды «Таң» колхозындағы сегіз жылдық мектепке тарих пәні мұғалімі ретінде жіберген.

1954 жылы «Таң» колхозындағы мектепке сонау Мордва АССР-інен жолдамамен Александра Николаевна Драгунова келеді. Бұл қазіргі Қусақ ауылдық округіне қарасты Шұбартау ауылындағы мектеп. Ол кісі, осы мектепте орыс тілі және әдебиет пәндерінен сабақ береді. Бір–бірін жақсы көріп ұнатқан екі жас ұстаз осы мектепте қызмет етіп жүргенде табысып, 1956 жылы 20 шілде күні некеге тұрып, шаңырақ көтереді. Арада бір ай өтпестен, тамыз айының 26 күні жас отбасын «Қаратал совхозындағы №3 орта мектепке ұстаздық қызметке ауыстырады. Ағатайым география, тарих пәнінің мұғалімі және мектептің оқу ісі



жөніндегі меңгерушісі қызметіне тағайындалса, Александра Николаевна (ауылдағылар бұл кісіні Шура апай деп атап кеткен) орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі қызметіне орналастырылады. Осы мектепте екеуі 17 жыл бірге қызмет жасайды.

Ағатайым 1960 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, оны 1967 жылы тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Ал оның алдында, 1959 жылы осы институтқа Александра Николаевна түседі. Ол кісі аталған оқу орнының толық курсың Қуанышбек ағадан бір жылдан кейін, 1968 жылы орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тамамдап, диплом алады.

1957 жылы ағатайым партия қатарына өтеді ол уақытта жоғары білімді жастарды партия қатарында болса, жауапты басшылық қызметтерге жіберетін. Осындай қызметтен ағамыз да сырт қалған жоқ. 1973 жылы Айыртас орта мектебіне директор болып тағайындалды. Александра Николаевна болса, осы мектепте ұстаздық қызметін жалғастыра берді. Сөйтіп, Айыртас мектебінде 24 жыл қызмет істеп, еліміздің өскелең ұрпақтарын өсіріп тәрбиеледі. Үкімет Александра Николаевнаның еңбегін бағалап: «Ленин» және «Құрмет белгісі» ордені, «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен марапаттады, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1980 жылғы 15 тамыздағы Жарлығымен «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» атағының иегері болды және жеті баланы тәрбиелеп өсіргені үшін «Алтын алқа» төсбелгісін берді.

Ағатайым мектеп директоры қызметін атқара жүріп, Айыртас мектебін білім мен тәрбие сапасы жағынан жақсы биіктерге көтерді. Педагогикалық еңбегінің арқасында үлкен

абырой жинады, халыққа сыйлы азамат атанды. Мұндай жетістіктер партияның назарынан тыс қалған ба? Ағамызды Айыртас селолық кеңесінің төрағасы қызметіне көтерді. Ол бұл қызметті 1989 жылдың 11 наурызына дейін, зейнеткерлік жасқа шыққанға дейін атқарды.

Ағатайым мен Шура шешеміздің балаларының барлығы оқып, арнайы білім алған мамандар. Көпшілігі Қарағанды қаласында тұрады. Еліміздің гүлденуіне олардың да қосып жатқан сүбелі үлестері бар. Баласының үлкені Гүлшара (1957 жылы туған) медицина институтын эпидемиолог мамандығы бойынша бітірген. Жолдасы Ертай Салимбеков Астрахан қаласының тумасы. Бұлардан туған немересі Ерлан жоғары білімді маман, Қарағандыда қызмет жасайды. Екінші немересі Данада жоғары білімді, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы болып қызмет жасайды.

Гүлшарадан кейін туған Нұрсыланбек (1959 жылы туған) жоғары білімді дәрігер педиатр. Жолдасы Бану – Нөкербеков Кәкеше ағаның қызы. Екеуінен бір ұл, бір қыз бар. Артур ақтау қаласында әскери бөлімінде контракт бойынша қызметте.

Нұрсыланбекпен тете өскен Ерсыланбек (1962 жылы туған) – жоғары білімді химия пәнінің мұғалімі, Қарағандыдағы екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы Республикалық әскери мектеп–интернатында оқытушы болып қызмет жасайды. Жолдасы Айсұлу лицейде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. Ұлдары Руслан, Рүстем және Алпамыс жоғары білім алған мамандар. Руслан – кәсіпкер, Рүстемнің қазіргі қызметі Астананың өңірлік штабында жұмыс жасайды әскери шені – подполковник. Алпамыс Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін қызыл дипломмен

бітірген, мамандығы материалтану және жаңа материалдар технологиясы.

Ағатайымның қызы Айман (1964 жылы туған) мен Назым (1970 жылы туған), ұлы Жеңіс (1966 жылы туған) орта арнаулы білім алған. Айман Балқаштағы Р.Кенбаев атындағы профилактирей–санаторийде әкімшілік басшысы болса, Назым Қарағанды Қаласындағы тубдиспансерде медбике болып еңбек етеді. Отбасының ең кенжесі Гаухар (1973 жылы туған) Қарағанды қаласындағы перзентханада медбике.

Қуанышбек ағамыздың балаларының барлығы қазақ мектебінде оқып, ана тілінде білім алды. Одан ешқайсысы кем болған жоқ. Қазіргі таңда отбасының ұйытқысы болып, ене күтіп, қазақ ауылының сыйлы да құрметті келіндерінің бірі бола білген Александра Николаевна 1990 жылдың басынан бері Балқаш қаласында тұрып жатыр. 7 баласынан 15 шөбере 18 жиеншары сүйіп, солардың қызық–қуанышын көруді өмірлік ізгі мұраты санайды. Ағатайымның адамгершілігі, парасаттылығы, кеңпейілділігі, ізгілікке жақын тұратын қарапайымдылығы, өз жұртына көзі тірісінде белгілі еді. Өзі өскен ортасы әділ бағасын тірісінде беріп үлгерген еді. Халқын өзі қалай сүйсе, халқыда оған содай құрмет көрсетті. Қанша жыл мектеп басқарып жүрсе де, өмірінің соңғы жылдары Ауылдық кеңестің төрағасы болып жүргенде де, өз биігінен көрініп жүрді. Адал еңбегімен, маңдай терімен, терең біліктілігімен, азаматтық парасатымен қоғамда өзіне лайықты орын алды. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды, өзі арамызда болмаса да, көзі қалды. Ең үлкен бақыт сол шығар. Ендеше, берекесі мен бірлігі жарасқан отбасының шаңырағынан шаттық кетпесін дей отырып, асқар таудай ардақты әкеміздің құрметіне төмендегі өлең шумақтарын арнағым келеді



Тең келмейтін алтында еш қолдағы
Өзің едің әке үйдің зор бағы
Жарық берер айымыздай көктегі
Болушы едің жанымыздың қорғаны

Біздер үшін асқар едің шың асқақ
Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кеттің аға жадымыздан жырақтап

Шырақ едің, сәуле едің, ай едің
Жаны толы мейірімге бай едің
Ілім білім, тәрбиеге қаныққан
Үлгі алар ер атына сай едің

Жанға бермес, біртуарым еренім
Жан едің ғой, әке едің, ер едің
Жан ағатай жанға батып жоктығың
Сабылумен сағынуда ел ерін – деп сөзімді
аяқтағым келіп отыр

*Исмағұлов Аман Қаукеевич
17 тамыз 2023 жыл
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы*



ӨМІРІ ІЗГІЛІКKE, ЖАҚСЫЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖАН

Әкемнің інісі, менің ағам Сәлімбеков Ертай Ресейдің Кирсанов қаласындағы авиациялық училищесін бітіргеннен кейін, 1978 жылдан бері Қазақстандағы, Қарағанды қаласында Авиация саласында қызмет жасайды. Үйленген, жеңгем Гүлшара, ол кездері балалары Ерлан мектепте оқитын, Дана жас болатын. Аға – жеңгем Басқұншаққа демалуға келгенде айтатын «Қарағанды жақсы қала, тұрғын келсе кел» деп. Ол кездері Қазақстан Союз құрамында болды. Негізгі мақсатым өзім Ресейде туып өсемде ағамның жанында Қазақстанда тұрғым келді. Өзім 1968 жылы Ресей Федерациясының Астрахан облысындағы жоғары Басқұншақ ауылында дүниеге келдім, ұлтым–қазақ. Басқұншақ ауылында орта мектепті бітірдім. Орыстардың ортасында өскендіктен, орысша жақсы білемін. Қазақша түсінемін, бірақ акцентпен сөйлейтінмін, қазір Қарағандыда тұрғаннан бері жақсы сөйлеймін. Басқұншақта тұз өндіріледі. Астрахан облысы Қазақстанның байырғы жері, сондықтан мұнда тұратын қазақтар саны көп.



Мен Ресейде армия қатарындағы азаматтық борышымды өтеп, Қазақстанға 1989 жылы Ертай ағаммен бірге тұруға келдім, Жұмысқа орналастым. Ертай ағамның үйінде жеңгем Гулшараның кенже сіңілісі Гаухар медициналық училищеде оқыды. Мен Гаухармен таныстым. Таныстығымыз махаббатқа ұласып, үйленетін болдық. Гаухардың мама–папасы Қарағандыға жиі келіп тұратын, мен болашақ ата – енеммен де таныстым. Болашақ зайыбым Гаухар қайын атам мен енемнің жақсы көрген, сүйкімді қызы болды, мен жақсы көрдім.

1991 жылы Гаухар екеуміз үйлендік. Әке–шешем тойымызды Қарағандыда жасады. Тойымызға Астрахан жақтан ағам, туған туыстарым келді. Мен қайын атаммен жақсы араластым, біздерге жиі келіп тұратын, ақ – көңіл, жүзі жылы, мейірімді жан еді. Ертай ағамды және мені жақсы көрді. Мені ренжіткен кезі болған жоқ.

Қарағандыға балаларына қонаққа келгенде, көршілерімен танысуға, араласып тұруға шақыратын. Көрші – қолаңмен араласып тұрасыңдар ма? Аты жөндерін білесіңдер ме? Қазақта «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деген бар. «Көршіңе қарыз болып қалмаңдар» деуші еді. Мен ол сөздің төркінін кейіндері ұқтым.

1993 жылдары жазылмас ауруға шалдығып, желтоқсан айында бұл дүниеден өтті. Қайын атаммен аз уақыт аралассам да маған осы екі жыл, көп жыл болып көрінді. «Айналайын Юра балам» деп айтатын жылы сөзі, өмірімде есте қалды. Жомарттығы, бауырмалдығы, өмірлік ұстанымы, адамгершілігі мол керемет адам еді. Гаухар әкесіз қалған кезде 20 жаста еді.

Қайын атамыздың өмірі ізгілікке, жақсылыққа толы күйде өтті. Жатқан жері жайлы болсын! Алланың шапағатына бөленсін! Сізді ешқашан да ұмытпаймыз. Мәңгі жадымызда қаласыз.

Күйеу баласы Юра.

ҚАЙЫН АТАМ ЖАЙЛЫ...

1973 жылы, Ақтоғай ауданы Қаратал совхозынан біздің ауылға мектеп директорының орнына жаңа директор келді. Біздің ауыл Айыртас совхозы деп аталады. Жанында интернаты орналасқан мектебіміз 10 жылдық орта мектеп еді. Ауыл мал шаруашылығымен айналысқандықтан шопандардың балалары интернатта жатып оқыды. Жаңадан келген мектеп директоры жаз айларында ертеректеу келіп мектепті жаңа оқу жылына дайындау жұмыстарына кірісіп кеткен. Жанұясы тамыз айының аяғында көшіп келді. Айыртас аса үлкен емес, 200-ге тарта отбасы бар шағын ауыл болғандықтан, ауылға кім көшіп келсе, бірден ел құлағы елу демекші ауыл адамдары бірден біліп жатады. Келген директор, мектебімізде бастауыш сыныптарына сабақ беріп жүрген Шайза апайдың туған ағасы екен. Шайза апай менің жеңгем, жолдасы Ғалия ағатай бізге туысқан болып келеді.



Директор ағайдың үйі мектеп жанында еді. Отбасыларында жеті балалары болды. Жұбайы Шура апай мектебімізде орыс тілі және әдебиет пәндерінен сабақ берді. Үлкен қызы Гүлшара 10 сыныпта, ұлдардың үлкені Нұрсыланбек 7 сыныпта, ортаншы ұлы Ерсыланбек 5 сыныпта, ортаншы қызы Айман 3 сыныпта, кенже ұлы Жеңісбек 1 сыныпта оқитын. Қыздары Назым, Гаухар жас болды. Мен Нұрсыланбекпен бірге бір сыныпта оқыдым. 9-10 сыныпта оқып жүргенде, сынып жетекшіміз Шура апай болды. Мемлекеттік емтихандарды тапсырып, онжылдық мектепті аяқтаған соң, кластастар жоғары оқу орындарына оқуға түсуге жан-жаққа кетті. Нұрсыланбек Қарағанды қаласындағы Мединститутқа педиатр мамандығына оқуға түседі. Өзім Балхаш қаласындағы педучилищеге оқуға түстім.

Бұл әулетке 1982 жылы келін болып түстім. Бұрыннан араласып жүретін әкем Нөкербеков Какеше, анам Нұрышкен осы әулетпен құда-құдағи болды. Ата – енем жақсы адамдар. Үлгілі отбасы болды. Еліне сыйлы, парасатты, құрметті зиялы жандар. Келін емес, балам, қызым деп айтып отыратын ата-енемді мен қатты сыйлап құрметтеймін.

Кейіннен, жұбайым Нұрсыланбек екеуіміз Қарағанды қаласында тұрдық, жұмысты болдық. Балаларымыздың үлкені Артур, кішісі Гүлмира. Атам Артурды жанынан тастамай, «Ақылды болып өс» деп басынан сипап, жақсы көруші еді... Өкінішке орай, 1993 жылы атам, ардақты әкеміз дүниеден озды.

2017 жыл да, біздің отбасымыз үшін ауыр жыл болды. Сүйікті жұбайым Нұрсыланбектен айырылып қалдым. Немересі Мансұрды, жиені Диляраны емірене иіскеп, еркелетіп кетті, бірақ, Сұлтан нағашы атасын көрмеді.



Ұлымыз Артур Маңғыстау обылысында, Ақтау қаласында әскери қызметін атқарып, отбасымен тұрады. Қызымыз Гүлмира ата-әжесінің жолын қуып, педагог болып жұмыс істейді.

Ал, қазір енем, анамыз, 90 жасқа келіп қалды. Күш қуаты бар, Аллаға шүкір, тіл-көзден сақтасын. Ғұмыр жасы ұзақ болсын деп тілейміз. Анамыздың жолын, жасын бізге балаларына, немере-шөбере-жиеншарыларына берсін.

Келіні Бану



МЕЙІРІМДІ ПАРАСАТТЫ ЖАН...

Мен Ерсyланбекпен Қарағанды мемлекеттік университетінде, химия факультетінде бес жыл бірге оқыдық. Бесінші курста оқып жүргенде, «шаңырақ құрайық» деген шешімге келдік, сонда Ерсyланбектің әкесімен ең алғашқы кездесуім көктем айында болды. Біз Гүлшара қайынапамның үйіне келгенде, қонақ бөлмесінде диванда аққұба күміс шашты бір үлкен жаста ер адам отырды. Бұл кісі – болашақ жарымның әкесі, қайынатам еді.

– Жоғары шық, балам! – деп, жылы сөзімен, көз қарасымен бірден жақын тартты. Сол кезде ол кісі 55 жаста екен, бірақ үлкен жаста болып көрінді. Бет жүзі жылы, мейірімді. Осы танысқан күннен бастап мені «балам немесе Айкен » деп туған қызындай еркелетіп жүретін.

Содан 1984 жылы 5 – мамыр айында үйленіп Айыртас совхозына, Қайынатам әулетіне келін болып түстім. Он бір жылдай қолдарында тұрыппыз. Ауылдың шаруашылығын өрге өрлетіп, тұрғындардың,



шопандардың көңілін тауып, сыйлы, құрметті ақсақалы болды. Өзінің ақыл-ой парасатының молдығымен, кез-келген адаммен тіл табыса алатындығы, айтқан сөзіне берік, әділдігімен ел құрметіне бөленіп отырған жан.

Ауылдастары аты-жөнін айтпай, ол кісіні қадірлеп «Кукен» деп айтатын. Осы өмірден өтсе де, артында сабырлы мінезі, адамгершілігі мен қайырымдылығы көптеген адамдардың мәңгілік есінде қалды. Туған-туысқандарына деген бауырмалдығы, мейірімі, қайырымдылығы шексіз.

Туған жері Қараталға (қазіргі Шабанбай ауылы) және Балқаш қаласына барғанда бауырлары үлкен сағынышпен ағасын күтіп отыратын. Сол кісілердің әңгімесінен түсінгенім: «Кукеннің келгені біз үшін – үлкен қуаныш. Ағамыз келгенде, бүкіл туысқандарды аралап шығатынбыз, әңгіме дүкен құрып, бір бой жазып қалатынбыз» – деп айтып отыратын.

Қонақжайлығы мол адам, келген қонақты дәстүрлі қазағымыздың асы «бесбармақ» жегізбей қайтармайтын. Ағайын-туыс, құда-жекжат – бұл адамдар қайынатам үшін аса қадірлі қонақтар, сонымен қатар ауылдық кеңестің басшысы болғандықтан аудан, облыстан келетін қонақтар да осы әкеміздің үйіне соқпай кетпейтін. Отбасының тірегі, асқар таудай әке ретінде есімде қалды. Ет мәселесі ешқашан үлкен мәселе сияқты болмайтын, жаз бойы қой еті, күздік, соғыммен қамтамасыз етіп отыратын, сондықтан қонақ келгенде енем әрқашан ет асуға дайын болатын. Өзі қонаққа баруға жоқ еді, әлі күнге дейін есімде ол кісінің айтатын сөзі: «Делегатымыз қайда – Шукен барады» – деп анамызды жібереді.

Негізгі мамандығы – тарихшы, сол себептен шығар газетті басынан аяғына дейін оқып, теледидардан басқа елдердің барлық жаңалықтарын білуге тырысатын. Үстел басында

газеттен оқып тоқығанын, естіген жаңалықтарымен бөлісетін. Балаларына ақыл–кеңес беріп, дұрыс жолмен жүруге батасын беріп отыратын.

Қайнатамның қамқорлығын келін болып түскен сәттен көрдім. Үлкен ұлыма – Русланға аяғым ауыр болып жүргенде, аудан орталығына барған сайын тор сетка толы алма әкелетін: «Же, балам, витамин ғой» – деп жегізетін. Біздің Руслан, Рүстем ұлдарымызды бауырына басып, тәрбиеледі. Жас кезінде Рүстем өте нәзік болғандықтан тамаққа аса зауқы болмайтын. Атасына: «Нанға май, қант» деп отыратын. Сонда атасы немересіне ерінбей нанға май жағып, оны қантқа малып, ұсақтап турап, алдына қоятын. Жеп біткенше қасында отыратын. Сол кездері жазылмас ауырға шалдықты. Рүстем атасының алдындағы дәрілердің аттарын оқып беретін, сонда «Немерем алғыр болады» – деп, оқығанына риза болатын. Мектепке бірінші сыныпқа өз қолымен жетектеп апарып, партаға отырғызған еді. Сол кездері Рүстемнің жасы алтыға толмаған еді. Ал Алпамыс немересін көре алмай кетті, бірақ бойы атамыздың бойындай бойшаң. Сол атамыздың атын жанғыртсын деп тегін «Қуанышбеков» деп жаздырттық. «Атам» мен атамның әкесінің ұрпағын немерелері, шөберелері жалғастырып жатыр.

Қанша жылдар өтсе де, асыл бейнесі, өмірлік ұстанымдары, ел үшін атқарған еңбегі мәңгілік есте қалады. Жатқан жері нұрлы болсын, о дүниенің жақсылығын көре берсін!

Келіні Айсұлу

БІЛІМ НӘРІН СЫЙЛАҒАН

Ақын Мағыжан Жұмабаев бір сөзінде: «Алты алаштың баласы бас қосқанда, төр – мұғалімдікі» - деген екен. Жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбие нәрін сіңірген ұстазға төрден төмен орын бар ма? Мұғалім болып мұратына жеткен сондай ардақтылардың бірі – Смағұлов Ерсыланбек Қуанышбекұлы.

Киелі Ақтоғай өңірі ұлыларға кен де емес. Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековтің кіндік қаны тамған қасиетті топырақтан Ерсыланбек Қуанышбекұлының да қанат қағуы таңқаларлық дүние дей қою – қиын. Ерсыланбек бауырымыз бар өмірін ұстаздық қызметке арнады. Соған да, міне, 40 жылдың мұғдары болған екен. Сөйте жүріп, самайын ақ қырау шалды. Ақ қырау шала жүріп, зейнеткерлік жасқада таяп қалды.

Ол Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қаратал елді мекенінде ұстаздар отбасында 1962 жылы 25 мамырда дүниеге келді.

«Әке – балаға сыншы». Ерсыланбек бауырымыздың әкесі Қуанышбек ақсақал да жарты ғасыр ғұмырын бала оқытуға арнап,



тарих география пәндерінен дәріс бере жүріп мұғалім, мектеп директоры және ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған. Анасы – Драгунова Александра Николаевна орыс тілі мен әдебиет пәндерінен сабақ берді. Ақтоғай ауданы бойынша ұстаздар арасынан алғашқы «Ленин» және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған ұстаздардың бірі. «Қазақ ССР–інің Халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР–інің Халық ағарту ісінің құрметті мұғалімі» және «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі бар. Қазір дербес зейнеткер жасында. Қанмен келген қасиет кейіпкерімізді 1979 жылы он жылдық мектепті бітірісімен – ақ Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетіне жетелеп әкелді.

1984 жылы университетті жақсы бітірген жас маман еңбек жолын Ақтоғай ауданынан шалғай жатқан Айыртас ауылының орта мектебінде мұғалімдік қызметтен бастады. Қызметке кіріскен бойда бала оқыту, шәкірт тәрбиелеуге ерекше ден қойып, оқу – әдістемелік жаңашылдығын да ала келді. Ең бастысы – берген білімі шәкіртіне өмірлік азық болса екен деген қағидасынан айнымады. Бар білімін, өмірлік мол тәжірибесін шәкірттерінің сапалы білім алуына арнады. Осы мектепте екі – үш жылдан кейін мектеп директорлығы қызметіне жоғарлатылды. Осы жұмыстыда зор абыроймен атқара білді.

Бұл аз десеңіз, 1996 жылдан 2001 жылға дейін Балқаш қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептің химия пәнінің мұғалімі, 2001 – 2009 жылдары Қарағанды қаласындағы №39 және №41 орта мектептерде химия пәнінен ұстаздық қызметтер атқарды. 2009 – 2022 жылдары Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бегелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінде химия пәнінің мұғалімі болып жемісті еңбек етті. «Шебер – педагог» біліктілік санатын алған. Міне содан бері «40» жыл өтті десек те, сол жылдарда



қарапайым ұстаз біліктілігін, еңбекқорлығын дәлелдей келе «ақырын жүріп, анық басты» жетістіктерге жетті.

Ерсыланбек Қуанышбекұлының мұғалімдігі еш тоқтаған емес, ұстаздықтың әр жылында қызықты ғылыми конференциялар мен педагогикалық байқауларға қатысып, түймедей болсын үлесін қосып келеді. Ерсыланбек бауырымыздың тағы бір ерекшелігі өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің шыңдалуына да ерекше мән беруінде. Сабақ барысында оқушылардың бойынан қабілеттің ұшқынын байқаса, сол оқушының дарынын аша түсуге бар ықыласымен кіріседі. Бұдан қала берді, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған түрлі шараларды ұйымдастырады. Шәкірттері қалалық, облыстық олимпиадаларда топ жарып, республикалық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Еңбегі еленіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің Құрмет грамоталарымен, МББҚБА және ҚД институтының мақтау грамотасымен және аудандық, облыстық білім басқармасының бірнеше грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталған.

Қазіргі таңда Ерсыланбек бауырымыз Астана қаласында Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп – лицейінде химия пәнінен сабақ беріп келеді. Ерсыланбектің мұрындық болуымен ғылымның бір панасы химияны таңдап, осы пәннен мұғалім болуға ниет білдірген оқушылар, бұл мектепте де жетерлік.

Астана қаласында Президент Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім алушылары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген



«Қазақстанның құрметті педагогы» атты республикалық байқауына қатысып жеңімпаз атанған Ерсыланбек «BILIM-ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығынан І–ші дәрежелі диплом және Білім және ғылым саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстанның құрметті педагогы» атты төсбелгісімен марапатталды.


Астана қаласында 2024 жылы 15 – тамыз күні Қазақстан республикасының Президент орталығында «Жаңа замандағы білім беру» тақырыбында педагогтардың тамыз форумы лайықты аталып өтті. Мен ойлаймын, бұл күн Ерсыланбек бауырым үшін өмірінде ұмытылмайтын өте қуанышты күн болды, себебі республикалық тамыз форумында ҚР Оқу – ағарту министрі Ғайни Бейсембаев өз қолымен жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісін кең сарайдың төрінде кеудесіне тақты. Зейнеткер жасына жақындағанда 40 жылдық ұстаздық еңбегі еленіп, бағаланды.

Жүрегі «шәкірт» деп соққан ұстаз отбасының ұйытқысы, аяулы жар, қадірлі әке. Жары Айсұлу Қалыққызы – облыс көлеміне танымал қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. Қазір еңбек демалысында. Үш ұл тәрбиелеп өсірген қадірлі ата – ана. Ұлдарын ұяға қондырып, 7 немере сүйіп отыр.

Ерсыланбек Қуанышбекұлы – Жоғары санатты мұғалім, солай бола тұра, қарапайымдылығы адамды таңғалдырады. Сонысымен де әріптестеріне сыйлы, шәкірттеріне – үлгілі ұстаз.

*Несінбай Болғанбаев,
жерлесі, зейнеткер мұғалім.*

ЕКІНШІ БӨЛІМ



ӨНЕГЕЛІ БАҺАДҮР БАБАЛАР ҰРПАҒЫ



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ЕР – ЖЕТІ РУЛЫ ЕЛДІҢ ҚАМЫН ЖЕР

Шежіре – бұл халқымыздың ата тегінің таралуын, шығу тегін дәлелдейтін маңызды ақиқаттық жол.

Қазақ халқының ата шежіресі ерте кезден сақталған. Оған «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер – жеті рулы елдің қамын жер, Жалғыз өзін білген ұл – құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер дәлел бола алады. Өз ата– бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, арғы ата, бабасы, түп ата, тек ата, яғни жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары жеті атаға толмай жақын–жуықтар бір–бірінен қыз



алыспайды. Жеті атаға толғаннан кейінгі күннің өзінде, бір рудың жастары некелесетін жағдай туса, ру ақсақалдары бір пәтуға келіп, боз биені сойып, баталасып барып рұқсат ететін болған.

Ел арасында өткен өмір тарихын өте жақсы білген «шежіре адамдар» болған. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбаларында көп шежіре жазылған. Көпеев: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ... Естігенін ұмытпайтұғын, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен қариялар кейінгіге ауыздан–ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» – деп халық мұрасының ауызша сақталып келгенін ескертеді.

Шежіре жазушылардың зерттеуі бойынша, бабамыз Алаштан Қазақ туған екен. Қазақтан – Ақарыс, Бекарыс, Жанарысты таратады. Оларды Байшора, Қарашора, Жаншора деп те атаған. Ақарысты – Ұлы жүздің, Бекарысты – Орта жүздің, Жанарысты – Кіші жүздің атасы еді деп жазады. Қазақ қартайған кезінде үш баласына төрт түлік малдан еншісін таратып ырза қылып, батасын берген. Кенжесі Жанарысты қасына алып, «Үлкен шаңырақ» болған жөн деп кіші баласының қолында қалған.

Бекарыс бабамыз керемет бай, кемеңгер, данышпан, көпшіл әділ және қарапайым болған екен. Үйіне келген қонақ кара ма, хан ба талғамай, мейілінше дұрыс қабылдап, дастарқан жайып разы қып аттандырып отырған. Бірақ перзенті болмаған деседі. Сол орта жүз Бекарыстан «алты арыс» ел тараған.

Оны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресі» атты кітабында төмендегідей баяндайды: «Жанарыстың бәйбіше, тоқалы болыпты. Бірде–бірінің пұшпағы қанамай, бізге күн көру қайда, жас иісті баланы–ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп, қона қалыпты:



Ой, Құдай-ай!
Берді ғой бала беретұғын,
Әулиелер келді ғой.
Сыйынбасам маған серт,
Қолдамасаң саған серт,
Сарт болсаң садағам кет», – деп алтауына алты қой сойыпты. Кір – қондарыңды жудыр, аттарыңды тынықтыр. Осы қойлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Сонда қожалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейіліне риза болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ата боласың деп баталарын беріпті. Аттары Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есімқұлқожа, Қасымқожа! Сонан соң қатындары буаз бола бастап, бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Қарақожадан Арғын туады. Арғынның «аға баласы» атануы – осыдан. Аққожадан Найман, Ақтамбердіқожадан Қыпшақ, Дарақожадан Қоңырат, ал тоқалдан туған Есімқұлқожа, Қасымқожаның біреуін – Керей, біреуін – Уақ, –деп атаған.

«Арғын болсаң алтау бол» деген аталы сөз де сол кездегі білгір дана қариялардан қалған.

А. Сейдімбек шежіре еңбегінде «Бекарыстың баласы – Қара, оның ұлдарының бірі – Арғын», – делінеді де, одан әрі автор «Қараны біраз шежіреде – Қарашор батыр, Қарақожа деп те атайды», - деп нақтылай түседі.

Қарақожа бабамыз батыр болған. «Алтын Орданың» нығаюы үшін күрескен. Тоқтамыс ханның ең сенімді батырларының бірі және кеңесшісі, серігі болған. Ол Ақсақ Темірге елші болып та барған. Сол кезде 20–30 жас шамасындағы Қарақожа қалың арғын тайпасының бас батыры және ақылгөй басшысы дәрежесіне көтерілген.



Тоқтамыс хан Көк Орда мен Ақ Орданы қайта біріктіріп, Алтын Орданы (1379 – 1395жж.) жиырма жылдай қайта күшейте бастаған. Азия барысы: Ақсақ Темір мен маңғыт биі Ер Едігенің тынымсыз соғыс жүргізуінің салдарынан Алтын Орда құлдырау шегіне жетеді.

1395 жылы Тоқтамыс хан Темірден күйрей жеңіліп, хандық биліктен біржола айырылады. Сібірге қашып барған жерінде Сібір ханы Шәдібек оны өлтіреді.

1419 жылы Тоқтамыстың кіші баласы Қадірберлімен Ұлытау жерінде болған соғыста Едіге ауыр жараланады. Қадірберлінің өзі осы шайқаста мерт болады. Ауыр жаралы Едігені Тоқтамыстың жақын әмірлерінің бірі шауып өлтіреді. Қарақожа батыр осы дәуірде өмір сүрген. Ақ Орда хандығының ыстық – суығына батыл араласқан.

Шыңғысхан заманындағы талай тарихи оқиғалар арғын тайпасының араласуымен жүзеге асқан. Хандар, төрелер алдымен арғындардан қолдау тапқан. Алтын Орда ханы Жәнібек Еділді жайлап, Астрахань қаласының іргесін қалады. Орыс ханның да негізгі тірегі арғындар болған. Қарақожа батыр бастаған қалың арғын Тоқтамыс ханның туы астында Ақсақ Темірмен үш рет соғысқан, Хорезмді басып алып, орыс княздіктерін шауып, Москваны тағы да жиырма шақты жыл Алтын Ордаға тәуелді еткен. Еңсегей бойлы Есім ханның 1629 жылғы Ташкентті жаулайтын соғысын тарихта «Арғындар соғысы» деп те атайды. Абылай хан заманын сөз етсек, оның өз ордасын арғындар ортасына, Көкшетауға тіккені белгілі. Кенесарының да негізгі тірегі арғындар еді ғой.

Хан ордаларындағы бас билердің, ақылшылардың арғыннан шығуы сол бір тарихи бастаудан туып, дәстүрге айналған. Моңғол хандарының негізгі күші арғын тайпасы болғаны кейін арғындардың «Ақтабан шұбырындыға» алдымен ұрынуына

әкеп соққанын да еске салған жөн. Жоңғарлар өздерінің бақталастарын жеңу үшін олардың негізгі тірегі арғындарды құртуды көздеп, қазақ жеріне тұтқиылдан шабуыл жасаған. Арғынның бүкіл қазақ халқы үшін аға тайпа болғанын осыдан аңғаруға болады. Бұл туралы Қадырғали Қосынұлы Жалайыридің (1530–1605 жж.) «Жылнамалар жинағы» және «Ұмытылмас есімдер» сериясымен шыққан «Достық дастан» (1994 жыл. 103–бет) кітаптарынан оқуға болады.

Шежіреде Арғыннан Қотан би туады делінеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресіне құлақ салсақ, онда Жанарыстан Қарақожа, одан Арғын, одан Қотан, одан Мейрам таралып, оның ұрпақтары одан әрі жалғаса береді.

XIV ғасырдың соңғы ширегі мен XV ғасырдың басында арғындардың басы болған Қарақожа батыр Тоқтамыс ханмен бірге 1405 жылы қаза табады да, орнына Арғынның ұлы – Қотан отырады.

Үшінші атасы Қарақожа – әрі батыр, әрі тайпа көсемі болса, әкесі – Қотан да ел тізгінін ұстаған ру басы, ел ағасы болса, баласы Ақжол да (Дайырқожа) осындай жолды ұстанса керек.

1428–1468 жылдары билік құрған «көшпелі өзбектер» елінің ханы Әбілхайырдың ең жақсы көретін әділ биі, қазысы болғандықтан – Дайырқожа Ақжол би атанып, атағын тек арғындар арасында ғана шектеп қоймай, бүкіл Дешті Қыпшақ аумағына жайып жібереді. Сондықтанда оның есімі, ол қаза тапқаннан кейін ұранға айналып, алғашында «Қарақожа» атауымен қатар айтылса, бертін келе, ел есінде «Ақжол» атауы ұран болып сақталып қалады, таңбасы – «көз» – делінген.

Ақжол бидің есімі бірнеше ғасыр бойы өзгермей, бүкілтайпалық ұранға айналып, бүкіл арғындардың жауға шапқанда рухын асқақтататын, қанын қоздыратын қасиетті сөз

ретінде қолданыста болған. Қазіргі күннің өзінде де тарих пен шежіреден хабары бар арғындардың қай-қайсысы болмасын өздерінің ұрандарын ешбір қатесіз айтып бере алады.

Қотан батырдың бәйбішесі – Ергүл анадан Мейрамсопы жалғыз туады. Момын атты ортаншы әйелінен: Ақсопы – Қан жығалы, Тобықты; Қарасопы – Бәсентин, Қарауыл; Сарысопы – Атығай; Кіші тоқалы Айнакөзден: Тәнбісопы – Сарыжетім, Шакшақ тарайды.

Мейрамсопы бабамыздың үш жұбайы да: Нұрфая бәйбішесі, Зәзия (Нұрфаяның жеңгесі), Қарқабат тоқалы Кіші жүз Алшын руынан болған.

Мен, осы жерде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел аузында қалған дерегін ешбір өзгертусіз ұсынуды жөн көріп отырмын. Онда: «Мейрам сопының қайны алшын Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен. Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін деп Нұрфаяның ағасының қатыны – жеңгесі еріпті. Түйенің басын жетектеуге бір жетім ертіпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Жолшыбай түзге отырған кім деп қараса, біреуінің зәрі тоңды бір қарыс айырып жіберген екен. Түнде қойнында жатқанда қалыңдығы Нұрфаядан сұраса, ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып күрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді,—депті. Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайын сіңлісін ертіп келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Сонан соң Нұрфая: – Ағамның төсі тиген жеңгем еді, басқаға қимаймын!—деп, – Өзін ал!—деп, Мейрамның өзіне алғызыпты. – Мына күнді де өзің ал, жатыры асыл, өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы—өлсек, тірілсек, бір жерде болайық! – деп, оны да алғызыпты. Нұрфаяның өзінен



Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен Бегендік, Шегендік туады. Күннен Қаракесек туады.

Қарқабат анамыз күн болмаған Кіші жүз Алшын руынан тараған Алтай батырдың тоқалынан туған қыз, шын есімі – Дінасыл екен. Анасы үнемі елін сағынғанда «Қарқабатым ғой» деп еркелетеді екен. Алғыр да зейінді, сол дәуірдегі түрік – қыпшақ тілін жетік білетін білімді тұлға еді. Қарқабаттың анасы мен аға – інілерін жау әскерлері өлтіріп кеткендіктен жетім атанған. Сол кездері жетім деген сөзге күн деген қоспа атақты жапсырғысы келгендердің үміті ақталмаған.

Мейрам мен Қарқабат шаңырағы халық көп келетін, дәулетіне сәулеті сай, әділдік пен адалдықтың шынайы ордасына айналған. Қарқабат анамыз киелі тұлға. Көріпкел, көрегендігі де бар, «Қарқабат айтыпты» деген ұтымды да зерделі сөздер халық арасында ерекше сүйіспеншілікпен тараған.

Алтай батырдың қызы Дінасыл парасаттылығымен Нұрфаядан туған – Қуандық, Сүйіндікті, Зәзиядан туған – Бегендік, Шегендікті, өзінен туған – Қаракесек, Қамбар, Шұбыртпалы (Байдүйсен), Жалықпас (Шынқожа) өрендерді бауырына алып, біліктілікке, кемелділікке бағыттай тәрбиелейді. Қуандық зиялы, Сүйіндік жүректі, Қаракесек ақылды болып өседі. Қалғандары сол кездегі заман талабына сай батылдыққа, ерлікке бауланады.

Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне су, табанына сыз тигізбеген екен. Отын тергенде, қу көдені көп қылып қоса алып келіп, табанының астына төсейді екен. Құманды түнде қойнына алып жатады екен. Суға түскен сайын: – Ой, көсегең көгерсін! –деп, алғысты көп айтады екен. Бұрынғының: «Алғыс түбі–ақ май, қарғыс түбі–қара қан» дейтіні сондайды көргендіктен айтқан.



Бесеуі де өсіп–өніп: «Бес Мейрам» атанған. Дегенменде, осы жерде Арғынның бес Мейрам тобындағы тайпаларға Абылай ханның берген бағасын айта кетуді жөн көріп отырмын. «Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отырады екен: – Осы бес Мейрамның баласы деген ел пайғамбар мен шадияр тумалы демесеңдер, адамның бұлбұлы мен дүлдүлі түгел туған ел. Батыры көптіктен жаудан қорықпайды. Шетінен шешен бола туады да, даудан қорықпайды. Қара құрттай құжынаған Қаракесегі тағы бар. Ә десе, мә деп едірейе туған Қуандығы бар, оның өмірінше үзілмейтін жуандығы бар. Жылым құртша жегенін білдірмей жеп қоятұғын Сүйіндігі бар, – деген екен дейді...»

Қаракесек руынан: Түйте – Сарым – Өтеміс – Жансары тараған. Жансары Жалаңтөс пен Таңаттың әкесі. Оны жеңгелері Құлық деп атап кеткен. Кейін қалың елге Құлық атымен жайылған ол ағайындарға мейірімді, елге беделді, шаруақор адам болыпты. Оның атамекені Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Қызыларай тауының күнгеіндегі Қаратал өзенінің бойы. Жалаңтөс батыр болса, Таңат шаруамен айналысқан момын адам болған.

Тарихқа үңілсек үш Жалаңтөс батыр болған. Бірі – калмак пен қазақ арасындағы Орбұлақ шайқасында 20 мың қолмен келіп қатысқан Самарқанд билеушісі. Екіншісі – атакты тарихшы–ғалым Әлкей Марғұлан айтып кеткен Жалаңтөс. Үшіншісі Арғын тайпасы Қаракесек руының Өтеміс бұтағынан шыққан баһадүр. Ел ішінде «Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай еді» деген нақыл сөз бар. Сол Құлықтың балаларының үлкені Жалаңтөс қолына жастай найза алып, елін жаудан қорғауға ат салысады. Дау – жанжалдарға араласып, билік айтуға қатысады. Абыз бабамыз Қаз дауысты Қазыбек бимен, Балқаш көлінің теріскейіндегі

Тобықтының атқамінерлерімен, Нұра бойындағы Қуандықтың белді адамдарымен ерте араласқан

Жалаңтөс өзінің батырлығымен, тапқырлығымен жұрт көзіне түседі. Балқаш көлінен бастап, Қоңырат, Әулиеата, Тоқырауын мен Нұра бойын, Ұлытау мен Қарағанды аралығындағы сайын даланы дұшпаннан азат етуге қатысқан Жалаңтөс (1696–1768) баһадүрге Қаз дауысты Қазыбек би ерекше ден қойған. Бірде ауылын шауып, жылқысын айдап кеткен қалмақ ханына құн сұрай барған бидің қасындағы батырлардың арасында Жалаңтөс пен баласы Алтай да болған. Қазыбек бидің бес ұлының ортасында ерке өскен ақылды қызы Манқан Жалаңтөсті ұнатады. Қалмақ еліне барған сапарынан мінезіне қанық, батырды жақсы білетін Қазыбек би қызының теңін тапқанына ризашылық білдіреді. Манқан Жалаңтөстен Бәйгел, Берістен, Белтей, Серке деген төрт ұл көтереді. Жалаңтөс Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтқан. Баһадүрдің қасында жүріп сан жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландыра білген. Бір жылы Сарыарқаны емін-еркін билеп-төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға күш жұмсайды. Жауға Түйте, Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төленгіт Қасабай, Қожағұл Торақ, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шабуылға шығады. Осы майдан төсінде Жалаңтөстің көзіне қалмақтың дәл атқан жебесі қадалады. Батыр көзіндегі жебені өзі суырып алады. Бірақ соғысты тоқтатпайды. Қазақ қолы жеңіске жетеді. Жалаңтөстің бір көзі шыққан өзенді жұрт бұдан былай «Соқыр өзені» дейтін болған. Жалаңтөс батырдың мазары Қарағанды қаласының оңтүстік шығысында, Соқыр өзенінің жағасында, «Соқыр басы» төбесінде орналасқан, қазір «Соқыр Жалаңтөс батыр қорымы» деп аталады.



Құлық бұтағынан шыққан Танаттан, Бәйсеу, одан Қармыс тарайды. Қармыстан үш ұл туған. Олар Бабеке, Құлеке және Тілменбет. Тілменбет шешен, біреудің дауын мал беріп сатып алып, жоғын жоқтайтын тапқыр, өте ширақ адам болыпты. Бабеке (1811–1906) мен Құлеке (1815–1907) Кенесары–Наурызбай көтерілісіне қатысқан ер жүрек батырлар болған. Кенесарының бас қолбасшысы Ағыбай батырдың сенімді сардарлары атанған. Екі батырдың әкесі Қармыста еті тірі, батыр жігіт болған, уақытында арқаның теріскейінде, башқұрттар мен орыс казактарының зорлық-зомбылығына қарсы, қазақ жасақтары жорықтарына қатыса жүріп, қалыңдық алыпты. Қалыңдығы Атығай – Қарауылдың атақты батыры Сәркенің қызы болған. Ерекше денелі, сары кісі болған, аузы үлкен адам екен, содан қайындары «Балықауыз» атап кетіпті. Алып күш иесі атанған, артылған жүкті түйе болдырып көтере алмағанда, жүгін арқалап жүре береді екен. Бала туғанда бір қойдың етін бір өзі жеп, сорпасын бүтіндей ішіп, белін буып, отынға жүре береді екен.

Ағыбай жорық жолында келе жатып қасындағы батыр серіктестерінен нағашыларын сұрапты. Сол замандағы қазақтың әр руынан шыққан батырлар өздерінің батыр, данагөй нағашыларын айтып мақтанысыпты. Тек, Құлеке мен Бабеке ғана үндемеді. Сонда Ағыбай: «Бабеке, Құлеке неге үндемейсіңдер?» – десе, Бабеке: «Біздің нағашыларымыз нашарлау, кедей адам», – депті де қойыпты. Себебі, Бабекенің тілінде аздап тұтықпалық бар екен, содан аз сөйлейді екен. Бірақ, Құлеке сөзге жүйрік болыпты, соны білетін Ағыбай: «Құлеке, сен айтшы», – депті. Сонда Құлеке: «Біздің нағашыларымыз жерімізден жырақта, Атығай-Қарауыл елінде, аты Сәрке» – деген екен. Ағыбай ат үстінде ұшып кете жаздап: «Ей, сендерге алып күш қайдан келді десем, Сәркеден келген



екен ғой! Мен басқа әңгімені айтпай-ақ қояйын. Бірде ауылын жасақталып келген 50–60 жау шауып, бір ата елдің еркек кіндігін тегіс сойылға жығып кеткенде, 93 жастағы Сәрке желі басында қалып қойған кәрі биені жайдақ міне салып, құдық басындағы қауғаны алып, жаудың артынан қуып барып, бәрін жеңіп, елдің жылқысын қайтарып әкелген. Оны сендер неге айтпайсыңдар, сендер соған тартқан екенсіңдер ғой», – депті.

Бабеке жүзі сары, көзі көк, ортадан жоғары бойлы, мойыншүйдесі, иығы тұтас біткен, Ертіс өзенінен ерсілік-қарсылы кесіп өтетін, балықша жүзетін, ат үстінде түрегеп тұрып та, қолымен тұрып та, бауырынан айналып та, өнер көрсетеді екен, табиғаты ерекше жан болыпты. Ағыбай бір жорықта: «Бабеке, қаруың қайда, өткен жолы да қаруың болмады, қалай?» – десе, «Тәйірі – ай, барған соң біреуі бермей ме?» – деген екен және ұрыс барысында жауды жұдырығымен ұрып жығып, тартып алады екен.

1838 жылы Кенесары әскері Ақмола бекінісін басып алды. Ақмоланы алу Кенесары әскеріне оңай болмады. Өйткені, Ақмола орыс үкіметінің қазақ жеріндегі жан-жақты жабдықталған күшті тірегі болған. Сондықтан да, Ақмоланы алу Кенесары әскері үшін, қазақтар үшін үлкен маңызы болған. Осы бекіністі алуға Бабеке де, Құлеке де қатысыпты.

Соғыстың бір сәтінде қарша бораған оққа қарамай, өзінің «Көкаламоыын» деген атымен Ақмоланың бекінісін бірінші бұзып кірген Бабеке, сол соғыстан соң осы ерлігі үшін Хан Кенесарыдан «Қабан батыр» деген атақ алған екен.

Ағыбай батыр сол соғыста аман есен құтылғанын есіне алды: «Біз Кекілік тауында қоршауда қалдық, күші бірнеше есе көп жау әскері біздерді қоршап ықтыра бастады, күш сарқылып әскер қаша бастады, біз де жан аямай соғысып келеміз. Атым да оққа ұшты, жаяу қалдым, сол сәт артта келе



жатқан Бабеке атынан түсіп: «Мін!» деп, атын көлденең тарты. Өзі өзенге секіріп, өзеннің қамысына кіріп, бір қамысты тістеп, судың астында отырыпты. Жаулар қамысты өртеп, Бабекені таба алмай қайтып кеткен. Сол Бабекенің аты мені жаудан құтқарған» еді.

Батырдың «Көкаламойын» аты ерекше ат болса керек. Өмір бойы тіпті, қартайып өлер шағында да: «Шіркін, Көкаламойыным–ай!» – дейді екен. Бірде сапар шегіп келе жатқанда бір үйір құлан кезігіп, «Көкаламойынымен» қуып жүріп, бұғалық салып айғырын ұстап алып, елге алып келіпті. Құланның айғырын қазақтар «әңгі» десе керек, әңгіні семіртуге жіберілген бір жуан тұғыр атқа қосақтап, үйірге қосып жіберіпті. Екі–үш айдан соң жылқышылар үйренген шығар деп күн көтеріле босатып жіберіпті. Әңгі ойнақтап, үйірді үш айналып, қаша жөнеліпті. Жылқышылар қуып жете алмай, ауылға келіп, батырға айтыпты. Бабеке атына ер салып, сусынын ішіп, құланың бағытына қарай жүріп кетіпті. Ауылдан ұзасымен аттың басын қоя береді, түс ауа әңгінің қарасы көрінеді. Содан қуып жетіп, тақымға басып, ел орынға отырарда ауылға жетіпті. Аттың жағдайын қазақтар осылай сынаса керек. Сөйткен «Көкаламойын» бір жорықта биік жардан секіргенде мойны үзіліп өлген екен.

Бабеке елге келген соң тұтқындалып, түрмеде бетіне «өте қауіпті жау» деген таңбаны күйдіріп басқан екен. Үш рет итжеккенге айдалған, үшеуінде де қашып келген. Сібірде айдауда жүріп, үшінші рет қашқанда, темір кісендегі аяғын босату үшін, өз майтабанын өзі өткір пышақпен кесіп тастап, көп қиыншылықтарды басынын өткеріп, бірнеше айдан кейін ғана елге жетіпті.

Құлеке қызыл шырайлы, екі көзінің ағы қан қызыл, кірпігі ұзын, ұзын бойлы, ағасындай емес ашандау адам болыпты.



Сөзге шешен, өлең де, ән де шығаратын зор дауысты әнші, домбырашы болыпты. Алыс жолдан елге қайтқанда «Әуез-ай, әнім менің» деген әнін айтып келуші еді, ол әнді қазір басқа атпен, басқаның әні деп радиодан беріп жүр. Басқа ән–күйлерін де халықтікі деп, не басқа адамдардың атымен береді», – дейтін батырдың көзін көрген данагөй ақсақалымыз Әлихан Бөкейханның кенже інісі, Сымахан Нұрмұқанбетұлы. «Аққу», «Бозайғыр», «Қоңырала қаз» деген күйлерін жүзге тақап, 1974 жылы қайтыс болған Исаның Өмірбегі тартып отыратын.

Құлеке 1847 жылы соғыс болған жерден біраз үзеңгілес жігіттермен елге қайтпай, Ташкент жаққа кетіпті. 1847–1856 жылдар аралығында Ташкентте болған әртүрлі бұлғақ қақтығыстарға қатысыпты. Содан 1857 жылы елге келіпті. Бұл бабаларымыздың жорықтары, ерліктері ел ішінде көп таралған.

Ел аузында бабамыз Бабеке, Құлеке жайлы айтылып жүрген, бұл тарихи әңгімелер Ақтоғай елінің сыйлы – құрметті азаматы, бабасы Құлекеден тараған, атасы Тәти, әкесі Мұқажанның баласы, ағамыз Қауаз Мұқажанұлының жазбасынан алынған.

Смағұл атамнан арыстай үш азамат тараған. Мүсілімбек, Мұсылманбек, Қуанышбек. Мұсылманбектен Мейрамбек, Нұрланбек, Аманбек, әкем Қуанышбектен Нұрсыланбек, Ерсыланбек, Жеңіс тараған.

Мүсілімбек Смағұлұлы 1922 жылы туған. Соғысқа 10 сыныпты Қарағандыдағы Жамбыл атындағы №7 мектепті бітірген жылы, яғни 1941 жылы 22 маусымда шақырылған. Шақырылған күннен бастап хабар болмаған соң, соңынан іздеу салған Қадиша әжем Шет ауданының әскери комиссариатынан «хабарсыз кетті» деген хабар алған. Өтінішіне «хабарсыз кетті» деп есептелсін деген бұрыштамасын қойыпты. Тәтиева Нескен апамыздың айтуы бойынша: «Шешем әбдіреден хат тауып алды. «Кімдікі?» деп едім, «Мүсілімбек ағандікі» деді.



Латынша жазылған, онда «Москва түбінде соғысқа аттанғалы жатырмыз» депті. Бұл 1941 жылдың күзі еді. Содан кейін ол хатты жоғалтып алдық. Қара қағазда келген жоқ. Ешкімде білмейді, артында қалған ұрпақта жоқ». Мүсілімбек атамыз туралы бұдан басқа мәлімет жоқ».

Халқымызда «Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» деген мақал бар. Батыр бабаларымыз ұлын құл қылмай, қызын күң қылдырмай өз ұлтын, жерін еш жауға бастырмай, өз шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен. Оны Қазыбек би: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз» деген.

Қазақ халқы «малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» деп ар намысты жоғары қойған намысшыл, ер жүрек батыр халық. Түрлі канқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Демек, біз – өнегелі баһадүр бабалардың ұрпағымыз!

Бабалар салып берген сара жолдың иесіміз. Толарсақтан саз кешіп, ат ауыздықпен су ішкен заманда, қолына найза алып, ерттеулі атқа қонған батыр да қайсар қазақтың жалынды ұрпақтарымыз. Олай болса, бабалар рухына бас ие отырып, егемендікті сақтау, тәуелсіздігіміздің тұғырын тереңнен бекіту қасиетті борышымыз саналады емеспе?!



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Габжалилов Хайролла Мағауияұлы. «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде». Арғын. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2010. - 408 бет

Жұмағұл Шөженев. «Ақжолтайдың ақ жолы» – Қарағанды, 2015 ж. Болашақ-Баспа. 2017. – 514 бет.

Қашқынов Ж. Апайтөс батыр – Жалаңтөс// Азия Транзит.-Қарағанды, 2002.-N2.- 39-42 бет.

Әлбеков Т., Орынғали Қ. (жауапты шығарушы), Елесбай Н.Бабалар сөзі: Жүз томдық.—Астана: «Фолиант», 2012. Т. 83: Шежірелік аңыздар.—448 бет.

«Жалықпас шежіресі» Рымжанов Таупық, 2019 жыл


«Қанжығалы шежіресі» Еңсебаев Т.А. Павлодар: ЭКО 2004 жыл.

«Шежіре қазақтың рутайпалық құрылысы» Алматы: Рауан 1994 жыл.

О.Ошанов «Кенесары ханмен байланысты тарихи жерлер мен тың деректер».

Қ.М.Сәденов, «Құлық шежіресі», «Арқо»ЖШС, Қарағанды, 2015 жыл.

ШЕЖІРЕ ТАРАЛЫМЫ









ҮШІНШІ БӨЛІМ

БАСЫЛЫМДАР БЕТІ



*Сәденов Қуандық Мақсұтұлы, ақын, сазгер,
журналист – қаламгер. Жалаңтөс батыр
мен Таңат ұрпақтары шежіресін жазған
«Құлық шежіресі» кітабынан жазып
алынған*

ҚУАНЫШБЕК СМАҒҰЛҰЛЫ **(10.03.1929 – 24.12.1993)**

Туған жері Қоңырат ауданындағы «Ұлы Октябрь» колхозы. Әкесі Мырзамұхаметұлы Смағұл Қуанышбектің екі жасында қайтыс болып кеткен. Отбасында бес баланы асырау анасы Қадишаның иығына түседі. Барлық ауыртпалық пен бейнет жалғыз анасының иығына түскендіктен, Қуанышбек он жеті жасқа толысымен Қоңырат кенішіне келіп, бұрғылау станогына жұмысқа орналасқан.

1952 жылы Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищені (қазіргі Абай атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжі) бітіріп, жолдамамен Ақтоғай ауданына келген. Аудандық оқу бөлімі жас маманды «Таң» колхозындағы сегіз жылдық мектепке тарих пәні мұғалімі ретінде жіберіпті. Тағдырды көрмейсіз бе, 1954 жылы «Таң» колхозындағы осы мектепке сонау Мордва АССР-інен жолдамамен Александра Николаевна Драгунова келеді. Бұл қазіргі Қусак ауылдық округіне қарасты Шұбартау

ауылындағы мектеп. Ол кісі осы мектепте орыс тілі және әдебиеті пәндерінен сабақ береді. Бір-бірін жақсы көріп ұнатқан екі жас ұстазосы мектепте қызмет етіп жүргенде табысып, 1956 жылы 20 шілде күні некеге тұрып, шаңырақ көтереді. Арада бір ай өтпестен, тамыз айының 26 күні жас отбасын «Қаратал совхозындағы №3 орта мектепке ұстаздық қызметке ауыстырады. Қуанышбек география, тарих пәнінің мұғалімі және мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі қызметіне тағайындалса, Александра Николаевна (ауылдағылар бұл кісіні Шура апай деп атап кеткен) орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметіне орналастырылады. Осы мектепте екеуі 17 жыл бірге қызмет жасайды.

– Ол уақытта шағын ауыл, электр шамы деген атымен жоқ. Сабаққа қажетті ең басты көрнекілік плакаттар болатын. Мерекелерде лозунгтар жазуды тапсыратын. Оны қазіргідей бояу жоқ, әлсіз май шамның жарығын пайдаланып қарындашпен жазатынбыз. Сонымен түннің бір уағына қалай жеткенімізді білмей қалушы едік. Мен ауылға келгенде қазақша білмейтінмін. Ауыл балалары маған қазақ тілін, мен оларға орыс тілін үйреттім. Сөйтіп қазақшаны меңгеріп кеттім. Екіншіденғ енем орысша білмейдіг сондықтан қазақша үйренуге, сөйлесуге тура келді. Ол кісі қолымызда сегіз жыл бірге тұрды. Қуанышбектің анасы болғандықтан, келіні ретінде бағып күттім, – деп еске алады Шура апай.

Қуанышбек аға 1960 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, оны 1967 жылы тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Ал оның алдында, 1959 жылы осы институтқа Александра Николаевна түседі. Ол кісі аталған оқу орнының толық курсын Қуанышбек ағадан бір жылдан кейін, 1968 жылы орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тамамдап, диплом алады.

1957 жылы Қуанышбек Смағұлұлы партия қатарына өткен (партбилеттің нөмірі: №07457059) Ол уақытта жоғары білімді жастарды партия қатарында болса, жауапты басшылық қызметтерге жіберетін. Осындай қызметтен Қуанышбек аға да сырт қалған жоқ. 1973 жылы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Смағұлов Қуанышбек аға Айыртас орта мектебіне директор болып тағайындалды. 1973–74 оқу жылында мектеп кабинеттік жүйеге көшірілді. 1975–76 оқу жылында мектептен буфет ашылды. Сол жылы совхоздың өркендеп, халық санының өсуіне, бала санының көбеюіне орай мектеп алдындағы екі пәтер ұлдарға арналған интернат ретінде жабдықталды.

Александра Николаевна болса, осы мектепте ұстаздық қызметін жалғастыра берді. Сөйтіп, Айыртас мектебінде 24 жыл қызмет істеп, еліміздің өскелең ұрпақтарын өсіріп тәрбиеледі. Үкімет Александра Николаевнаның еңбегін бағалап, ол кісіге «Қазақ ССР-нің оқу ағарту ісінің үздігі» құрметті атағын берді. «Құрмет белгісі» және «Ленин» орденімен марапаттады.

Қуанышбек аға мектеп директоры қызметін атқара жүріп Айыртас мектебін білім мен тәрбие сапасы жағынан жақсы биіктерге көтерді. Педагогикалық еңбегінің арқасында үлкен аброй жинады, халыққа сыйлы азамат атанды. Мұндай жетістіктер партияның назарынан тыс қалған ба? Ағамызды Айыртас селолық кеңесінің төрағасы қызметіне көтерді. Ол бұл қызметті 1989 жылдың 11 наурызына дейін, зейнеткерлікке шыққанша атқарды.

Қукең мен Шура апайдың балаларының барлығы оқып, арнайы білім алған мамандар. Көпшілігі Қарағанды Қаласында тұрады. Еліміздің гүлденуіне олардың да қосып жатқан сүбелі үлестері бар. Баласының үлкені Гүлшара (1957 жылы туған) медицина институтын эпидемиолог мамандығы бойынша бітірген. Жолдасы Ертай Салимбеков Астрахан қаласының тумасы. Бұлардан туған немересі Ерлан жоғары білімді



маман, Қарағандыда қызмет жасайды. Екінші немересі Данада жоғары білімді, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы.

Гулшарадан кейін туған Нұрсыланбек (1959 жылы туған) жоғары білімді дәрігер педиатр. Жолдасы Бану – Нөкербеков Кәкеше ағаның қызы. Екеуінен бір ұл, бір қыз бар. Артур ақтау қаласында контракт бойынша қызметте. Гулмира КарМУ-да ағылшын тілінен сабақ береді. Нұрсыланбекпен тете өскен Ерсыланбек (1962 жылы туған) – жоғары білімді химия пәнінің мұғалімі, Қарағандыдағы екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы Республикалық әскери мектеп-интернатында оқытушы болып қызмет жасайды. Жолдасы Айсұлу КУБҰП лицейде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Ұлдары Руслан мен Рүстем жоғары білім алған мамандар. Рүстемнің қазіргі қызметі Астананың өңірлік штабында, шені – аға лейтенант. Алпамыс ұлы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің төртінші курс студенті, мамандығы материалтану және жаңа материалдар технологиясы.

Қуанышбек ағаның қызы Айман (1964 жылы туған) мен Назым (1970 жылы туған), ұлы Жеңіс (1966 жылы туған) орта арнаулы білім алған. Айман Балқаштағы Р.Кенбаев атындағы профилактирий-санаторийде әкімшілік басшысы болса, Назым Қарағанды Қаласындағы тубдиспансерде медбике болып еңбек етеді. Отбасының ең кенжесі Гаухар (1973 жылы туған) Қарағанды қаласындағы перзентханада медбике.

Қуанышбек ағамыздың балаларының барлығы қазақ мектебінде оқып, ана тілінде білім алды. Одан ешқайсысы кем болған жоқ. Отбасының ұйытқысы болып, ене күтіп, қазақ ауылының сыйлы да құрметті келіндерінің бірі бола білген Александра Николаевна 1990 жылдың басынан бері Балқаш қаласында тұрып жатыр. 17 немересінен 11 шөбере сүйіп, солардың қызық-қуанышын көруді өмірлік ізгі мұраты санайды.





Р.Кенбаевтің
«Мыс алыбының адамдары».

Баспа «Қазақстан»,
Алма – Ата – 1977 жыл.

69-шы бетінде әкем жайлы жазған.

Балқаш қаласындағы Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Ленин орденді кен-металлургия комбинатының тарихы туралы жазған Р.Кенбаевтің «Мыс алыбының адамдары». Баспа «Қазақстан», Алма – Ата – 1977 жылы шыққан кітаптің 69-шы бетінде әкем жайлы жазған. Жасын ұлғайтып, еңбекке ерте араласқан кезі.

...Өз қамқорлығындағы көптеген адамдардың өмірге жолдама алғаны, алтын қолының тамаша шебері, үлкен әрі жарқын жан иесі Аңқабай Мәмбетов – жастардың талантты тәрбиешісі. Оның жоғары өнеріндегі ең бастысы – адамдарда білімге деген құштарлықты ояту, шығармашылық ізденіс пен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

Міне, Аңқабай Мәметовтің педагогикалық тәжірибесінен бірнеше мысал. Өмір мен еңбек туралы алғашқы түсініктерді осыдан көп жыл бұрын Қоңырат кенішіне жұмыскер болып келген Қуанышбек Смағұлов алған. Бұрғылаушы болып жұмыс істей жүріп, педагогикалық институтты сырттай бітірді және қазір Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы Айыртас совхозында орта мектептің директоры қызметін атқарады...

(қазақша аудармасы)

НҮРДОС КӘРІМ, БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ. 05.03.2021 жыл



ҚАЗАҚ КЕЛІНІ

Жүзін көрмей, сөзін естісеңіз, қазақ келініне күмәніңіз болмайтын Балқаш қаласында орыс ұлтының өкілі Александра Драгунова есімді көпбалалы ана тұрады. Қазақ тілінде бар ойын еркін жеткізіп қана қоймай, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын да бір кісідей меңгеріп алған кейуана осындай қасиеттерінің арқасында бір шаңырақтың берекесін келтіріп, отбасының алтын қазығына айналып отыр.



Бүгінде 86 жастың төріне шыққан Александра әжейдің айтуынша, 1954 жылы Ресейден мұғалімдік жолдамамен Ақтоғай ауданының Шұбартау кеңшарына келеді. Шұбартаудың «Таң» мектебіне орыс тілі пәнінің ұстазы болып жұмысқа орналасады. Негізі туып өскен жері бір кездегі Мордовия Республикасының Ичалковск ауданындағы Ташкино елді мекені екен. Өзінен кейін Нина, Валя деген сіңілілері болған

көрінеді. 8 жасынан еңбекке араласқан тыл еңбеккері ерте есейіп, бауырларына қамқор болыпты.

– Мен Шұбартау ауылына мұғалім болып келгенденебары 19 жаста едім. Әрине, басында қиын болды. Себебі, басқа қалаға емес, басқа мемлекетке көшіп келдім ғой. Бірақ та, уақыт өте келе елге де, адамдарға да үйреніп, өмір сүріп кеттік. Расы керек, танымайтын жерге қазақша бір ауыз сөз білмей келдім. Бір қызығы, шәкірттеріме орысша үйретем, олар маған қазақша үйретіп осылайша тіл табысып кеттім. 1956 жылдың жаз айында асыл жарым Қуанышбек Смағұлов екеуіміз шаңырақ көтердік. Марқұм жолдасым ол уақытта Қаратал мектебінде тарих пәнінен сабақ берді. Аталмыш мектепте мен де 17 жыл орыс тілі пәнінен ұстаздық еттім. Кейіннен Айыртас совхозының мектебіне жолдасым Қуанышбек мектеп директоры қызметіне тағайындалып, ұстаздығымды сол ауылда жалғастырдым. Ол уақытта бала күтімімен отыруға уақыт жоқ. Босанғаннан кейін жұмысқа шығып кететін едік. Сонда марқұм жолдасымының анасы Қадиша шешеміз балаларды қарап, бағатын. Жеті баланың анасы атандым. Қазақ топырағына табаным тиіп, қазақ жігітіне тұрмысқа шығып, қазақ отбасына келін болуды жазған тағдырыма ризамын, – дейді Александра Драгунова әжей.

Ұзақ жылғы ұстаздық қызметі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен «Ленин» орденімен марапатталған. Ақтоғай өңірінде мұғалімдік жолы қалыптасып, ауыл балаларының білім алуына өзіндік үлес қосқан еңбегі бағаланып, бірнеше мәрте марапатқа иелік еткен. Одан бөлек, тылдағы еңбегі үшін түрлі мерекелік медальдармен марапатталған. Білікті ұстаздың алдын көрген шәкірттері бүгінде мықты мамандарға айналған.

Қарт ұстаз Александра Драгунова 7 баладан немере – шөбере – жиеншары сүйіп отырған ардақты жан. Күміс алқа иегері



әлдеқашан ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Анасының жолын қуған балалары да бар екен.

– Менің қазақ ұлтымен жаным бір. Қазақтың дархандығына, кеңдігіне, бауырмалдығына жер бетінде ешбір ел жетпейді. Ешқашан жатсынбастан өз отбасына құшақ жая қарсы алған ата – енеме, жалпы, қазақ халқының кең пейіліне, көңіліне алғысым шексіз. Осынау 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен барша қыз–келіншектерді шын жүректен құттықтаймын. Бір–бірімізге деген ықылас–ниетіміз ортаймасын, – деп әңгімесін аяқтады Александра әжей. Ананың шаңырағында болған сәтінде байқағанымыз өнегелі отбасынан тәрбие алған балалары шеттерінен өте ақылды да инабатты болып ер жетіпті. Бір–біріне деген бауырмалдығы да басым. Ендеше, берекесі мен бірлігі жарасқан отбасының шаңырағынан шаттық кетпесін деп тілейміз!



АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА ЖАЗЫЛҒАН



*«Ұлы Отан соғысы жылдарындағы
Балқаш» Қарағанды облысының мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасы.*

*Балқаш қаласының мемлекеттік
мұрағаты. ГАРБ.Ф.225.Оп.2.Д.*

1.Л.7.Түпнұсқа.

Балқаш қаласы, желтоқсан 2014ж

А.Н. ДРАГУНОВАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ЕСКЕ АЛУ

(Қазақ тіліне аударылған)

Мен, Драгунова Александра Николаевна 1935 жылы 1–ші қаңтарда Мордва АССР Ичалковск ауданы Ташкино ауылында дүниеге келдім.

Соғыс кезінде теледидар болмады, соғыстың басталуы туралы радиодан білдік. Соғыс үні біздің ауылға да жетті. Автозауыт орналасқан Горький қаласын бомбалаған кезде, қорқынышты болды, біз өмірімізге қауіп төнді деп ойладық. Содан кейін біздің ауылда немістер басып алған қалалардан босқындар пайда болды. 1943 жылы мен



сегіз жасқа толдым және бірінші сыныпқа оқуға бардым. Біз анаммен бірге тұрдық, өйткені әкем майданға кетіп, науқас болып, қайтып оралды, 37 жасында қайтыс болды, мен ол кезде 5–сыныпта оқыдым. Анам үш қызын тәрбиелеп өсірді, бауырым алты жасында қызылшамен ауырып, қайтыс болды, оны емдеуге ештеңе болмады. Анам фермада жұмыс істеді, қоғамдық малдарға қамқорлық жасады. Анам жемді өзі дайындады, шөпті қолмен орды, ал біз шабылған шөпті күзеттік. Қыста мен малды қолмен суардым, мұзды киіммен жүрдім.

Біз, балалар, ауылшаруашылық жұмыстарына қатыстық. Сабактан кейін бидайдың масақтарын алқаптарда тердік, картоп жинауға көмектестік, шабындықта шөп шабуға қатыстық: үлкендер шабылған шөпті жинап, арбаларға салды. Содан кейін біз шөпті мал қораға апарып, аулаға шаштық. Тоғыз жасымда мен шұлық, қой жүнінен жасалған қолғапты қалай тоқуды білдім, әжем маған үйретті. Тоқылған заттар майданға жіберілді.

Соғыс уақытында біз алабота шөбінен жасалған жасыл нан жегеніміз есімде. Далада жүріп, алаботаны жинап оны кептіретінбіз, содан кейін тас диірменде үгіп, ұн жасадық. Оны илеуішпен илеп, нан пісірдік. Өз картобымыздың болғаны жақсы болды, әйтпесе аштан өлер едік. Анамыз фермадағы сиырды сауды, бірнеше қойы болды. Анамыз бізді өлтірмеуге тырысты, ескі киімнен киім тікті. Қыздары, біздер анамызға бас иеміз, себебі біздерді еңбекке баулыды, адам қатарына қосты.

Балалық шақтың ең жарқын естелігі – ол мектептегі оқу, біздерге кітаптар жетіспеді, күйеден жасалған бояуға, байланған қауырсындары бар таяқшаны малып, әдеби кітаптарға жазылған сөздер арасындағы бос жолдарға сөйлемдерді жаздық.



Адамдардың мейірімділігі барлық қиындықтар мен қиыншылықтарға төтеп беруге көмектесті. Жеңіс күнін біз бүкіл отбасымызбен, үлкен қуанышпен қарсы алдық.

Мектепті бітіргеннен кейін мен педучилищені бітіріп, 1954 жылы жолдама бойынша Қазақстанға жұмыс істеуге келдім. Содан кейін Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, 45 жыл ауылдық жерлерде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істедім.

Менің педагогикалық еңбегім «Ленин» және «Құрмет белгісі» ордені, «Қазақ ҚСР Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісі, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1980 жылғы 15 тамыздағы Жарлығымен маған «Қазақ ҚСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» атағы берілді, Республикалық маңызы бар зейнеткер куәлігім бар. Жеті баланы тәрбиелегенім үшін «Алтын алқа» алқасымен марапатталдым.

ОРДЕН ТАҚҚАН ОЗАТТАР

1938–2014 жылдары аралығында ордендермен
марапатталған Ақтоғайлықтар.

«Ленин» орденінің иегерлері

Байсейітова Күләш – СССР халық артисі
 Нұржанов Қазбек – Ұлы Отан соғысының батыры
 Әбдіров Нүркен – Ұлы Отан соғысының батыры
 Күзенбаев Түсіп – шахтер, Социалистік Еңбек Ері
 Нұрмағанбетов Бәшір – шахтер, Социалистік Еңбек Ері
 Ибраев Сәтибек – шопан, Социалистік Еңбек Ері
 Мұқанов Маубас – шопан, Социалистік Еңбек Ері
 Ысқақов Мақай – мұғалім
 Смағұлов Әбдірахман – мұғалім
 Кеңесбаев Жабас – мұғалім
 Керімбаев Әсет – мұғалім
 Жұбанышбаев Шаймағанбет – шопан
 Сәрсенбаев Жұмабек – сиыршы
 Аманқұлов Ерменбет – малшы
 Жалтыров Нәдірбек – малшы
 Оразалин Мұқади – малшы
 Байғазин Ақбұзау – малшы
 Асылбеков Айтбек – шопан
 Есенқұлов Жағыпберлі – шопан
 Қалиев Мұздыбай – шопан
 Бабашев Мақсұтбек – шопан
 Имұхамбетов Сәмет – жылқышы
 Кәдірбеков Тұрған – шопан
 Исин Мұрат – шопан
 Солтаев Көшербай – сиыршы
 Көпбаев Зікірия – шопан
 Драгунова Александра Николаевна – мұғалім
 Райымбеков Орынбай – шопан



«Құрмет Белгісі» орденінің иегерлері

Алғамжанов Совет

Аманбаев Жақсылық

Адамқұлов Амантай

Әлібайұлы Райхан

Әмірқұлов Амантай

Әрінбаев Аманбек

Бирюкова Жанна Михайловна

Дүйсебеков Сағадат

Ержанов Манарбек

Есжанов Ертай

Жаркенов Иісбек

Жүнісов Рымбек

Жұмағұлова Дәркен

Керейбаев Әлімжан

Қалиев Мұздыбек

Қашағанов Сыздық

Қабылов М

Қалабаев Әбдуақас

Мусин Әлихан

Мәметқұлов Білэл

Манақова Гүлшат

Мұқанов Тұңғышбай

Ордабеков Ғазиз

Садықов Нарманбет

Садуақасов Дәртай

Смайылов Нәби

Драгунова Александра Николаевна 27.06.1978 ж

Төлегенова Сейітгүл

Тәжікеев Несіпбай





Награжден орденом № ордена
Ленина 460752

Указом Президиума Верховного Совета СССР
 № 5492-21
 от 20 августа 1976 г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.

Иванов И.И.
 2 октября 1976

Драгунова
 (1928)
Александра
 (1941)
Николавна
 (1942)

Награжден орденом № ордена
 «Знак Почета» 1268175

Указом Президиума Верховного Совета СССР
 от 27 июля 1978 г.
 № 7710-3
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.
 от " " " 19 " г.

И.И. № 048778

Иванов И.И.
 27 июля 1978

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ
 КУӘЛІК № 35348
Смагулов
Кудамбаев жандығы
 Қазақ ССР Оқу-ағарту және ғылым министрлігінің Қазақ ССР
 азаматтық заңнамасына сәйкес қызыл дипломның иесі.
 Қазақ ССР
 Оқу министрлігі
 11. сентябрь 1980

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ КазССР
 УДОСТОВЕРЕНИЕ № 35348
 Выдано *Смагулову*
Кудамбаеву
 в том, что образцов Министрства просвещения КазССР действ. обладателем является гражданин Казахской ССР
 Министр просвещения КазССР
 11. сентябрь 1980

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СӨЕТІ ПРЕЗИДИУМЫ



Александр Николаевна Драгунова жандығы
 Қазақ ССР Жоғарғы Советі
 Президиумының 1980 жылғы 15 маусымдағы
 Указы бойынша Қазақ ССР-нің
 «Еңбек сіңірген азаматы» құрметті атағы берілді.
 С.Иванов
 Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
 Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі Президиумының
 Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советі Президиумының

ПРЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

 Товарищу *Драгуновой*
Александр Николаевне
 Указом Президиума Верховного Совета
 Казахской ССР от 15 августа 1980
 присвоено почетное звание
 «Заслуженный работник»
 Казахской ССР.
 Председатель Президиума
 Верховного Совета Казахской ССР
 С.Иванов
 15 августа 1980



2. Односторонне со значком награждающему выдается удостоверение за право ношения значка.
3. Нагрудный значок „Отличник народного просвещения“ носится на правой стороне груди.
4. Лишение значка „Отличник народного просвещения“ производится приказом Министра просвещения КазССР.



*М.Әлімжанов штаттан тыс тілшіміз.
Приозерный ауданы.*

ТАЛАНТ ПЕН ТӘЖІРИБЕСІ ҰШТАСҚАН

Мұғалім – әрбір сауатты адамның санасында мәңгілік сақталатын ең қадірлі, ең асыл сөз. Мұғалім – әрбір жас өспірімді білім бұлағымен сусындататын, оның өмірге көзқарасын қалыптастыратын, оның бойына адамгершілік қасиеттерін дарытатын рухани ұстаз. Өмірде, қоғамның дамуында мұғалімнің алатын орны, атқаратын рөлі үлкен. Жастарға ақыл – ой білім беретін, оқушылардың санасына адамгершіліктің асыл қасиеттерін дарытатын да мұғалім.

Соңғы жылдары оқушыларды еңбекке баулудың және кәсіптік бағдар берудің жайы жақсара түсіп, еңбекке үйретудің игі үлгілері өмірге келді. Осындай игілікті істердің қай – қайсысында болмасын мұғалімнің үлесі бар.

Біз мұғалім жайында өзіміздің ыстық ықыласымызды, сүйіспеншілік сезімімізді білдіргіміз келсе, ең алдымен қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген тамаша сөзі ойымызға оралады.

Міне, сондықтанда мұғалімдер – шын мәнісінде құдыретті де мәртебелі, асыл қасиетті, абзал адамдар. Мұғалім, ұстаз деген сөз әрбір адамның көңіл күйінде, жүрегінде ұзақ сақталады.

Осындай ұстаз – деген құрметті атаққа кір шалдырмай, ұзақ жылдар бойы бойындағы бар талант, тәжірибесін жас ұрпақтың саналы азамат болып өсуіне сарп етіп келе жатқан, мұғалімнің бірі ретінде «Айыртас» мектебінде ұстаздық етіп жүрген Драгунова Александра Николаевна апайды айтар едік. Жүрек жалынын шәкірттеріне арнаған Александра Николаевна өзінің ұстаздық жолын 1954 жылы бастаған болатын.

Мордва АССР – інің Ичалковск ауданына қарасты Ташкино деревнясында дүниеге келген Александра ұстаз болуды жас кезінен арман тұтқан еді. Алға қойған мақсатына талпынған зерек қыз жетінші класты бітірісімен қалалық педагогикалық училищеге келіп түсті. Училищені үздік бітірген жас мамандық иесі Александра Қазақстанның тың жерін игеруге жіберілген туысқан халықтар өкілдерінің қатарында СССР оқу Министрлігінің жолдамасымен осы жаққа жіберілді. Алғашқы ұстаздық жолын бұрынғы Қоңырат ауданының «Таң» мектебінде бастаған Александра өзінің кішіпейілділік мінезімен бірден – ақ коллектив арасында құрметке ие бола бастады. Бәрі де шетінен бауырмал, қол ұшын беріп, көмек көрсетуге дайын тұратын коллектив мүшелерінің ізгілік қасиеттері Александраны бірден баурап алған еді. Тәжірибе жоқ қиын кезде қол ұшын беріп, әрдайым қамқоршы бола білген әдебиет пәнінің мұғалімі Әлімханова Рухия апайын бұл қалай ұмыта алсын?!

Осылай қиындығы мен қызығы қатар жүретін ұстаздық өмірдің алғашқы жылдарын өткере жүріп, Александра мектептің қоғамдық өмірімен біте қайнасып кетті. Бірте – бірте ұстаздық тәжірибе жинақтай жүріп педагогтық мамандықтың қыры мен сырын жете зерттеген Александра Николаевна өзінің білімін толықтыруды да ұмытқан жоқ.



«Талаптыға нұр жауар» дегендей ақыры Қарағанды педагогикалық институтқа сырттай түсіп, оны үздік бітіріп шықты. Білімін толықтырумен қатар ұстаздық тәжірибесін де молынан жинақтаған ұстаз, өз пәні орыс тілі мен әдебиет сабағын шәкірттер зердесіне кеңінен жеткізуде озық методикалық әдістерді қолдана отырып, соны ізденістер жолын қарастырды.

Осындай талмай ізденген еңбек өз жемісін берді. Өзі сабақ беретін пәннен класс оқушылары толық үлгерімге жететін болып, ұстаздық мерейі жылдан – жылға арта түсті.

Оқу – тәрбие процесін жетілдіру мұғалімнен жұмыс әдістері мен тәсілдерінің тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқу элементтерін дұрыс пайдаланып, кластарда практикалық, сабақтар жүргізу кезінде

А.Н. Драгунова әрбір оқушының толық үлгерімге жетуіне ықпал жасай білді. Педагогикалық еңбектің қарқынды да тиімді атқарылуына кабинеттік оқу жүйесінің маңызын терең түсіне білген ұстаз, кәзіргі уақытта бұл салада айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр.

Жастарға білім беруде алдыңғы саптан көріне білген Александра апайдың семьясын ұстаздар семьясы деп те атаймыз. Өмірлік жолдасы Қуанышбек Смағұлов осы мектептің директоры.

Қос ұстаз жеті бала тәрбиелеп, өсіріп отыр. Үлкендері – Гүлшара Қарағанды медицина институтының төртінші курс студенті.

Ұлы Нұрсылан мектепте аға пионер вожатый. Биылғы жылы университетке түсіп, ата-ана жолын қумақшы. Қалғандары мектепте. Бәрі де оқу озаттары.

Жас жеткіншектерді коммунизмнің болашақ құрылысшылары етіп дайындауда ұстаздық ұзақ жолын өтіп келе жатқан ұстаздар семьясына зор денсаулық тілеп, биік белестерге өрлей берулеріне тілек білдіреміз.



*«Балқаш өңірі» 3 қазан 1998 жыл.
Мұғалімдер күніне арналған материалдарды
дайындаған А.Төкейбекова*

ЕР ЖІГІТКЕ ЖЕТПІС ӨНЕРДЕ АЗ...

Қазақстанға тың игерушілер легімен жеткен мордва қызы Драгунова Александра мен қазақ жігіті Смағұлов Қуанышбек Шұбартаудағы «Таң» мектебінде еңбек етіп жүріп табысқан екен. Ұлты басқа болса да, келін боп түскен жеріне сұдай сіңіп, тастай батқан Александра Николаевна алтындай жеті бала тәрбиелеп өсіріпті. Біз әңгіме еткелі отырған азамат сол жеті ағайындының бірі.

Александра Николаевна мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріпті. Өзінің аз-мұз сурет салатын өнері болғандықтан көрнекі құралдарын қолдан жасап, дайындап алатын көрінеді. Әлденеге шұқшиып, сурет салып немесе жазу жазып отырғанында кішкене Ерсыланбек жанынан шықпай, айналсоқтай береді екен. Кейіннен өзі де қолына түскен қағазға шимай – шатпақтарын түсіре бастапты. Сөйтіп Ерсыланбектің қылқаламынан көз тартар әдемі суреттер де шығатын болыпты.

Бірақ, Ерсыланбек мектеп бітірген соң суретшілікті таңдамады. Оны химия ғылымы суретшіліктен де қатты қызықтыратын. Сөйтіп, ол Қарағанды университетін 1984 жылы бітіріп, өзі оқып бітірген Айыртас мектебіне химия және еңбек пәндері мұғалімі болып жұмысқа тұрды.



Үш жылдан соң сол мектептің директорлығына сайланды. Одан кейінгі еңбек жолы қалай жалғасатынын кім біледі, егер тағдырдың жазуымен денсаулығына ақау түспегенде... Сөйтіп, Ерсыланбек денсаулығына байланысты сол мектептегі басқа жұмысқа ауысуға, ал кейін мүлдем қалаға көшуге мәжбүр болады.

Бүгінде Смағұлов Ерсыланбек Қуанышбекұлы №7 мектепте химия пәнінен сабақ береді. Былтыр осы пән бойынша қалалық семинар өткізіп, ашық сабақ берді. Биыл «Жыл мұғалімі–98» конкурсына қатысты. Сынып жетекшілігі тағы бар.

– Ауыл балалары мен қала балалары арасында аз да болса айырмашылық бар ғой. Осы жағынан қиыншылық көріп жүрген жоқсыз ба? – деп сұрадым мен одан.

– Оның рас. Ауыл балалары нағыз қазақи тәрбие көреді де, үлкендер сөзіне құлақ аса біледі ғой. Ал қала балаларында «өзім білем» деген көкірек бар. Сондықтан олармен тіл табысып жұмыс істеу оңай емес. Бірде мынадай жағдай болды. Менің сыныбымнан алты қыз сабаққа келмей қалды. Сөйтсем, бәрі бір пәтерге жиналып, видеомагнитофоннан үнді фильмін көріп отыр. «Баламысың...» деген осы ғой. №7 мектептің бастауыш сыныптары орналасқан бөлігі «Ертегілер залы» деп аталады. Дәліздің ұзына бойына салынған суреттерге қарап тұрсаң, құлағыңа аққудың сыңсығаны, самұрық құстың қанатының суылы, жалмауыз кемпірдің қорқынышты дауысы келгендей болады. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері бейнеленген бұл суреттер жиынтығы Ерсыланбектің қыл қаламынан шыққан. Кіре берістегі айшықты оюларда Ерсыланбектің өнерін танытып, «мен мұңдалап - ақ» тұр. Бірімен бірі астасып жатқан қазақы оюдан халық сырын табуға ынтығып көз алмай қарай бергің келеді. Ерсыланбек Смағұловтың №7 мектепте еңбек еткеніне биыл төртінші жыл екен. Сондықтан қалада оны әлі ешкім біле бермейді. Бірақ осы бір орта бойлы жігіттің бойындағы таудай талап әлі өзін таныттары анық.



Смағұлов Ерсыланбек Қуанышбекұлы
2024 жыл. 16 тамыз айы

FACEBOOK ПАРАҚШАСЫНА ЖАЗЫЛҒАН

Бүгін 15–ші тамыз күні Астана қаласында Қазақстан республикасының Президент орталығында «DIGITAL KAZAKHSTAN: Жаңа замандағы білім беру» тақырыбында педагогтардың тамыз форумы лайықты аталып өтті. Салтанатты шараға келген құрметті қонақтар мұғалімдерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі. Бұдан кейін форумда марапаттар табысталды.

Бұл республикалық тамыз форумына Астана қаласы бойынша шебер – педагогтар қатысты. Мен алғаш рет Астанада республикалық тамыз форумында болдым. Бұл күн мен үшін, өмірімде ұмытылмайтын өте қуанышты күн болды, себебі Астана қаласының білім басқармасы мені «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісіне лайық деп ұсынған еді. Оқу – ағарту министрі Ғайни



Бейсембаевтың өз қолымен жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстарым үшін «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісін кең сарайдың төрінде, санаулы әріптестеріммен бірге кеудеме тақты.



Қуанышымда шек жоқ. Зейнеткер жасына жақындағанда 40 жылғы ұстаздық еңбегім еленіп, бағаланғанына қуандым. Осыдан алты жыл бұрын Қарағанды қаласында Кеңес маған жетпеді. Қазақта: «Асықпа, уайымдама. Ол саған бұйырған болса, ол ешқайда кетпейді» деп айтушы еді. Иә, бұйырғаны болды. Қарағанды қаласындағы әр мектепте бірге істеген әріптестерім де шын жүректен мені құттықтап жатты.

Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп ұжымы менімен бірге қатты қуанып: «Құтты болсын Ағай, бізге жұғысты болсын. Артыңыздан ерген жас ұстаздарға үлгі болар, өте қарапайым жансыз. Лайықтысыз, қуаныштымыз...» деп жатыр. Бәріңізге рахмет! Әріптестеріме де осындай қуанышты сезім тілеймін. Мектеп ұжымы ұсынған марапатты, Астана қаласы білім басқармасы қолдағаны үшін алғысымды білдіремін.





№98
4-қабат
Сәуле
17-қыркүйек
2024 жыл



ASTANA

ELDRGA
AQPAP

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕРВИС АГЕНТТІГІ АҚШАМУ 1990 ЖЫЛҒЫ 11 ҚАЗАҚСТАН АСТАНЫ ҚИТАЙ



Елордада білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз форумында Астаналық ұстаздар Оқу – ағарту министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төс белгісімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
----------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

«ЕСТЕЛІКТЕР»

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АҒАМ	10
АҒАМА ДЕГЕН САҒЫНЫШ	21
ҚАМҚОР БОЛҒАН НАҒАШЫМ	29
БАЛАЛАРЫНА АСҚАР ТАУ БОЛҒАН АСЫЛ ЖАРЫМ	32
ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ЕМЕН ҰЗАҚ ЖАСАЙДЫ	41
ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ЕКІНШІ ОТАНЫМ	46
ЖҰЛДЫЗЫ БИІК АСҚАР ТАУЫМ	55
БАУЫР ЕТІ БАЛАСЫНА ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫНЫҢ – ЖАНҒАНЫ	63
БІР ШЫНАР, БІР БӘЙТЕРЕК	74
АЛҒАШҚЫ ТАНЫСУЫМ	77
НАҒАШЫ	81
ҚАЙЫНАҒА БАТАСЫ	85
БАЛАДАЙ АДАЛ, ДАЛАДАЙ ДАРХАН, АЙНЫМАС АДАЛ ДОС ЕДІК	89
БІЛКІТІ БАСШЫ – МЕКТЕП МЕРЕЙІ	93
АҒАТАЙЫМ ЖАДЫМДАСЫҢ	96
ӨМІРІ ІЗГІЛККЕ, ЖАҚСЫЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖАН	102
ҚАЙЫН АТАМ ЖАЙЛЫ	104
МЕЙІРІМДІ ПАРАСАТТЫ ЖАН	107
БІЛІМ НӘРІН СЫЙЛАҒАН	110

ЕКІНШІ БӨЛІМ

«ӨНЕГЕЛІ БАҺАДҮР БАБАЛАР ҰРПАҒЫ»

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ЕР – ЖЕТІ РУЛЫ ЕЛДІҢ ҚАМЫН ЖЕР	116
ШЕЖІРЕ ТАРАЛЫМЫ	131

ҮШІНШІ БӨЛІМ

«БАСЫЛЫМДАР БЕТІ»

ҚУАНЫШБЕК СМАҒҰЛҰЛЫ (10.03.1929 – 24.12.1993)	
МЫС АЛЫБЫНЫҢ АДАМДАРЫ	136
ҚАЗАҚ КЕЛІНІ	141
А. Н. ДРАГУНОВАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ЕСКЕ АЛУ	144
ОРДЕН ТАҚҚАН ОЗАТТАР	147
ТАЛАНТ ПЕН ТӘЖІРИБЕСІ ҰШТАСҚАН	151
ЕР ЖІГІТКЕ ЖЕТПІС ӨНЕРДЕ АЗ	154
FACEBOOK ПАРАҚШАСЫНА ЖАЗЫЛҒАН	156
«АСТАНА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ГАЗЕТ	158

СМАҒҰЛОВ
Ерсыланбек Қуанышбекұлы

ҚОС ШЫНАР

әңгімелер мен эсселер

Редакторы: *Ерсыланбек ҚУАНЫШБЕКҰЛЫ*
Көркемдеуші редакторы: *Нургелді СЕРҒОЖАҰЛЫ*

Басуға 13.03.2025 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 ¹/₁₆.
Борлы қағаз. Шартты баспа табағы 10
Таралымы 300 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан
«Қазына» баспаханасында басылды.
050002, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4а үй.

Т.157 бет: Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т.Бегельдинов атындағы ҚР «Жас ұлан» мектебі осы медальға да ұсынған болатын, бірақ медаль маған жетпеді.

Ерсыланбек
СМАҒҰЛОВ
ҚОС
ШЫНАР

